ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Егемен Қазақстан

1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады

www.egemen.kz | E-mail: info@egemen.kz | №51 (29282) 15 НАУРЫЗ, БЕЙСЕНБІ 2018 ЖЫЛ | FACEBOOK.COM/EGEMENKZ | TWITTER.COM/EGEMENKZ

Қазақстан-Тәжікстан:

Сенімге негізделген серіктестік

Кеше Ақордада Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев елімізге ресми сапармен келген Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмонмен кездесті. Екіжақты келіссөздер барысында қос мемлекет арасындағы жан-жақты байланыстардың даму ахуалы, өзара ынтымақтастықты одан әрі нығайтудың перспективалары мен халықаралық және өңірлік мәселелер талқыланды.

Қымбат ТОҚТАМҰРАТ,
«Егемен Қазақстан»

Алдымен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмонмен шағын құрамда кездесіп, одан кейін кеңейтілген құрамда келіссөздер жүргізді.

Бұл сапардың Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы дипломатиялық қатынастардың 25 жылдығына тұспа-тұс келуінің символдық мәні бар екенін атап өткен Қазақстан Президенті осы жылдар ішінде бұрыннан бауырлас елдердің арасында сенімді серіктестік, тату көршілік байланыстың орныққанын, ширек ғасыр ішіндегі қарым-қатынастың биік деңгейге көтеріліп, Қазақстан мен Тәжікстан халықтарының достығын нығайту жолында Эмомали Рахмонның айрықша рөл атқарғанын атап өтті.

– Сіз басшылық еткен жылдар ішінде біз зор сенімге, ынтымақтастыққа және достыққа негізделген қарым-қатынас орнаттық. Ешқашан арамызда шешімін таппаған мәселе болған емес. Біз әрдайым, әсіресе халықаралық деңгейде бір-бірімізді қолдап келеміз, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев бүгінде екі ел арасындағы ынтымақтастық жаңа кезеңге аяқ басқанын айтып, мемлекетаралық қарым-қатынастың өзекті мәселелерін талқылауға ықыласты екенімізді жеткізді.

– Екі ел арасында ежелден қалыптасқан жарасымды байланыс бар. Түсінігі мен ұстанымы ұқсас мемлекеттердің өзара ынтымақтастығы жылдар жылжыған сайын артпаса, кеміген жоқ. Қазіргі таңда Тәжікстан – Қазақстанның маңызды одақтасы әрі серіктесі. Мұндай сенім мен достыққа негізделген қарым-қатынас елдерімізді жақындастыра түседі, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті екі ел арасындағы байланыстар дамудың жаңа кезеңіне қадам басқанына тоқталып, бүгінде екі елдің арасында 80 шарт пен келісімнің барын атап өтті. Ал осы жолғы кездесу барысында жасалған келіссөздер мен бірлескен мәлімдеме екіжақты қарым-қатынасты тереңдетуге бағыталып, келешектегі басымдықтарды айқындады.

– Біз сіздермен кез келген мәселені бірлесе талқылауға дайынбыз. Биыл сіздерде су ресурстарын басқару жөніндегі конференция өтетінінен хабардармыз. Қазақстан бұл бастаманы да қолдайды, – деді Мемлекет басшысы.

(Соңы 2-бетте)

Құттықтау жеделхатын жолдады

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев XII қысқы Паралимпиада ойындарында жеңіске жеткен Александр Колядинге құттықтау жеделхатын жолдады, деп хабарлады Қазақстан Республикасы Президентінің баспасөз қызметі.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев XII қысқы Паралимпиада ойындарында алтын медаль иеленген шаңғышы Александр Колядинді құттықтады.

«Бұл жарқын жеңіс Қазақстанның миллиондаған жанкүйеріне қуаныш сыйлап, еліміз үшін мақтаныш сезімін ұялатады. Сенің жетістігің Қазақстан спортының тарихына еніп, өскелең ұрпаққа лайықты үлгі болары сөзсіз», – делінген жеделхатта.

Қазақстан Президенті спортшыға зор денсаулық пен амандық тілеп, спортта жаңа жетістіктерге жетуіне тілектестік білдірді.

Назерке ЖҰМАБАЙ

ТЕАТР ТЕКТІЛІКТІ СҮЙЕДІ

9-бет

Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ

САБЫРЛЫ ЖЕТЕР МҰРАТҚА...

10-бет

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МҮДДЕСІ БІР АРНАДА ТОҒЫСТЫ

6-бет

ДИДАР

АНА ЖҮРЕГІНІҢ ҚУАТЫ

12-бет

ISSN 1999-9720
9 771999 972005

Паралимпиада алтыны

Александр Колядин ел мерейін асырды

Кеше Оңтүстік Кореяның Пхенчхан қаласында өтіп жатқан XII қысқы Паралимпиада ойындарында қазақстандық спортшы Александр Колядин құрама қоржынына алтын медаль салды. Бұл Қазақстан паралимпияшыларының екінші жүлдесі. Бұған дейін 1994 жылы Лиллехаммерде өткен төрт жылдықтың басты додасында Любовь Воробьева шаңғы спортынан күміс медаль алған болатын.

Әли БИТӨРЕ,
«Егемен Қазақстан»

Sputniknews.kz

Пхенчхандағы Паралимпиада ойындарында Александр Колядин шаңғы спортынан 1,5 километрлік спринтте аталған қашықтықты 4:19.7 минутта бағындырып, мәреге бірінші жетті. Екінші орын жапониялық Йоширо Ниттаға бұйырса, қола жүлдені Марк Арендц місе тұтты.

Сөйтіп Александр Колядин Қазақстанның қысқы Паралимпиада тарихындағы тұңғыш алтын жүлде иеленген спортшы атанды. Бұл Колядиннің екінші паралимпиадасы. Ол төрт жыл бұрын Сочиде өткен ойындарға қатысып, 13-орын иеленген болатын. Қазақстан құрамасының спортшылары паралимпиялық ойындарға 1994 жылдан бері тұрақты түрде қатысып келеді.

Александр Колядиннің алтын медалі ел құрамасының жалпыкомандалық есепте 15-орынға көтерілуін қамтамасыз етті. Биылғы паралимпиялық ойындарға Қазақстан құрамасынан спорттың екі түрінен алты спортшы қатысып жатыр. Бұл да – біз үшін рекордтық көрсеткіш!

Колядин тарихи жеңісінен кейін отандық БАҚ өкілдеріне сұхбат беріп, жеңісіне қуанышты екенін білдірді. «Бұл жетістікке жету үшін өткен паралимпиададан бері ұзақ уақыт дайындалдым. Өте қиын жаттығулардың арқасында осы нәтижеге жеттім деп ойлаймын. Паралимпиададан кейін де халықаралық додаларда ел намысын қорғаймын деген үмітім бар. Қолдау білдіріп, үміт артқан барлық қазақстандықтарға өз алғысымды білдіремін. Дәл қазір ерекше сезімде тұрмын. Мені шаңғы спортына баулыған Николай Чеботькоға да ерекше алғыс айтамын», деп ағынан жарылды Паралимпия ойындарының чемпионы.

Александр Колядин 1973 жылы Қостанай қаласында туған. 1997 жылы жол апатына ұшырап, бір аяғынан айырылған. Бұл жағдайдан кейін Колядин ұзақ уақыт өз-өзіне келе алмай жүрген. Дегенмен, бала кезінде күреспен шұғылданып, спортқа икемі барын байқаған Сергей Ревуцкий оған шаңғы спортымен шұғылдануға көмектескен. Спортшы 2012 жылы Көкшетауда өткен Қазақстан чемпионатына қатысып, ел біріншілігінің жеңімпазы атанған. Сол уақыттан бері Александр еліміздің намысын халықаралық ареналарда абыроймен қорғап келеді.

2017 жылдың жазында Александр Германияда оқу-жаттығу жиынына қатысып, сол жақта өзіне ыңғайлы протез аяқ жасатады. Осыдан соң ол аяғын еркін қимылдатып, шаңғы спортында бірқатар жеңіске жете бастайды. Ол ұзақ уақыт Николай Степиннің қол астында жаттыққан. Қазіргі жаттықтырушысы – Василий Коломиец.

Александр Колядин бүгінде Қазақстан чемпионатының алты дүркін жеңімпазы. Сондай-ақ ол былтыр Германияда өткен әлем чемпионатында эстафеталық жарыста алтыншы орын иеленген. Бұл Колядиннің қазіргі кездегі ең үздік нәтижесі. Александр «Қиындықтардан қорқудың орнына жаңа қиындықтарды іздеймін» деген ұстанымымен өмір сүретін спортшы.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ (НАРЫҚТЫҚ) БАҒАМДАРЫ: **EUR/KZT 396.47** | **USD/KZT 321.6** | **RUB/KZT 5.65** | **CNY/KZT 50.83**

Қазақстан-Тәжікстан:
Сенімге негізделген серіктестік

(Соңы. Басы 1-бетте)

Кездесу барысында Нұрсұлтан Назарбаев Тәжікстан Республикасының Президентін «Парасат» орденімен марапаттады.

Өз кезегінде Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмон жылы шыраймен қарсы алып, қонақжайлылық танытқан қазақ халқына ризашылығын білдірді. «Қазақстан – біздің елдің сенімді серіктесі әрі негізгі одақтасы. Қандай күрделі кезеңдерде де екі елдің достастығына сызат түскен емес. Сіз барлық уақытта да бізге қолдау көрсетіп, Тәжікстанның бейбіт процесіне көмек көрсетіп, экономикалық қолдау білдіріп келесіз. Дипломатиялық байланыс орныққан 25 жылдың ішінде ынтымақтастығымыз нығая түсіп, бүгінде стратегиялық серіктес деңгейіне жеттік», деді ол. Э.Рахмон екі ел арасындағы жан-жақты байланыс қарқынды дамып келе жатқанына тоқталып, оны одан әрі ілгерілетуге ниетті екенін жеткізді. Соңында Э.Рахмон сенімді саяси платформа мен мықты құқықтық базаға негізделген екіжақты ынтымақтастықтың табысты дамып келе жатқанын атап өтті.

– Тауар айналымының көлемі жөнінен Қазақстан Тәжікстанның жетекші экономикалық әріптестері арасында екінші орынға ие. Біз елдеріміздің кешенді әрі стратегиялық қарым-қатынастарын нығайтуға ниеттіміз, – деді Тәжікстан Президенті.

Бұдан кейін Нұрсұлтан Назарбаев Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмонның елімізге жасаған ресми сапарының қорытындысы бойынша бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін брифинг өткізді. Бірлескен мәлімдеме жасау барысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев екіжақты кездесуде мемлекетаралық қарым-қатынас, сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық байланыстар, өңірлік және жаһандық күн тәртібіне қатысты мәселелер жан-жақты талқыланғанын атап өтті. Президенттің айтуынша, бүгінде Қазақстан – Тәжікстаннның негізгі сауда серіктесі. Өткен жылдың қорытындысы бойынша, өзара тауар айналымының көлемі шамамен 800 млн долларға жетіп, бір жылда 30 пайызға өскен. Әлі де екі елдің арасындағы сауда-экономикалық байланыстарды нығайтуға мүмкіндік бар. Сондықтан таяу жылдары екіжақты тауар айналымын 2 млрд долларға жеткізу көзделіп отыр.

Жалпы Қазақстан Тәжікстанға бидай, ұн, өсімдік майын және құрылыс материалдарын, мұнай өнімдерін тасымалдаса, Тәжікстаннан бізге көбіне жеміс-жидек, көкөністер әкелінеді. «Бүгінде Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Түрікменстан елдерімен жүргізілген байыпты келіссөздердің арқасында кезінде жабық болған темір жол, автокөлік жолдары ашылып, бұл сауда айналымын одан әрі үдете түсті. Қазір Тәжікстанда жаңғақ, қара өрік, анар секілді жемістер пісті. Мұндай таза экологиялық өнімдер біздің елдің сөрелерінде де молынан болса дейміз. Сондықтан келіссөздер барысында жол картасын жасауға да уағдаластық», деді Қазақстан Президенті. Сондай-ақ екі ел арасындағы көлік-логистикалық байланысқа тоқталған Елбасы алдағы уақытта Астана-Душанбе бағытында тікелей әуе рейсін ашу қарастырылып отырғанын жеткізді.

Брифингте екіжақты су-энергетика саласындағы мәселелер бойынша өткен келіссөздердің нәтижелері де баяндалды. «Біз Орталық Азиядағы трансшекаралық өзендердің су ресурстарын пайдалану жөніндегі ұстанымдарымыздың ұқсас екенін тағы да растадық. Өзара тиімді шешімдер табу қажеттігін айттық. Бұл мәселе бойынша халықаралық Аралды құтқару қорының қызметіне ерекше мән беріледі», деді Қазақстан Президенті.

Кездесу барысында халықаралық ұйымдар аясындағы, әсіресе Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне мүшелігіне байланысты өзара іс-қимыл мәселелері де талқыланып, Ауғанстандағы ахуалға қатысты өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жайына айрықша мән берілген.

Қос мемлекет арасында мәдени байланыстар да нығайып, елорда көшелерінің біріне тәжік ақыны, философ Рудакидің есімі берілетіні белгілі болды. Бұл да екі елді жақындастырып, бауырластығын арттыра түсетін басты естелік болмақ.

Мемлекет басшыларының бірлескен мәлімдемесіне қол қойылғаннан кейін Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов пен Тәжікстан Ішкі істер министрі Рамазон Рахимзода Қазақстан мен Тәжікстан Үкіметтері арасындағы реадмиссия мен оны іске асыру тәртібі, екі ел азаматтарының Қазақстан мен Тәжікстан аумақтарында болу тәртібі және көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы келісімдерді; Сыртқы істер министрлері Қайрат Әбдірахманов пен Сероджидин Аслов екі ел ведомстволары арасындағы ынтымақтастық бағдарламасын; Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Мәдина Әбілқасымова мен Тәжікстанның Денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау министрі Насим Олимзода әлеуметтік саладағы ынтымақтастық ниеті туралы меморандумды; Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Мәдина Әбілқасымова мен Тәжікстанның Еңбек, көші-қон және халықты жұмыспен қамту министрі Сумангуль Тагойзода еңбек және халықты жұмыспен қамту саласындағы ынтымақтастық ниеті туралы меморандумды рәсімдеді.

Кездесулерден кейін Нұрсұлтан Назарбаев пен Эмомали Рахмон Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасын аралады. Мемлекеттер басшыларына Қазақстан Президенті музейі мен экспозициялық-көрме орталығының экспонаттары көрсетілді.

Соңында екі ел басшылары орталықтың интерактивті білім беру технологиясының заманауи мүмкіндіктерімен танысты.

Суреттер Президенттің баспасөз қызметінен алынды

Индонезияның Вице-президентімен кездесті

Сенат Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жакартаға сапары одан әрі жалғасуда, деп хабарлады Сенаттың баспасөз қызметі.

Кеше Қазақстан Парламенті жоғарғы Палатасының Төрағасы Индонезияның Вице-президенті Юсуф Калламен кездесті. Тараптар саяси, экономикалық және гуманитарлық салалардағы екіжақты қатынастарды одан әрі дамытудың келешегін талқылады.

Сенат Төрағасы Индонезия Вице-президентінің 2017 жылғы қыркүйектегі сапарының нәтижелі болғанын және ол бастаған делегация Ислам Ынтымақтастығы Ұйымының Астанадағы ғылым және технология жөніндегі саммитінің табысты өтуіне үлес қосқанын жоғары бағалады.

Қ.Тоқаев толеранттықты, діндердің, мәдениеттер мен өркениеттердің үнқатысуын ілгерілету мәселелері бойынша біздің елдеріміз арасындағы тәжірибе алмасудың пайдалы екенін атап өтті. Осыған байланысты ол Индонезия Президенті Джоко Видодоның 2018 жылы қазанда Қазақстан астанасында болатын Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезіне қатысуына Қазақстанның ықыласты екенін айтты.

Сенат Төрағасы Мемлекет басшысының «Бес әлеуметтік бастамасы» аясында жүзеге асырылып жатқан, еліміздің азаматтарының әл-ауқатын одан әрі жақсартуға бағытталған реформалар туралы, сондай-ақ Қазақстанның саяси жүйесі мен рухани өмірін жаңғырту жайында индонезиялық тарапты хабардар етті.

Юсуф Калла өз кезегінде Индонезия тарапы Қазақстан делегациясының сапарына зор маңыз беретінін айта келіп, көлік, логистика, инвестиция, қаржы, туризм және мәдениет салаларындағы өзара іс-қимылды үдетуге назар аударып отырғанын айтты.

Парламентаралық ынтымақтастық дами түседі

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Төрағасының орынбасары Бектас Бекназаров Корея Республикасы Ұлттық Ассамблеясының төрағасы Чон Се Гюнмен кездесті, деп хабарлады Сенаттың баспасөз қызметі.

Мейманмен кездесуде Б.Бекназаров Корея Республикасы Қазақстанның Шығыс Азиядағы басты стратегиялық әріптесі екенін атап өтті. «Біз сіздердің елдеріңізбен барлық салада және барлық деңгейде үнқатысуды дамытуға мүдделіміз», деді ол.

Сенат Төрағасының орынбасары Кореяны қысқы Олимпиада ойындарын өткізуімен құттықтай келіп, жарыстарда кореялық команданың шебер өнер көрсеткенін атап өтті.

Тараптар парламентаралық ынтымақтастықты нығайтуға уағдаласты. Қазақстан Парламентінің қос палатасында да Кореямен ынтымақтастық жөніндегі топтар, ал Ұлттық Ассамблеяда Қазақстанмен достық тобы жұмыс істеп келеді. Чон Се Гюн қазақстандық парламентшілерді Кореяға сапармен келуге шақырды.

Ұлттық Ассамблеяның төрағасы «Қазақстан-2050» Стратегиясында белгіленген мақсаттарды қолдайтынын жеткізіп, Қазақстанға жер аударылған этностық корейлерге көрсетілген көмек үшін қазақ халқына алғыс айтты.

Б.Бекназаров екіжақты қатынастарды нығайтудың келешегін талқылай келіп, Қазақстан Корей түбегіндегі жағдайды үнқатысу және келіссөздер арқылы шешуді дәйекті түрде жақтайтынын атап өтті.

Сенат Төрағасының орынбасары ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесіне белсенді түрде қатысқаны үшін Кореяға алғыс айтты. Ол корей бизнесінің біздің елімізде ғылыми тұрғыда қамтылған, жоғары технологиялық өндірісті дамыту жөніндегі жобаларды іске асыруға белсенді қатысуына Қазақстан мүдделі екенін атап өтті.

Кездесуге Мәжіліс Төрағасының орынбасары Владимир Божко, сенаторлар Георгий Ким, Еділ Мамытбеков және Нұржан Нұрсипатов қатысты.

Бақылау қағидаттары орнықтырылады

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіқалықова Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі Азаматтық бастамалардың II конгресіне қатысты, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Іс-шараға мемлекеттік органдар, дипломатиялық корпус, халықаралық ұйымдар және еліміздегі азаматтық қоғамдастық өкілдері қатысты.

Конгресс сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет мәселесі бойынша мемлекет пен қоғамды жұмылдыратын бірегей алаңға айналды.

Оның негізгі міндеті – барлық деңгейде, әрбір елді мекенде және ауылдық округтерде жүргізіліп жатқан қоғамдық бақылаудың басты қағидаттарын орнықтыру.

Мемлекеттік хатшы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдаудың негізгі басымдығының бірі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және заң үстемдігі екенін атап өтті.

Г.Әбдіқалықова 2014 жылы Қазақстан Президенті «мүлде төзбеушілік» ахуалын қалыптастыру арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа бүкіл қоғамды тартуға бағытталған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны бекіткенін айтты. Осы уақыт ішінде 64 шара атқарылып, әкімшілік кедергіні азайтуға, тұрмыстық жемқорлық деңгейін төмендетуге елеулі септігін тигізді. Мәселен, қазір барлық өңірде азаматтарға бюджет қаражатының игерілуін, мақсатқа сай қолданылуын, әлеуметтік нысандар құрылысының сапасы мен мерзімін бақылауға мүмкіндік беретін Қоғамдық бақылау картасы іске қосылды. Елде жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатқа деген жұртшылықтың сенімі күшейді.

Кезекті заңнамалық өзгерістер сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жүйесін жетілдірудің құқықтық негіздерін қалыптастырды.

Қазақстан БҰҰ-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын; Ұйымдасқан трансұлттық қылмысқа қарсы конвенцияны; Еуропа кеңесінің қылмыстық әрекеттерден түскен кірістерді жымқыру, анықтау, тартып алу және тәркілеу туралы конвенцияларын ратификациялады.

– Бүгінде біз «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Ыстанбұл жоспары» мониторингінің өзара баға беруге арналған субөңірлік бағдарламасына белсенді түрде атсалысып отырмыз, – деді Мемлекеттік хатшы.

Соңында Мемлекеттік хатшы Г.Әбдіқалықова сындарлы ой-пікірлердің ортаға салынып, тиімді диалог орнайтынына ниеттестік білдіріп, Конгреске қатысушыларға зор табыс тіледі.

Еліміз тәжірибесіне қызығушылық зор

Астанада Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмонның елімізге ресми сапары аясында Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі жанындағы Дін істері, ұлттық дәстүрлер, мерекелер мен салт-жораларды реттеу комитеті арасында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды.

Құжатқа Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрі Нұрлан Ермекбаев пен Тәжікстан Республикасының Үкіметі жанындағы Дін істері, ұлттық дәстүрлер, мерекелер мен салт-жораларды реттеу комитетінің төрағасы Давлотзада Сулаймон қол қойды.

Меморандум аясында дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу саласында, оның ішінде діни экстремизмнің алдын алу мәселелері бойынша тәжірибе алмасу қарастырылған.

Тараптар өзара қызығушылық тудырған мәселелер бойынша кездесулер мен іс-шаралар ұйымдастырып, нақтырақ айтқанда деструктивті діни идеологияның және діни экстремизм көріністерінің таралуын болдырмау мақсатында түсіндіру жұмыстарын жүргізуді жоспарлауда.

Бұдан бөлек, тараптар бірлескен зерттеулер жүргізу үшін ғылыми-зерттеулермен айналысатын ұйымдар арасындағы ынтымақтастықты дамытуға ниет білдіруде.

Құжатта тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамалары шеңберінде дін саласындағы ынтымақтастықты бірлесе жүзеге асыратындығы көрсетілген.

Сондай-ақ қазақстандық және тәжікстандық ведомство басшылары екіжақты ынтымақтастық мәселелерін де талқылады.

«Егемен-ақпарат»

Заң жобалары мақұлданды

Мәжіліс Төрағасы Нұрлан Нығматулиннің төрағалығымен өткен жалпы отырыста Палата ішкі істер органдарының қызметін жетілдіруге, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі келісімге және архив ісіне қатысты заң жобаларын талқылап, оларды мақұлдады.

Абай АСАНКЕЛДІҰЛЫ,
«Егемен Қазақстан»

Ішкі істер органдарының қызметін жетілдіру мәселелеріне қатысты заң жобасы бойынша Ішкі істер министрінің орынбасары Ерлан Тұрғымбаев баяндама жасады. Оның айтуынша, құжат аясында аумақтық ішкі істер департаменттері мен жергілікті полиция қызметін біріктіріп, оларды Ішкі істер министрлігіне бағындырып, полиция жүйесін жаңғырту көзделіп отыр.

«Жергілікті полиция және ішкі істер органдары басқармаларының арасында қайшылық фактілері тіркелді. Полиция бөлімдері өзара жасырын қақтығыстарға жол берген. Тіпті, аудандағы басшылардың облыстық жергілікті полиция басшыларына бағынбау фактілері анықталған. Осындай жағдай тексеру барысында расталды. Әсіресе мұндай жайттар Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Ақмола облыстарында тіркелді. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, құқықтық тәртіптің негізі – ол қатаң бағыну», деді Е.Тұрғымбаев.

Жаңа заң жобасы осындай мәселелерді ескере отырып әзірленген. Осыған сәйкес, ішкі істер департаменттері негізінде полиция департаменттері құрылмақ. Вице-министрдің айтуынша, полиция департаменттері мен жергілікті полиция қызметін қосу – туындаған мәселелерді жойып, тікелей бағыну ұстанымын сақтауды қамтамасыз етпек.

Сонымен бірге әкімдерге полиция департаменттеріне қатысты бірқатар құзыреттер берілу қарастырылып отыр. Е.Тұрғымбаевтың сөзіне қарағанда, мұндай қадам әкімдерге құқықбұзушылықтың алдын алуда олардың рөлі мен жауапкершілігін күшейтуге жағдай жасайды.

«Әкімдерге полиция органдарына құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету міндеттерін қою, Ішкі істер министрінің ұсынысы бойынша полиция департаменті басшыларын тағайындау және босату құқығы беріледі. Осыған сәйкес, департамент басшысы жылына бір рет әкім мен халықтың алдында есеп береді», деді Е.Тұрғымбаев.

Сонымен қатар сотталғандарға қатысты бірқатар өзгерістер енгізілмек. Мәселен шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандарға алкогольді сусын ішуге тыйым салынады.

«Мас күйінде жасалатын және рецидивтік құқықбұзушылықтардың қосымша әдістері мен формалары орнатылады. Атап айтқанда, жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарға алкогольдік ішімдік ішуге толық тыйым салынады», деді Е.Тұрғымбаев.

Вице-министрдің сөзіне сүйенсек, бұрын сотталған адамдарға қатысты әкімшілік қадағалау белгілеу үш жылдан бастап, соттылығы жойылатын мерзімге дейін ұзартылады. Бұдан бөлек әкімшілік ұстау мерзімін 3-тен 24 сағатқа дейін ұлғайту көзделіп отыр. Олардың құқықтары мен міндеттері, ұстау шарты бекітіледі.

Баяндамадан кейін Мәжіліс депутаттары заң жобасына қатысты өз сұрақтарын қойды. Халық қалаулылары қызметтік баспананы жекешелендіру жөнінде сауал қойған болатын. Е.Тұрғымбаев оған жанжақты жауап берді.

«Қазіргі таңда полиция қызметкерлері жасарып келеді. Бұрын ішкі істер органдарына 30 жасында келіп, 20 жыл қызмет істейтін. Содан кейін зейнетке шығып, қызметтік баспананы жекешелендіруге құқылы болды. Бүгінде орта есеппен 22 жаста қызметке келеді. Яғни 20 жылдан кейін, 42 жасында пәтерді жекешелендіру үшін зейнетке шығуға мәжбүр. Ал 42 жастағы қызметкер бірнеше жыл жұмыс істей алады. Ондай мамандар ішкі істер органдарына қажет екені анық», деп түсіндірді Е.Тұрғымбаев.

Министрдің орынбасарының айтуынша, жаңа заң жобасы бойынша 20 жыл еңбек өтілінен кейін полиция қызметінде қала отырып, баспанасын жекешелендіреді. Қызметкер қаза тапқан жағдайда, оның отбасы аталған пәтерді өз мүлкі ретінде тіркеуіне мүмкіндік туады.

Сондай-ақ Палата ТМД мемлекеттерінің ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі келісімге байланысты ратификациялық заң жобасын мақұлдады.

Бұл заң жобасы жөнінде Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бейбіт Атамқұлов баяндама жасап, мәселенің мән-жайын түсіндірді. Жоғарыда аталған келісім ақпаратты трансшекаралық беруді ұйымдастыру, әлеуетті және нақты қауіп-қатерлерден ақпараттық жүйелер мен ресурстарды қорғау технологиясын жетілдіруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ ақпаратты қорғау құралдарын сертификаттаудың және сертификаттау нәтижелерін өзара танудың келісілген тәртібін белгілеу бағытындағы ынтымақтастықты арттыру көзделіп отыр.

Заң жобасын талқылау барысында депутаттар интернет кеңістігіндегі қауіпсіздік мәселелері туралы сауал жолдады. Бұл сұраққа Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары Дәулет Ерғожин жауап берді. Оның айтуынша, ақпараттық лаңкестік актілері, теріс бағытқа насихаттайтын ақпараттар, қасақана іс-қимылдар туындаған жағдайда Қазақстан заңнамасына сәйкес, ондай интернет ресурстарға шектеу қойылады.

«Интернет кеңістігінде жаппай ықпал ету жасалып жатса, тиісті аймақтарда ғаламтор желісі бұғатталуы мүмкін. Алайда мұндай жағдай аса қажетті жағдайларда ғана жүзеге асады», деді Д.Ерғожин.

Ал мемлекеттік органдарға қатысты ақпараттық шабуылдар жасалса, онда техникалық мүмкіндіктерге сүйеніп, IP-адресті бұғаттау немесе басқа да тиісті шаралар қарастырылады.

Халық қалаулылары жалпы отырыста архив ісі жөніндегі түзетулерді талқылады. Бұл құжат туралы Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі Кеңес Абсатиров баяндама жасады. Депутаттар талқылаудан кейін, осы заң жобасына да қолдау білдірді.

Бұл күні Мәжіліс Қазақстан мен АҚШ мемлекеттік әуе кемелеріне аэронавигациялық қызмет көрсету үшін төлемақы алуға қатысты, сонымен бірге, Қазақстан Үкіметі мен БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО) арасындағы ФАО-ның біздің елдегі Байланыс және әріптестік жөніндегі бюросын құру туралы заң жобаларын жұмысқа қабылдады.

Сондай-ақ «Қазақстан Үкіметі мен Қытай Үкіметі арасындағы Қорғас өзенінде «Шүкірбұлақ (Алмалы)» бірлескен сел ұстайтын бөгет салудағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» заң жобасының жұмысын бастады. Осы заң жобасы жөнінде баяндама оқыған Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің төрағасы Глеб Щегельский жобаға екі мемлекет теңдей етіп қаржы бөлетінін мәлімдеді.

Бұдан бөлек, Мәжіліс депутаттары 2009 жылғы 17 қарашадағы Ресеймен «Байқоңыр» кешенін жалға алу жағдайында Байқоңыр ғарыш айлағының персоналына, Байқоңыр қаласының, Төретам және Ақай кенттерінің тұрғындарына медициналық қызмет көрсету тәртібі туралы үкіметаралық келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялауға қатысты заң жобаларын жұмысқа қабылдады.

Мал шаруашылығын дамыту мәселелері

Кеше Үкімет үйінде Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаев елімізде мал шаруашылығын дамыту жөнінде кеңес өткізді, деп хабарлады Премьер-Министрдің баспасөз қызметі.

Кеңес барысында саланы дамытудың негізгі бағыттары, ірі қара малдың санын көбейту және жоғары сапалы сиыр етін өндіру, соның ішінде экспортқа шығару, сондай-ақ мал шаруашылығы фермаларын қалыптастыру мәселелері талқыланды. Бұдан өзге, фермерлік шаруашылықтарды қаржыландыру тетіктері, несиелеу мүмкіндіктерін кеңейту және салаға стратегиялық инвесторларды тарту мәселесі қарастырылды.

Кеңеске қазақстандық ғалымдар, халықаралық сарапшылар, мал шаруашылығы саласының өкілдері, «Атамекен» ҰКП өкілдері, сондай-ақ селектор режімінде облыстардың әкімдері қатысты. Премьер-Министрдің орынбасары – Ауыл шаруашылығы министрі Ө.Шөкеев, «Атамекен» ҰКП төрағасы А.Мырзахметов, Қазақстандағы Азия банкі өкілдігінің директоры Д.Капаннелли, «Cedar Meats Австралия» бас менеджері Э.Фернихоф, Ақмола облысы Ерейментау ауданының әкімі Е.Нұғманов, «Қаршыға» ШҚ (Ақтөбе облысы) басшысы А.Жетенов және т. б. баяндама жасады.

Қазақстан-Өзбекстан:
Сауда-экономикалық ынтымақтастық арта түспек

Бүгін – Қазақстандағы Өзбекстан жылының салтанатты ашылу күні. Бұл туралы Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың былтыр қыркүйектің 16-17-сі күндері Өзбекстанға жасаған мемлекеттік сапары аясында айтылған болатын. «Біздің тығыз мәдени-гуманитарлық байланыстарымыз достық қарым-қатынастарымыздың маңызды факторы болып саналады. Біз 2018 жылы Қазақстандағы Өзбекстан жылын өткізуге уағдаластық. Күн тәртібінде Өзбекстандағы Қазақстан жылын өткізу де бар» деген еді Елбасы. Міне осы уағдаластыққа орай бүгін Қазақстандағы Өзбекстан жылы басталды. Елімізде бұл ретте түрлі бағыттарда мән-маңызы зор шаралар өтеді деп жоспарланған. Айталық биыл екі ел арасындағы екіжақты ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссияның 17-отырысы да Қазақстандағы Өзбекстан жылы қарсаңында, кеше Астанада өтті.

Динара БІТІК,
«Егемен Қазақстан»

Үкіметаралық комиссия отырысының қорытындысында Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы екіжақты ынтымақтастықты арттыра түсетін көптеген екіжақты келісімдерге қол қойылды. Шараға комиссияның тең төрағалары – Қазақстан Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Асқар Мамин және Өзбекстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Ачилбай Раматов қатысты.

Отырыс барысында өткен жылдың екіжақты өзара іс-қимыл үшін табысты болғаны және оған Қазақстан мен Өзбекстанның Мемлекет басшыларының ықпалы зор екені айтылды. Себебі екі ел президенттері Қазақстан мен Өзбекстан үкіметтеріне сауда-экономикалық ынтымақтастықты жандандыру жөнінде шаралар қабылдау туралы тапсырмалар берген еді. Бұл ретте тараптар өзара сауданың жоғары қарқынын атап өтті. Мәселен Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы тауар айналымы 2017 жылы 2 млрд долларды құрады, бұл 2016 жылға қарағанда 31,2 пайызға жоғары көрсеткіш. Қазақстаннан Өзбекстанға экспорт көлемі 2017 жылы 35 пайызға өсіп, 1,3 млрд долларға жеткен, ал Өзбекстаннан Қазақстанға импорт 25,1 пайызға өсіп, 735,2 млрд долларды құраған.

«Біз өзара сауданың тұрақты оң динамикасын қолдаймыз. Тауар айналымының көлемін әрі қарай ұлғайту және номенклатураны кеңейту өзара сауда көлемін арттыруға жол ашады. Бұған қоса, бізге 2017 жылы қол қойылған сауда-саттық жөніндегі келісімшарттар мен келісімдерді уақтылы іске асыру қажет», деді А.Раматов.

Тараптар сауда-экономикалық ынтымақтастықтың даму қарқынын ескере отырып, тауар айналымының 2018 жылы 3 млрд долларға дейін өсуі және 2020 жылға қарай 5 млрд долларға дейін жеткізу мақсатында келісілген шараларды қабылдауға келісті.

Екіжақты ынтымақтастықта іскер топтардың және инвестициялардың өзара әрекеттесуі маңызды рөлге ие. Өткен жылы екі ірі бизнес-форум өткізілді, 1 млрд доллардан асатын сомаға коммерциялық келісімдерге қол қойылды. Азық-түлік өнімдерін жеткізу, мұнай химиясы және химия салаларында бірлескен кәсіпорындар (төрт сауда үйі) жұмыс істейді. Фармацевтика өнеркәсібінің сауда үйі бойынша құрылтай құжаттары бекітілді.

«Өзавтосаноат» АК және «СарыарқаАвтоӨнеркәсіп» ЖШС арасындағы ұзақмерзімді ынтымақтастық туралы келісім аясында экспорттық өнімдерді сыртқы нарықтарға, соның ішінде ЕАЭО нарығына шығару бойынша бірлескен жоба жүзеге асырылуда. Үлгі ауқымы дамып, өндірісті шоғырландыру тереңдей түсуде. «СарыарқаАвтоӨнеркәсіп» ЖШС-не «Өзавтосаноат» АК капиталын енгізу мүмкіндігі қарастырылуда.

Айтқандай, аймақтық байланыстар да белсенді дамып келеді. Өзбек тарапы өңіраралық ынтымақтастық форумын тұрақты негізде өткізу туралы Қазақстан бастамасын қолдады. Сондай-ақ Қазақстандағы Өзбекстан жылын өткізуге ерекше көңіл бөлінді. Экономика, туризм, мәдени-гуманитарлық салаларда 200-ден астам іс-шара өткізу жоспарланып отыр.

«Біздің Мемлекеттер басшыларының 2018 жылы Қазақстанда Өзбекстан жылын және 2019 жылы Өзбекстанда Қазақстан жылын өткізу туралы шешімі – екі ел арасындағы сенім мен серіктестік қарым-қатынастарының теңдессіз жоғары деңгейінің айқын дәлелі», деп атап өтті А.Мамин.

Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы екіжақты ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссияның 17-отырысы барысында комиссияның 16-отырысы хаттамасының шешімдерін жүзеге асыру барысы, сондай-ақ екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейтудің қазіргі жағдайы мен перспективалары талқыланды.

Тараптар Қазақстан мен Өзбекстанның шекаралас аудандарында халықаралық шекара маңы ынтымақтастығы орталығын, көлік-логистикалық орталықты (Құрғақ порт) құру мүмкіндіктерін қарастыруға келісті. 2017 жылдың қорытындысы бойынша темір жол көлігімен тасымалдаудың өзара көлемінің 20,5 млн тоннаны құрап, 8 пайызға өсуі байқалған. 2018 жылдың екі айында тасымалдау көлемі 2017 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 44 пайызға артқан.

Сонымен қатар екі тарап осы жылдың сәуір айынан бастап «Самарқанд–Астана» бағыты бойынша тұрақты темір жол жолаушылар пойыздарының жұмыс жасайтыны туралы уағдаласты. Оған қоса су саласындағы ынтымақтастық мәселелері де талқыланды. Екі елдің уәкілетті органдарына Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы су қатынастары саласындағы ынтымақтастық мәселелері жөніндегі жол картасының шараларын орындау бойынша жұмыстарды жалғастыру тапсырылды. Сонымен қатар Орталық Азиядағы трансшекаралық су ресурстарын пайдаланудың құқықтық тетігін әзірлеу қажеттігі атап өтілді, ол аймақтың барлық мемлекеттерінің мүдделерін ескере отырып, сындарлы диалог қалыптастыруға ықпал етеді.

Отырыс барысында тараптар газ саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға өзара қызығушылықтарын растады. Қазақстанның оңтүстігіне Өзбекстан аумағы арқылы қазақстандық газды транзиттік тасымалдауға техникалық мүмкіндік жасау бойынша бірлескен жұмысты жалғастыру туралы келісімге қол жеткізілді. 2018 жылдың 1 қыркүйегіне дейін қол жеткізілген келісімдерді жүзеге асыру мақсатында тиісті келісімге қол қою көзделген. Тараптар, сондай-ақ своп-операциялары аясында өзбек газын жеткізу жөніндегі өз міндеттемелерін орындауға ниет білдірді.

Отырыс қорытындысы бойынша Қазақстанда Өзбекстан жылын өткізу бойынша хаттама мен Іс-шаралар жоспарына, сондай-ақ бірқатар сауда-экономикалық келісімдерге қол қойылды. Атап айтқанда, Асқар Мамин мен Өзбекстан тарапынан Ачилбай Раматов екі елдің арасындағы екіжақты ынтымақтастық жөніндегі бірлескен Үкіметаралық комиссиясының 17-отырысының хаттамасына қол қойды. Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы мен Өзбекстан Республикасы Мәдениет министрі Бахтиёр Сайфуллаев Қазақстандағы Өзбекстан жылын өткізу бойынша іс-шаралар жоспарына қол қойды. Бұған қоса «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының вице-президенті Бауыржан Орынбасаров пен «Өзбекстан темір жолдары» АҚР басқарма төрағасының орынбасары Акбар Шукуров Стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Келісім аясында 2023 жылға дейін 50 мың тонна рельс өнімдерінің экспорты көзделген. Ақтөбе рельс арқалық зауыты мен «Өзбекстан темір жолдары» арасында 10 тонна өнімдік келісімшартқа қол қойылды. «Аллюр компаниялар тобы» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы Андрей Лаврьентев пен «Өзавтосаноат» АК төрағасы Умуджан Салимов компаниялар арасындағы өзара ынтымақтастық туралы шартқа қол қойды. Сонымен қатар Үкіметаралық комиссия шеңберінде «BI Construction Company» және «Узстройматериалы» компаниялары арасында ынтымақтастық туралы меморандум бекітілді.

Суретті түсірген
Ерлан ОМАР,
«Егемен Қазақстан»

Цифрландыру адами факторды азайтады

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы Қазақстан халқына Жолдауында қойылған он міндеттің ең алдыңғы бөлігінде жаңа технологияларды енгізу арқылы индустрияландыру деңгейін көтеру міндеті тұр. Бұл міндет, ең алдымен, ел экономикасын цифрландыру арқылы жүзеге асырылмақ.

Темір ҚҰСАЙЫН,
«Егемен Қазақстан»

Бұрын беттесіп көрмеген бұл жаңа үрдіс ел өңірлеріне де тың міндеттер жүктейді. Осы орайда Премьер-Министрдің орынбасары Асқар Жұмағалиевтің Ақтөбе облысына сапарының басты мақсаты – «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес өңірде қолға алынған істермен танысу болғанын айта кеткен жөн.

Бірден айтарымыз, өңірдегі өнеркәсіптік кәсіпорындар мен ауыл шаруашылығы өндірісінде бұл істің алғашқы аяқ алысы тәптәуір. Мәселен өңір аумағындағы «Айс» ЖШС тауарлы-сүт фермасының қызметімен танысу барысында Асқар Қуанышұлы мұнда өзге өңірлерге үлгі ретінде ұсынарлықтай цифрландыру ісінің оң мысалдары мол екеніне көзін айқын жеткізді. Мұндағы агроөнеркәсіптік үдерістер толығымен автоматтандырылған. Сондай-ақ ірі агроқұрылымда цифрландыру үдерістерінің тиімділігі қазірдің өзінде алғашқы нәтижесін беруде. Бұған дәлел, бір сиырдан күніне орташа есеппен 25-30 литр сүт сауылады. Күніне 40-45 литрге дейін сүт беретін сиырлар да бар. Цифрландыру бағытталған бастамалар суармалы егістік өнімділігін бес есеге дейін арттыруға мүмкіндік беріп отыр.

Айталық, бұған дейін мал азығына қажетті жүгері сүрлемінің әр гектарынан алынған өнім 100 центнерден аспаса, бүгінде оның мөлшері 480 центнерді құрайды. «Айс» ЖШС жаңа технологиялық желілер еңбек өнімділігін бірнеше есе көтеруге, аналық сиырлардың жай-күйін толықтай бақылауға алуға мүмкіндік береді. Алдағы кезде аймақта «Айс» тауарлы-сүт фермасы үлгісінде тағы да 31 шаруашылық құрылмақ.

Асқар Жұмағалиев бұл үдерістерге оң бағасын бере келіп, цифрлы технологияны енгізбейінше бір де бір шағын, орта және ірі бизнестің өрісі кеңейе қоймайтынын атап көрсетті. Сондай-ақ өңірде кәсіпорындарды жаңғырту мен цифрландыруға және автоматтандыруға бағытталған бағдарламалар да оң нәтижесін бере бастағаны белгілі болып отыр. Әрі осы арқылы өнімдерді экспортқа шығаруға жаңа мүмкіндіктер ашылған. Оның жарқын мысалының бірі Ақтөбе рельс арқалығы зауыты болып табылады.

Әрине осыған қарап өңірде жаңа ақпараттық технологияларды енгізу мәселесінде ешқандай кедергілер мен проблемалар жоқ деуге болмайды. Әсіресе өңірдегі білім беру мен денсаулық сақтау салаларында бұл істе бірқатар кідірістердің орын алып отырғаны ешкімге де құпия емес. Мұндағы бірінші мәселе интернет желісі жылдамдығы төмендігінен туындайды. Тіпті мұны айтпағанда, интернет жүйесінен мүлдем тыс қалып отырған шалғайдағы елді мекендер де бар. Талшықты оптикалық желінің жетіспеуі де біраз қолбайлау туғызуда.

Осы мәселелер жөнінде айтып берген Ақтөбе облысының әкімі Бердібек Сапарбаевтың ұсыныс-тілектеріне орай Асқар Жұмағалиев өңірдің барлық елді мекендеріне кеңжолақты интернет желісін спутниктік қондырғылар арқылы жеткізуге Үкімет тарапынан қолдау көрсетілетінін мәлімдеді. Қазіргі күні өңір экономикасы мен әлеуметтік саласын цифрландыру ісінде облыста кең ауқымды бағдарламалар жасалып, соған сай кешенді іс-шаралар қолға алынған. Бұл жөнінде Асқар Жұмағалиевке облыс әкімінің орынбасары Қайрат Бекенов мәлімдеді.

Вице-премьер сапар қорытындысында, тұтастай алғанда Ақтөбе облысындағы цифрландыру мәселесі бойынша Елбасы Жолдауында алға қойылған міндеттер деңгейінде шешімін тауып келе жатқаны жөнінде түйін жасады. 14 наурыз еліміздің Батыс өңірлерінде жылдың басы деп саналып, Көрісу күні аталып өтетініне орай ол барша ақтөбеліктерді осы атаулы күнмен құттықтады.

АҚТӨБЕ

Сенімділік бар!

Қазақстанның өз азаматтарына арналған жаңа әлеуметтік пакеті дайын: бірінші рет мемлекет еліміздің 50 пайыздан астам тұрғынын қамтитын жаңа әлеуметтік міндеттемелерді қабылдап отыр.

Тимур СҮЛЕЙМЕНОВ,
Ұлттық экономика министрі

Қазақстан жүзеге асырып жатқан мемлекеттік саясаттың негізінде азаматтардың әл-ауқатын арттыру міндеті тұр. Бұл туралы Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2030» атты республика халқына арнаған тұңғыш Жолдауында атап көрсетілген. Өтпелі кезең деп аталатын сол уақытта еліміздегі үйреншікті экономикалық құрылым өзгеріске ұшырады. Орта таптың тапшылығы жағдайындағы экономикалық-қоғамдық өзгеріс елдегі теңсіздікті дағдарыстық деңгейге алып келді. «Қазақстан-2050» атты келесі негізгі даму стратегиясында басты мақсаттардың қатарында да қоғамдағы тұрақтылықтың үздік кепілі ретінде қарастырылатын азаматтардың әл-ауқатын қамтамасыз ету қажеттігі көрсетілді.

Іске асырылған шаралар өз жемісін берді: республика көздеген жолды берік ұстанып келеді. Мәселен 2018-2020 жылдарға арналған бюджеттің аясында: денсаулық сақтау саласында 1063,6 млрд теңгеден 1070,7 млрд теңгеге дейін; білім беру саласында 375,3 млрд-тан 470,7 млрд теңгеге дейін; әлеуметтік көмекке 2,56 трлн-нан 3,1 трлн-ға дейін әлеуметтік шығындарды өсіру жоспарланып отыр.

Білім және ғылым министрлігі «білім беру» санаты бойынша өз шығындарын 100 млрд теңгеге дерлік ұлғайтады. Бұл негізінен орта білімді қамтамасыз ету есебінен орындалады, өсім 84,9 млрд теңгеге артпақ. Жоғары білім алуға жаңа мамандықтар бойынша (робот-техника, нанотехнологиялар, IT-технологиялар) қосымша 20 мың грант бөлінетін болады. Еңбек нарығы сұлбасының өзгеруі есебінен қарағанда бұл төртінші өнеркәсіптік революцияға апарар жолдағы уақтылы жасалған қадам.

«Әлеуметтік көмек» санаты азаматтарды әлеуметтік қамтамасыз етудің және оларға арналған төлемдердің деңгейін арттырудың арқасында ұлғаяды. Жарты триллион теңге көлеміндегі өсімнің барлығы дерлік Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жауап беретін санатқа кіретін адамдарға тиесілі.

Қазақстанның өз азаматтарына арналған жаңа әлеуметтік пакетті бастауға дайын болуы Президент бұрынырақта бастама жасаған әлеуметтік жаңғыру саясатының жалғасы екенін атап өтпекпін.

Мемлекет басшысының жаңа әлеуметтік бастамалары әрбір отбасына қажет барлық құндылықтарды қамтыды: өз табысына сай баспана алудың қолжетімділігі, салық жүктемесін төмендетудің есебінен жұмыс істейтін адамдарға еңбекақы төлеуді арттыру; сұраныска ие жақсы білім алу үшін мүмкіндіктерді молайту; кәсіпкерлік бастамаларды дамыту әлеуетін өсіру; елді мекендерді газдандыру есебінен өмір сапасын арттыру.

Жалақысы аз жұмысшылар үшін салықты төмендету – әлеуметтік әділеттілік жолындағы маңызды қадам. Ресми статистика деректеріне сәйкес, республикадағы теңсіздік көрсеткіштері дағдарыстық жағдайда емес. Тұтас алғанда, жұмысшылар санының есептелген жалақы көлемі бойынша бөлінуіне сәйкес, (ҰЭМ СК ішінара зерттеулері) 2017 жылы жалдамалы жұмысшының ең көп тағайындалған жалақысы 68 335 теңге көлеміндегі айлық болып табылады.

Дегенмен бұл деректердің кезінде шағын бизнес пен өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдардың табыстары есепке алынып отырған жоқ. Мәселен мемлекеттік органдардың бағалаулары бойынша, 60 мың теңгеден аз табыс табатын өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар мен жұмыссыздардың саны 800 мыңнан асады. Біздің есебіміз бойынша, жалдамалы жұмысшылардың есептелген жалақысының алшақтығы Қазақстанда 6,2 есе.

Еуропалық одақ үшін бұл алшақтық 5,8 есені құрайды. Минимум (халықаралық еңбек ұйымының 2016 жылғы деректеріне сәйкес) Норвегияда (2,3), максимум Литвада (4,4) тіркелді. Дамушы елдерде аталған көрсеткіш 10,9-ға (Үндістан) жетеді. Ресей Федерациясында ол 5,1 есені құрайды.

Жалақы аз төленетін жұмысшыларға салықты төмендету – әлеуметтік әділеттілік жолындағы маңызды қадам. Бұдан басқа, мұндай қадам ішкі сұранысты ынталандырады, ал бұл елдегі ІЖӨ өсіміне алып келеді.

Президент сондай-ақ шағын кәсіпкерліктің дамуына айрықша назар аударып отыр. Шағын бизнес иекемді және бейімделуге, сондай-ақ жылдам өзгеретін тенденциялар жағдайында өзін жедел қайта ұйымдастыруға қабілетті бола отырып, қарқынды әлеуметтік-экономикалық өсімнің іргетасы және кепілі болып табылады.

Сонымен қатар кәсіпкерлік қызметті дамытуға 80,8 млрд теңге немесе шағын несиенің жалпы көлемінің 48,3 пайызы берілген. 2016 жылмен салыстырғанда ілгерілемелі өсім байқалады. Дегенмен ісін жаңа бастаған көптеген кәсіпкерлер үшін шағын несие жоғары пайыздық мөлшерлемеге орай қолжетімсіз болып табылады. Жеке тұлғалар үшін сараланған орташы сыйақы мөлшерлемесі 2017 жылғы III тоқсанда 27,9 пайызды құрады.

Сондықтан жеке тұлғалар, әсіресе өзін-өзі жұмыспен қамтыған және жұмыссыз тұрғындар үшін шағын несиелеу арттырылады. Мемлекеттің бұл қадамы жаңа кезеңдегі ұлттың кәсіпкерлік рухын сөз жоқ, қуаттандырады.

Көріп отырғандай, Мемлекет басшысының барлық бастамалары ақиқатқа негізделген, айқын параметрлер мен нақты мақсатқа ие, экономикалық тұрғыдан сараланған. Әрқайсысы айқын мақсаттық топқа біріктірілген.

Елбасы бес әлеуметтік бастаманы күрделі әлемдік турбуленттілік және барған сайын өршудегі геосаяси тұрлаусыздық жағдайында ұсынып отырғандығын айту ләзім. Еске салсақ, шикізат бағасының жаһандық суперциклінің аяқталу кезеңінде Қазақстан сыртқы әсерлерді еңсерудің күрделі уақытын бастан өткерді. Уақтылы және кең ауқымды дағдарысқа қарсы шаралар экономиканы сауықтырды, еліміз 4 пайыздық ІЖӨ өсімі траекториясына сенімді аяқ басты.

Бірақ әлемдегі экономикалық белсенділіктің қалыпқа келуіне қарамастан, тенденцияның тұрақтылығына қатысты қауіп сақталуда. Мәселен АҚШ ФРЖ негізгі мөлшерлемесінің көтерілуі 2018-2019 жылдарда дамушы нарықтардан 70 млрд доллар портфельдік инвестициялардың жылыстауына әкелуі мүмкін. Бұл ғаламдық экономиканың өсіміне жағымсыз әсер етеді. Экономикалық үдерістерді терең саясиландыру және геосаяси қарбаластықтың сақталуы жаһандық экономикада қосымша қатер тудырады және тұрлаусыздықты күшейтеді.

Күрделі ахуалға және әлемдік экономикадағы тұрлаусыздыққа қарамастан, Елбасы қазақстандықтардың ертеңгі күнге деген сенімін күшейтетін, өмір сапасын арттыратын 5 әлеуметтік бастаманы жүзеге асыру туралы шешім қабылдап отыр.

Сол себепті біз Қазақстанның тәуелсіз және демократиялық мемлекет ретінде қалыптасқандығын айтуға құқылымыз. Елімізде қазақстандық бірлік пен тұтастықтың барлық қажетті саяси-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-адамгершілік негізі жасалып отыр.

Үндеуден өрістейтін іс көп

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты Үндеуіне орай Қостанайда өткен актив жиналысында осы маңызды құжаттан туындайтын іс-шаралар, құнды құжаттан өрістейтін істер белгіленді. Облыс әкімі Архимед Мұхамбетов жиналғандарға Президент бастамаларының әрқайсысы бүкіл еліміз секілді Қостанай өңірі үшін де аса маңызды, береке бастауы екенін айтты. Баспана салу, еңбекақыны көбейту және салық жүктемесін азайту, білім беру мен жатақхана салу, шағын несие беру мен газдандыру мәселелелері еліміз үшін қашанда өзекті болып келеді. Әкім соған орай өңірде атқарылуға тиісті қосымша жұмыстар қатарын атады.

Нәзира ЖӘРІМБЕТ,
«Егемен Қазақстан»

Баспана мәселесіне байланысты облыста осыған дейін де жұмыстар қызу жүргізіліп келді. Соңғы үш жылда тұрғын үй құрылысына салынған инвестицияның көлемі 10 есе артқан. Бір жылда берілген баспана 36 пайызға артқан, 2,6 мың отбасы қоныс тойын тойлады. Қостанай қаласының өзінде, қала іргесінде жаңа тұрғын аудандар бой көтеріп келеді. Алайда 24,5 мың адам баспана кезегінде тұр.

– Елбасы ұсынып отырған «7 – 20 – 25» мемлекеттік бағдарламасы қостанайлықтардың да ипотекалық несие алу мүмкіндігін барынша кеңейтетін болады. Онда айтылған жеңілдіктер арқылы адамдар баспана жағдайын жақсартатын болады, – деді Архимед Бегежанұлы.

Елбасы бастамалары тек әлеуметтік саланы дамытуды ғана көздемейді, бұл ішкі нарықтың, сонымен қатар құрылыс саласының дамуына ықпал етеді. Елбасы бастамасы арқасында құрылыс жұмыстарын болашақта ауылға қарай бұрамыз деп ойлаймын. Ауыл шаруашылығын дамыту үшін маман керек, ал жас мамандарға баспанасыз қиын болатынын көріп отырмыз. «7 – 20 – 25» мемлекеттік бағдарламасы ауылдағыларға да үй салуға мүмкіндік береді, деді «Ирина и К» құрылыс компаниясының жетекшісі Александр Корчинский.

Баспана сөз болғанда Елбасы Үндеуіндегі үшінші бастамада айтылған студенттердің жатақхана жағдайын жақсарту мәселесі бірден еске түседі. Алдымен Елбасы 2018-2019 жылдары жоғары білім алу үшін жыл сайын бөлінетін 54 мың грантқа тағы қосымша 20 мың бөлінетінін айтты. Оның 11 мың гранты техникалық мамандықтар дайындауға арналады. Ал қазір төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы экономика үшін техникалық мамандар аса қажет. Елбасы бастамасымен бөлінетін қаржыға енді мыңдаған мамандар дайындауға мүмкіндік туады. Ал сол болашақ мамандар сапалы білім алу үшін олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту тағы бар. Қостанайлық студент жастардың жатақханаға зәрулігі бар екені жасырын емес. Қазір облыс өңірінде 3305 студент, оның ішінде жоғары оқу орындарында – 1805, колледждерде 1455 студенттің жатақханада орны жоқ. Оның барлығын шешу үшін өңірдегі резервтер де қарастырылатын болады.

– А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті жанындағы жатақхананың жобалау-сметалық құжаттары дайын тұр. Ол пайдалануға берілгенде студенттердің бос уақытын дұрыс ұйымдастыруға ықпал етеді, жастар арасындағы қылмыс та азаятын болады. Енді облыстағы басқа жоғары оқу орындарымен де мемлекет пен жекеменшік әріптестігі аясында осындай жұмыстарды қолға алатын боламыз, – деді өңір басшысы.

Облыстағы Рудный және Арқалық секілді қалаларда да жоғары, орта оқу орындары бар. Оларда есік-терезесі үңірейіп бос қалған, бірақ қабырғасы, іргетасы мықты көпқабатты үйлер әлі тұр. Архимед Бегежанұлы осындай үйлерді қайта жөндесе, ол студентке жатақхана, кәсіпкерге жұмыс болатынын да еске салды.

Сонымен қатар активте айлық жалақыны өсіру үшін салық жүктемелерін азайту, шағын несиелерді кеңейту, елімізді одан әрі газдандыру мәселелері туралы әңгіме болды. Облыста 331 632 жалдамалы жұмысшылар бар. Әрине салық жүктемесі азайғанда, босаған қаржының есебінен олардың жалақысы көбейеді.

Жаппай кәсіпкерлікті дамыту үшін Елбасы Үндеуіндегі төртінші бастама игі істерге мұрындық болады. Өнімді жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту үшін 2018 жылы қалаларда 237 млн теңге, ауылдарда 2 млрд 83 млн теңге бөлінді. 2016 жылдан бері облыста «Қос қолдау» кәсіпкерлерді өңірлік қаржылай қолдау бағдарламасы мен «Атамекен Қостанай» шағын несие ұйымы арқылы 46 несие және 142 шағын несие берілген. Енді Елбасы Үндеуінде айтқан жеңілдіктерді пайдаланып, Қостанай өңірінен де мыңдаған адамдар өз ісін жеңіл аша алатын болады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Үндеуіндегі бесінші бастама – елді одан әрі газдандыру мәселесі қостанайлықтардың да тұрмысын көтере түсетін болады. Газдандыру Қостанай өңірі үшін де инфрақұрылымды дамытудың маңызды бағытының бірі болып саналады. Облыс өңіріндегі 880 мың тұрғынның 54 пайызы көгілдір отынмен қамтылған. Биыл Федоров, Әулиекөл аудандарындағы елді мекендерді және Рудный қаласындағы жекелеген шағын тұрғын аудандарды газдандыру үшін 2 млрд теңге қаржы бөлінді. Көгілдір отын жеткізу үшін облыста мұнан бөлек те жобалар қарастырылып отыр. Ол бойынша алдағы уақыттарда шалғайда жатқан Қамысты, Денисов, Әулиекөл, Жітіқара аудандарындағы елді мекендер де газдың рахатын көретін болады.

Нұрсұлтан Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты Үндеуі мемлекет саясаты алдымен елдің әлеуметтік жағдайын көздейтінін көрсетті. Тіпті қиын жылдардың өзінде елімізде зейнетақы, жалақы, жәрдемақы өсіріп отырды. Жақсы тұрмыс халықтың бірлігін нығайта түседі. Елбасы саясатының көздегені де осы.

ҚОСТАНАЙ

СЫРТ КӨЗ – СЫНШЫ

Ел дамуының жаңа бағыты

Елхан ШАХИНОҒЛЫ,
саясаттанушы
(Әзербайжан)

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қазақстандықтарға арнаған «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты Үндеуі ел дамуының жаңа бағыты.

Қазіргі таңда Қазақстан Үкіметі Президенттің бастамаларын жүзеге асыру бойынша жол картасын жасады.

Нұрсұлтан Назарбаев атап көрсеткендей, Қазақстан өз мүмкіндіктерін тиімді пайдалануы тиіс. «Қазақстан – біздің ортақ үйіміз» идеясы бауырлас елдің дамуына тың серпін береді.

Президенттің әлеуметтік бастамалары әбден зерделеніп, зерттеліп барып жарияланғаны анық байқалады. Бұл мәселе бойынша білікті мамандар тыңғылықты жұмыс істегені көрініп тұр. Өйткені атап көрсетілген бес басымдық бойынша негізгі мақсаттар мен олардың орындалу мерзімі, аталған міндеттердің қаржылық ауқымы нақты көрсетілген. Мәселен «7 – 20 – 25» бағдарламасын қарастыратын болсақ, мұнда қазақстандықтардың ипотекалық несиені 7 пайыздық мөлшерде 25 жылға ала алатыны, алғашқы жарна 20 пайызды құрайтыны нақтыланған. Бұл ипотекалық несиенің ай сайынғы төлемін едәуір төмендетеді.

Үшінші әлеуметтік бастама бойынша «Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту» ісіне де қатысты нақты міндеттер күн тәртібіне шығарылып отыр. Қазақстан Президенті білім сапасын және оған қолжетімділікті арттыру мақсатында жыл сайынғы 54 мың грантқа қосымша 2018-2019 жылғы оқу жылына 20 мың грант бөлуді тапсырды. Бұл – әлеуметтік маңызы зор ауқымды жоба.

«Елді газбен қамтамасыз етуді жалғастыру» жөніндегі бастама да әлеуметке көтеріңкі көңіл-күй сыйлауда. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда газ жеткізу көлемі 8 миллиардтан 52 миллиард текше метрге дейін өсті. Бірақ бұл жеткіліксіз екені анық. Елдің орталық және солтүстік аймақтары әлі күнге газсыз отыр. Осы орайда Президент елді газдандыру жөніндегі жаңа бастамасын күн тәртібіне шығарды. Бұл бастама бойынша 2,5 млн адам газбен қамтылатын болады. Бұл өз кезегінде шағын және орта бизнестің дамуына әрі экологиялық жағдайға оң ықпалын тигізетіні сөзсіз.

Енді Президент Нұрсұлтан Назарбаев күн тәртібіне шығарған міндеттерді жүзеге асыру үшін ел Үкіметі тыңғылықты жұмыс істеуі тиіс. Мен Мемлекет басшысы алға қойған міндеттерді қазақстандықтардың қарқынды түрде еңсеретініне сенемін.

Бес мақсат – бір мүдде

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» Үндеуі жарияланған Парламент палаталарының бірлескен отырысына Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің мүшесі ретінде қатысып, тарихи оқиғаның куәсі болдым. Мемлекет басшысының әрбір Жолдауы мен мақалалары қазақстандықтардың әл-ауқатының жақсаруына, сондай-ақ ұлтаралық татулықтың нығаюына зор ықпалын тигізуде.

Икрам ХАШИМЖАНОВ,
«Дустлик» өзбек қауымдастығының
төрағасы

Президент азаматтарға 7 пайыздан аспайтын ипотекалық несиелер беріп, қайтару уақытын 20-25 жылға созу, сондай-ақ бастапқы жарнаны 20 пайыздан асырмау басты мәселе екендігін айтты. Тұрғын үй мәселесі бүгінгі күні екінің бірін қынжылтатын, толғандыратын жайт екендігі мәлім. Ал Елбасының осы тұрғыдан қолдауы басым көпшілікке демеу болмақ.

Елімізде жалақысы аз 2 млн-ға жуық адамның әл-ауқатын жақсарту үшін салықтық жүктемені 10 пайыздан 1 пайызға төмендету көзделген. Сәйкесінше, мұндай бетбұрыс біраз отбасының жағдайын жақсартуға көмегін тигізгелі отыр.

Жоғары оқу орындарында жыл сайын бөлінетін 54 мың грант қосымша 20 мыңға көбейтіледі. Бұл оқу орындарының абыройын арттырып және білім саласының деңгейін көтеріп, дамытуға сеп болар сөзсіз. Әсіресе студенттерді жатақханамен қатамасыз ету олардың сапалы білім алуына өте үлкен әсерін тигізеді.

Ауыл шаруашылығын дамыту аясында шағын және орта кәсіпкерлікке шағын несиелер берудің жеңілдіктері де елді қуантты. Шағын несиелердің көлемін 62 миллиард теңгеге жеткізу көптеген мәселелердің күрмеуін шешеді.

Елбасы өз баяндамасында Қызылорда – Жезқазған – Қарағанды – Теміртау арқылы Астанаға дейін газ құбыры магистралі тартылса, 2,7 млн адам көгілдір отынның игілігін көретінін айтты.

Міне осы бес бағдарды азаматтарымыздың жағдайын жақсартуға бағытталған тарихи бетбұрыс ретінде бағалаймын. Әрине бұл үшін барлық азаматтар бір мақсат, бір мүддемен алға ұмтылулары тиіс.

МЕМЛЕКЕТТІК МӘСЕЛЕ

Маңызды міндеттер байыпты шешілуі тиіс

Таяуда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында жоғары білім беру сапасын арттыру және мемлекеттік білім грантын көбейту, сондай-ақ студент жастарды жатақханамен қамту туралы айтқаны белгілі. «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» аясында жүктеген міндеттер мен тапсырмаларға байланысты Білім және ғылым министрі Ерлан САҒАДИЕВПЕН әңгімелескен едік.

ratel.kz

– Ерлан Кенжеғалиұлы, Елбасы «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты Үндеуінде алға қойған тапсырмалар белгілі. Яғни отандық ғылым нәтижелі болуы үшін оған жағдай жасалуы қажет. Осы орайда әңгімемізді әлеуметтік жобада айтылған жатақханалар құрылысынан бастасақ?

– Біріншіден, Елбасы білім саласына арнайы назар аударып отыр. Осы жылы мұғалімдердің әлеуметтік жағдайын және мәртебесін көтеріп, бес бастама аясында қосымша 20 мың грант бөлу шешімін қабылдады. Президенттің жыл сайынғы Жолдауы мен Парламенттегі Үндеуі білім мен ғылым саласын дамытуға зор серпін беріп отыр. Осы шешімнің ішінде жетпіс мың орны бар жоғары оқу орындарында жатақханалар салу мәселесі де қаралған. Сондықтан мектеп оқушыларының, ұстаздардың атынан Елбасына осы қамқорлығы үшін рахмет айтамыз. Мұның барлығы дарынды жастарымыздың көбірек жоғары оқу орындарынан сапалы білім алып, еліне қызмет етуге, әсіресе қазіргі маңызы үлкен салаларға қызмет етуіне мүмкіндік беріп отыр.

Ал жатақханадағы жағдайды жақсарту – кешенді мәселе. Мұны кезең-кезеңмен шешу керек. Ең алдымен, қай университетте, қай жерде жатақхана салу мәселесін шешуіміз керек. Мемлекеттік жоғары оқу орындарында жатақхана салуға керекті жер табылар, басқа университеттердің жатақханалары үшін жер мәселесін шешуіміз керек. Бұл әкімдіктермен бірлесе отырып шешілетін мәселе, ол қазір қаралып жатыр. Осыдан кейін әрбір жатақхананың жобасы мен қаржысын анықтауымыз керек. Қазір біз Қаржы министрлігімен, Ұлттық және коммерциялық банктермен, жоғары оқу орындарымен, құрылыс компанияларымен бірқатар кездесу өткізіп, бәрімізге ыңғайлы және халыққа түсінікті қаржыландыратын келісім әзірледік. Онда жоғары оқу орындары мен құрылыс компанияларының қызмет кестесі көрсетілген. Егер университет немесе құрылыс компаниясы жатақхананы салса, жатақхана пайдалануға берілгеннен бастап белгілі бір кезеңде ай сайын әрбір орынға белгіленген соманы құяды. Осы келісім-шарт негізінде бұдан кейін университет немесе құрылыс компаниясы банктен несие алады да, құрылыс компаниясын жалдап, жатақхана құрылысын салады. Банктер, жоғары оқу орындары, құрылыс компаниялары қазір аталған жобамен келісті. Жеткілікті төлем қабілетін екінші деңгейлі банктер мүмкін деп отыр. Бұл шараға Азия даму банкі іспетті халықаралық басқа банктер де қатысуға ниет білдіріп отыр.

Енді білім беру мекемелері мен жатақханалар құрылысын «Бизнестің жол картасы» бойынша пайыздық үстемесін жүргізе отырып субсидиялау мәселесін шешуіміз керек. Қазір қажетті университеттерді жер телімімен қамту бойынша әкімдіктермен жұмыс жүргізілуде. Жоспарланған нысандарға тиісті коммуникация жүргізу мәселелерін тағы да пысықтау керек. Бірқатар заң актілеріне, соның ішінде Бюджет кодексіне де өзгерістер енгізу көзделуде. Қолданыстағы заң жобасына өзгерістер енгізу үшін Парламентке ұсыну қажет. Біз депутаттардан осы заң жобасын үстіміздегі сессия соңына дейін қабылдауларын сұраймыз. Тағы да айта кетейік, осы жоспарланған нысандарға тиісті коммуникация жүргізу мәселелерін де пысықтауымыз керек. Бұл біздің министрлікпен өңірлердің, қалалардың әкімдерімен бірлесіп шешетін мәселе.

– Латын графикасына өту, маман даярлау, оқулық жазу жұмыстары туралы айтсаңыз?

– Мен латын әліпбиін оқу жүйесіне енгізу туралы екі топты, атап айтсақ, білім және терминологиялық жүйеге жетекшілік етемін. Бірінші комиссияға қатысты айтар болсақ, мектептерде, колледждерде, жоғары оқу орындарына латын алфавитіне көшу үшін негізгі жоспарды жасадық. Оқулықтар шығару кестесі бар, ұстаздар дайындаудың кестесі де дайын. Сонымен қатар емле жазу, орфография, транслитерация жұмыстарының аяқталуын күтудеміз. Бұл жұмыстарды Мәдениет және спорт министрі басқаратын басқа топ жасауда. Олар жұмысын аяқтай салысымен біз бірден оқулықтарды дайындауға кірісеміз. Мұны ең алдымен нөлінші сыныпқа арналған «Әліппеден» бастамақпыз. Оқулықты дайындау, сараптама мен апробациядан өткізу және мұғалімдер мен тәрбиешілерді дайындауға уақыт керек. Бұл жұмыстарды 2020 жылдың II жартысына дейін атқару қажет. 2020 жылдың қыркүйек айынан бастап мектепалды немесе нөлінші сынып дәрісті латын графикасымен оқиды. Осыдан кейін басқа сыныптарға латынша оқудың кестесі жасалады. Президент бізге бұл маңызды істе асықпауды, барлығын талқылап, сапалы жасауды тапсырып отыр. Университеттерге де дұрыс емле, орфография керек, сондықтан оқулықтарды аудару мен апробацияға кірісе беруге болады. Бұл жұмыстар биыл басталады. Әрі қарай ауысу кестесі белгіленеді. Екінші, терминологиялық комиссия да белсенді жұмыс істеуде. Бірінші міндет – барлық сөзді бір базаға жинау. Бізде терминнің 4 санаты бар. Бірінші – қазақтың өзінің тарихтан келе жатқан сөздері. Екінші – қазақ тіліне аударылғанына көп уақыт өте қоймаған сөздер. Мәселен, әуежай, ғаламтор, жекешелендіру, т.б. деген сияқты. Үшінші топқа басқа тілден аударылмаған, тікелей қолданылатын сөздер: мысалы математика, химия, сенат іспетті сөздер жатады. Төртінші санат – бізде немесе халықаралық қолданыста бар және келешекте де қолданыла беретін сөздер. Бұлар ғылыми және техникалық терминдердің ауқымды көлемін құрайды: асбест, наркоз, сондай-ақ жүйелі сөздер: платформа, аргумент, реакция және тағы басқалар. Аталған жұмыс толығымен атқарылды. Шаяхметов және Байтұрсынұлы атындағы тілдер институты бір базаға 390 мың термин жинады. Бұл – шын мәнінде көп.

Енді айналымға енгізген сөздер біркелкі қағидамен аударыла ма, аударылмай ма, параллельді түрде пайдаланылады ма, соны анықтау керек. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлының 9 қағидасы, Құдайберген Жұбановтың 11 қағидасы, академик Әбдуәли Қайдардың арнайы ережесі бар. Сонымен қатар кейбір жас ғалымдар ұсынған кейбір жаңа қағидалар бар. Кейбір сөздер «изм», «огия» деп аяқталады. Мәселен, коммунизм, неологизм, геология, биология сөздері. Мұның барлығын тікелей қолдануға болады. Тағы бір қағида: егер латын, орыс және түрік тілдеріндегі сөздің түптамыры бірдей болса, ол сөз аударылмай-ақ қолданылады. Мәселен, система, платформа, категория, реакция, тағы-тағылар. Жалпы, бүгінгі таңда комиссия мүшелері аударманы барлығына ортақ және түсінікті қағидамен жасау мәселесін талқылауда. Сонда түсінікті қосымша сөздік құрылып қана қоймайды, дәл осы сөздік қоры баршаға түсінікті болады. Нәтижесінде, аудармада немесе сөйлемдерді қолдануда арқа сүйейтін қағидалар пайда болады. Осыдан кейінгі жұмыс қарапайым. Сөздің түбірі мен жалғауы анықталады; егер приваттау мен жекешелендіру сөздері қатар қолданылса, онда жекешелендіру деп айтқан дұрыс па, әлде приваттау, әлде жекелеуден өткізу деген дұрыс па? Бұл жұмыстың барлығы латын қарпінде жүргізіліп жатқандықтан, сөйлемді қабылдау мүмкіндігі өзгеруі ықтимал. Мұндай мәселелерде қазақ тілінің мамандары, әсіресе жетекші ғалымдар өздері ғылыми ортада талдауы керек. Осыдан олар ғылыми қағидаларды қоғамда талқылау және әрі қарай апробациядан өткізу кезеңдері басталады.

– Мектеп тақырыбы туралы айтсақ. Қоғамда әрдайым жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту, жаңартылған білім мазмұны реформалары туралы талас жүріп жатады. Сіздің ойыңызша, қоғам бұл реформаларды неліктен қабылдай алмай отыр?

– Түсінікті болу үшін кеңірек айтайын. Біріккен Ұлттар Ұйымының ішіндегі маңызды ұжымның бірі – ЮНЕСКО. Қазақстан биыл БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне төрағалық етті, осы дәрежеде Елбасымыз жақында Нью-Йоркте баяндама жасады. Бұл Қазақстанның абырой-атағы жағынан өте маңызды оқиға. Осымен қатар Білім және ғылым министрлігі биыл ЮНЕСКО-ның білім бойынша комитетінің дәстүрлі түрде төрағасы болды. Сондықтан білім саласының жаһандық бастамалар мен күн тәртібін, алдағы істейтін іс-шараларды біз төраға ретінде белсенді түрде талқылауымыз керек. ЮНЕСКО-ның пікірінше, мемлекет басшылары қол қойған, жаңа білім бағдарын беретін жаңаша білім хартиясы қазіргі әлемге қажет сияқты. Бұрынғы осы саладағы хартиялар өз міндетін жақсы орындады. Мәселен, міндетті тегін 9 жылдық мектеп, ұлдар мен қыздарға білімнің бір деңгейі, мектептен діннің бөлінуі, басқа да мәселелер тұтасымен орындалды деп айта аламыз. Бірақ заман өзгерді. Бүгінгі мектеп оқушылары үстіміздегі ғасырдың 30, 40, 50 жылдары 4.0 экономика саласында жұмыс істейтін болады. Заман талабына лайықты жұмыс істеу үшін алдын ала іс-қимылымызды жоспарлау керек. Кейбір елдерде дайындық шаралары жүріп жатыр. Ал енді бізге жаһандық сипаты бар әлем елдері қолдаған жаңа білім хартиясы керек. Мысалы, мемлекеттердің мектеп түлектерінің ақпараттық технологиялық белгілі бір деңгейде келіскенін көріп отырмыз. Оқушылардың ағылшын тілін пәндік деңгейде меңгеруі әр елде талқыланып жатыр. Ал құжатқа айналу мүмкіндігі екінші деңгейде. STEM білімін міндеттеу де кеңінен қолдау табуда. Жоғарыда айтылғандардың бәрі Қазақстанда қолға алынып жатыр. Сондықтан жалпыға ортақ стандарт жазу өте маңызды. Осыған Қазақстан өз үлесін қосу керек. Қорыта айтқанда жаңа білім хартиясын қабылдап, бүгінгі өркениетті адамзаттың білімі қандай болады деген түсінікке келгеніміз дұрыс. Сонда бәрі сабырға келіп, бәрі өз орнында болады. Нәтижесінде, 2020 жылы аталған хартияға Астана қаласында қол қоюға жұмыс істеуіміз қажет.

– Ғылым саласының қаржыландырылуы туралы қандай пікірдесіз?

– Жалпы, білім саласын қаржыландырудың үш жылдық конкурсы өтті. Бұған министрліктен бірде-бір шенеунік араласқан жоқ. Мұның барлығын Ұлттық ғылыми кеңес жасады. Нәтижесінде, ғылымды қаржыландыру үшін үш жылдық келісімге қол қойылды. Бірақ оған риза болғандар да, болмағандар да бар. Осы ұлттық ғылыми кеңестің шешімдерін дұрыс емес деп тауып, арызданғандар да бар. Осының ақ-қарасын анықтап ғалымдарға түсіндіру жұмыстарын жүргіздік. Ойланатын мәселелер де бар. Әрбір жоба бойынша шешім қабылдау үшін тек сараптама қорытындысын негізге алу керек пе? Әлде Ұлттық ғылыми кеңесте талқылау абзал ма? Бұл үшін кейбір заңнаманы өзгерту керек. Біз осы мәселелерді талқылауды бастадық. Бірақ бұл қайта-қайта айтылатын мәселе емес, күнделікті атқарылатын шаруа. Мен мүмкіндікті пайдаланып, елдегі ғылым болашағы туралы айтқым келеді. Менің ойымша, ғалымдарға, әсіресе жас ғалымдарға бағыт-бағдар керек. Бүкіл әлемде ғылымды қаржылай қолдау жүйесі күрделі түрде өзгеруде. Мысалы, жуырда Самсунг компаниясының жыл сайын ғылымға 14 миллиард доллар бөлетіні туралы ақпарат жарияланды. Таңғаларлық жағдай. Бұл дегеніңіз ТМД елдерінің бәрінің Ресейді қоса алғандағы ғылым саласының 6-7 жылдық бюджеті. Мұны қандай да бір мемлекеттің өзінің мемлекеттік қорынан бөлу өте қиын, тіптен мүмкін емес. Ал енді жаңағы айтқан таңғаларлық жағдайдың сырына үңілсек, ойланып қарасақ, бұған таңғалуға болмайды. Соңғы 40-50 жылдың ішінде трансұлттық компаниялардың қарқынды өскені соншалықты, олардың айналымы орташа елдермен салыстыруға болатын деңгейге жетті, тіпті асып түсіп отыр. Мәселен, қазіргі таңда Toyota, Volkswagen, Apple компанияларының қай-қайсысының да қаржылық айналымы Греция, Португалия, Қазақстан немесе Алжир сынды елдерден көп үлкен. Әрине мемлекет ғылымға өз шама-шарқымен керекті қаражатын бөледі. Дегенмен, мемлекеттің әлеуметтік саладағы шығындары өте көп. Мысалы, зейнеткерлердің ақшасы, оқытушылар мен дәрігерлердің еңбекақасы, жолдар салу, шекаралардың іргесін бекіту, тағы-тағы осындай шаруалар мемлекеттен көп қаржыны талап етеді. Сондықтан мемлекет бөлетін қаржымен қатар, біз әлемдік табысы мол, ғылымға көп қаржы бөліп отырған компаниялармен де тығыз байланыс жасап тиісті жобаларды ұсынуымыз керек. Мысалы, бір жылда 45 миллиард доллар табыс табатын Уоррен Баффет зейнеткерлерді, оқытушылар немесе шекарашылар армиясын асырамайды. Әрине салық төлейді, ал қалған табысы өзінде қалады. Уоррен Баффет үшін бір-екі миллиард қаржыны (бұл Ресейдің ғылымға бөлетін 8 бюджеті) АҚШ-тың немесе Израильдің бір университетіне бөлу қиын шаруа емес. Ол солай болып та отыр. Біз болсақ, мемлекет ретінде барлық табысымызды жұмсап, жетпегенімізді қарызға аламыз. Әлеуметтік салаға арналған біздегі бюджеттің 1,5-2 пайыз тапшылығы бар. Ал жағдай әрі қарай күрделі түрде өзгере беруі мүмкін. Бүгінде Apple, Volkswagen, Intel компаниялары ғылымға орта есеппен 15 миллиардтан жұмсаса, ертең 50 миллиардтан жұмсай бастауы мүмкін. Ал мемлекеттің, шағын мемлекеттің мүмкіндігі бұл жағынан шектеулі. Мемлекеттің жоғары зейнетақы алғысы келетін, мұғалімдердің жалақысы жоғарылағанын талап ететін, жаңа, жақсы медицинаны қалайтын, жаңа жолдардың салынғанын, жаңа мектептердің көбейгенін, жастарға гранттардың көбірек бөлінгенін қалайтын және сонымен бірге қаржыны көбірек сұрайтын қартайып бара жатқан халқы бар. Президент соңғы бірнеше Жолдауында біздің әлеуметке бағытталған мемлекет екенімізді үнемі айтып, түсіндіріп келеді. Біз бірінші кезекте әлсіздерге қамқор боламыз, халықтың жедел қажеттіліктерін өтейміз, мәселен, 2 миллион қазақстандыққа газ жеткіземіз. Бізде ғана емес, мемлекеттердің басым көпшілігінде жағдай осылай. Яғни қазіргі үрдістерге қарасақ, Самсунгтің бұл қадамына таңғалуға болмайды. Мен тек оның қаншалықты тез әрі ауқымды жүргізілгеніне тәнті болдым.

– Енді біздің ғалымдар не істеуі керек?

– Енді мына сауалға назар аударайық. Самсунг ғылымға бөлген аталған 14 миллиардтың қаншасы Кореяның өзінде қалды? Мен интернеттен іздестіріп көрсем, 10 пайыздан аспайтын бөлігі өз елінде қалған екен. Жаһандық компания ретінде Самсунг өзінің ең үздік жобаларын іске асыру үшін дүние жүзінің түкпір-түкпіріндегі елдерге: АҚШ, Израиль, Франция, Үндістан сынды мемлекеттерге олардың ғылыми орталықтарына, ғылыми топтарына тапсырыс береді. Естуімше, соңғы уақытта белорустардың да аздаған үлесі бар екен. Менің не айтқым келіп отыр? Жаһандық ғылымға салынатын жаһандық аса ауқымды корпоративтік инвестициялар әлемі қалыптасты, оған түрлі елдердің ғылыми ұжымдары таласады. Бұл таластың ұлттық шекарасы жоқ. Қазірдің өзінде әлемдегі негізгі ғылыми қаржыландыру соған көшті деуге болады. Осы даму қарқыны бойынша таяу болашақта үкіметтердің ғылымға жұмсаған қаражаты осы нарықтың түкке тұрмайтын бөлігімен бірдей болып қалады. Байқауымша, ТМД кеңістігінде жаһандық ғылымды қаржыландыру нарығына жүйелі түрде назар аударған алғашқы әрі әзірге жалғыз ел Беларусь ғана, онда да тек IT саласына және өте төмен деңгейде. Бірақ ең бастысы, олар дұрыс бағытқа бетбұрыс жасады. Өзімнің есептеулерім бойынша, белорустардың шетелден тартып жатқан ғылыми қаражаттарының көлемі ТМД-ның өзге елдерін қоса алғандағыдан асып түседі. Меніңше, олар тез ілгерілейді.

– Осы бағытта бізде не істеліп жатыр?

– Қазақстанда Дүниежүзілік банктің ғылымды дамытуға арналған несиесі келісілді. Пайымдауымша, несиенің ең маңызды бөлігі Қазақстанның 25 мың белсенді ғалымына ағылшын тілін, сондай-ақ халықаралық ұйымдар мен компанияларға зерттеулерді қаржыландыру туралы өтініш тапсыруды үйретуге жұмсалады. Қарапайым тілмен айтар болсақ, жаһандық «бәліш» бар, бізде сапалы білім бар, бірақ жаңағы «бәліште» алуға қажетті тіл мен түсінік жоқ. Бұл – бір. Екіншіден, ғалымдарды Самсунгке пайдалы болуды үйрету үшін алдымен Қазақмысқа, BI Group-ке, Қазатомөнеркәсіпке пайдалы болуды үйрету керек. Яғни ғылымды қаржыландырудың негізгі бағыты ретінде бизнес тарапымен бірге қаржыландыру керек. Бұл үш жылдан бері бізде енгізіліп келеді. Үшіншіден, корпорациялардың ғылымға ақша салатын орны ретінде анклавтар құрудамыз, бұлар: Назарбаев университеті, Ұлттық биоинженерлік орталық, Астана IT хабының жобасы. Төртінші, ең бастысы, халыққа ағылшын тіліндегі физика шын мәнісінде керек екенін сендірудеміз. Егер ғалымдарымыздың келешек буыны жоғарыда айтқан «бәліште» алу үшін араласқанын қаласақ, оны мектеп қабырғасынан бастап үйрету керек.

– Мектеп түлектеріне грант бөлуде қандай жаңалық болады?

– Қосымша гранттар бөлу мәселесіне келейік. Біз әзірлік жұмыстарын аяқтап, қаулы жобасын министрліктер мен «Атамекен» ұлттық палатасына жібердік. Енді олардың ұсынысын күтіп отырмыз. Сондай-ақ жобаны жоғары оқу орындарына да жібердік. Олар қарап, өздерінің ұсыныстарын енгізуі керек. Министрліктерден гранттар бойынша келісулерді жеделдетуді өтіндік. Себебі ҰБТ-ға дейін аз уақыт қалды, қандай мамандықтарға қанша грант бөлінгенін бәрі білгісі келеді. Біз бұрынғы жылдардағы сараптамаларды негізге ала отырып, талапкерлерге әр мамандық бойынша шекті балдың қанша болатынын хабарлаймыз. Мақсатымыз – талапкерлер алдын ала дайын болуы үшін оларға барынша толық әрі егжей-тегжейлі ақпарат ұсыну.

Әңгімелескен
Думан АНАШ,
«Егемен Қазақстан»

Салық жүктемесі азаяды

Ерболат ДӘУЛЕТҚАЗИЕВ,
Қазақстан Коммунистік халық партиясы Атырау облыстық комитетінің бірінші хатшысы

Қай мекеменің болсын, негізгі тірегі – қызметкерлер. Кәсіпорынның да табыстылығы кәсіби маманға тікелей байланысты. Сондықтан елімізде жұмысшылардың қауіпсіздігін сақтау, әлеуметтік әл-ауқатына қолдау білдіру жайы алдыңғы кезекке қойылған.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Парламент палаталарының бірлескен отырысында жариялаған Үндеуінде осы мәселеге ерекше назар аударылып отыр. Бастаманың халықтың әлеуетін көтерер оңды бағыт екені даусыз.

Әсіресе, еңбекақысы төмен қызметкерлердің айлығын көбейту үшін олардың салық жүктемесін азайтуға қатысты нақты тапсырмалар жүктелді. Яғни келесі жылдан бастап ол он есеге азайтылмақ. Бір пайыз ғана салық салуды ұсынған Елбасы ай сайын ең төменгі есептік көрсеткіштің 25 еселенген көлемінен аз жалақы алатындарға салынатын жеке табыс салығы азайтылатынын мәлімдеді. Ал одан алынатын қаржы мамандардың еңбекақысын көтеруге жұмсалмақ.

Біз бұл бастаманы қызу қолдаймыз. Өйткені нарықтағы баға шарықтап тұрған шақта бұл қарапайым жұмысшы табысына үстеме болары сөзсіз. «Іс тетігін кадр шешеді» демекші, айлығы көбейген қызметкердің еңбекке деген құлшынысы артатынына сенім мол.

Жалпы, бес әлеуметтік бастаманы жүзеге асыру еліміз үшін жақсы жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді. Елбасы осының барлығына берекелі бірлігіміз арқылы жеткенімізді атап айтты. Алдағы ауқымды жұмыстарға орай тиісті заңнамаға қатысты нормативтік актілер бойынша түзетулер жасалады.

Тұрғын үй құрылысына серпін береді

Арнұр НҰРМАҒАНБЕТОВ,
Қызылорда облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары

Елбасының 5 әлеуметтік бастамасының ішінде әсіресе «7 – 20 – 25» бағдарламасының маңыздылығын айтып жатудың өзі артық. Баспана адамның тұрмыс-тіршілігіндегі ең басты қажеттілік деп санайтын болсақ, Президент ұсынып отырған жаңа бағдарлама тұрғындардың баспанаға қолжетімділігін бұрынғыдан да жеңілдете түседі.

Соңғы жылдары еліміз тұрғызылған баспана бойынша рекордтық көрсеткіштерге қолжеткізілуде. Солай бола тұрса да баспанаға мұқтаж жандар әлі де жеткілікті. Енді «7 – 20 – 25» бағдарламасы бойынша ипотекалық несиенің жылдық өсім мөлшері 7 пайыздан аспайды. Ал алғашқы жарна бұрынғыдан әлдеқайда жеңіл – 20 пайыз ғана. Сонымен бірге оның мерзімі 25 жылға ұзаруы себепті ауыртпалығы да байқалмайтын болады. Сөз жоқ, бұл бағдарлама өз кезегінде тұрғын үй құрылысының жаңа серпінмен алға басуына тікелей әсер ететін болады.

Осы ретте біздің облыста өңір тұрғындарының әлеуметтік осал тобын мейлінше қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз етуді мақсат етіп, 3 жылға есептелген «Орда» тұрғын үй құрылысының жол картасын әзірлегенін атап өткен жөн. Несиелік тұрғын үйдің көп балалы отбасылар, мүмкіндігі шектеулі аз қамтылған топтардың барлығына бірдей қолжетімді еместігін ескеріп, «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында салынып жатқан несиелік тұрғын үйлерді жергілікті бюджет есебінен сатып алуға жыл сайын облыстық бюджеттен 2 млрд теңгеден қаржы бөлу туралы шешім қабылданды.

Сыр өңірінде баспана құрылысы жыл өткен сайын өрістей түсуде. 2017 жылы 1983 пәтерге арналған 47 көп пәтерлі тұрғын құрылысы жүрсе, соның ішінде мемлекет қаржысы есебінен 1600 пәтерлі 36 үй пайдалануға берілді.

Орталық Азия мүддесі бір арнада тоғысты

Бүгін Астанада Орталық Азия елдері, соның ішінде Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Түрікменстан және Өзбекстан Республикасы басшыларының жұмыс (консультативтік) кездесуі өтеді. Түрікменстанда жоғары деңгейдегі іс-шаралардың алдын ала жоспарлануына байланысты бұл елден Меджлис төрайымы А.Нурбердыева қатысады.

Соңғы 13 жылда Орталық Азия елдерінің басшылары көпжақты ұйымдар аясынан тыс жерде кездеспегендігін атап өткен жөн. Сондықтан Астанада аймақтағы қордаланған мәселелерді талқылауға мүмкіндік туғалы отыр. Бұл кездесу мемлекеттердің өзара байланысының нығаюына серпін береді деген үміт бар. Күрмеуі қиын мәселелердің шешілер орны да Астана болғалы тұр.

Мысалы, қазір Орталық Азия аймағында су ресурстарын тиімді пайдалануға байланысты келіспеушіліктер бар. Өңірдегі мол судың көзі Қырғызстан мен Тәжікстанда болғандықтан, олар көршілерінің тәуелділігін ескере бермейді. Оның үстіне, соңғы жылдары суды уақтылы жіберу, көлемін сақтау, судың сапасына байланысты келісімдер ішінара орындалмай қалып жүр. Бұл жерде Орталық Азия мемлекеттері басшыларының саяси қарама-қайшылық ұстанымдары да кедергісін тигізбей қойған жоқ. Мысалы, дәл осындай дау Өзбекстан мен Тәжікстан арасында туындады. Дегенмен, Өзбекстанның қазіргі билігі соңғы кездері Орталық Азия мемлекеттерімен байланысқа мүдделілік таныта бастағанын байқап отырмыз. Өйткені жуырда ғана Өзбекстан басшысының Тәжікстанға сапары екі мемлекет арасындағы қарым-қатынастың жақсаруына едәуір әсер етті.

Орталық Азия экономикалары бірін-бірі толықтырып отыруға да қауқарлы. Мысалы, су электр стансалары қуатты Қырғызстан мен Тәжікстан жазғы уақытта электр энергиясын экспорттай алады. Ал керісінше қыс мезгілінде судың көлемі азайып, энергияға тапшылықтан көз ашпай келеді. Дәл осы сәтте Қазақстанның өзінен артылған энергияны аталған мемлекеттерге экспорттауға мүмкіндігі бар. Кеңес одағының тұсында Орталық Азияның энергетикалық жүйесі ортақ болатын. Бірақ бұл жүйе осыдан он шақты жыл бұрын Өзбекстанның сырт айналуынан кейін бұзылып тынды. Енді қазір өндірісі қарқын алып, электр энергиясына сұраныс артуына байланысты Өзбекстан тарапы сол жүйені қалпына келтіруге қызығушылық білдіріп отыр.

Орталық Азия өңірінде шешімін таппай отырған мәселелердің бірі – миграцияны жүйеге салу. Бүгінде Қазақстан сырттан ағылған еңбек мигранттарының есебі бойынша Ресейден кейінгі орынға орнықты. Жылма-жыл елімізге Қырғызстан, Өзбекстан мен Тәжікстаннан келушілер саны өсіп келеді. Ең күрделісі, аймақта заңсыз миграция белең алып тұрғандығын байқаймыз. Оған қоса мигранттардың құқықтарын қорғау, еңбегін заңдастыру да өзекті мәселелердің қатарынан орын алады. Президенттердің кездесуінде бұл мәселеге байланысты да ұсыныстар болады деген үміт бар.

Қырғызстан мен Өзбекстан, Тәжікстан мен Өзбекстан, Тәжікстан мен Қырғызстан арасындағы шекаралардың әлі де нақтыланбаған бөліктері қалып отыр. Әсіресе Ферғана аңғарындағы шекараның түйіскен тұсында ауылдарды бөлуге байланысты ортақ шешім жоқ. Бұл оңай шешілетін мәселе болмағанымен, Өзбекстанның көршілеріне қатысты жаңа саясатына байланысты туындаған оң мүмкіндіктерді жоққа шығаруға болмас.

Шекаралас елдерге сырттан төнетін қауіп-қатер де ортақ. Аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мемлекеттердің күш біріктіруі қажет екендігі даусыз. Халықаралық терроризмге қарсы күрес, Ауғанстаннан бастау алатын есірткі тасымалына тосқауыл қою да Орталық Азия мемлекеттері үшін ортақ мүдде іспеттес. Оның үстіне әлемдік геосаяси күштердің осы өңірде өз ықпалдарын жүргізуге тырысып отырғанын да қаперден шығармай, қауіптің бетін қайтару үшін күш біріктіру де қажет. Бұл мәселелер мемлекеттер басшыларының осы жолғы кездесуінде талқылануы бек мүмкін.

Бұл мемлекеттерде сауда-саттық, инвестиция, тұтастай экономика саласында да шешімін таппай отырған мәселелер кездеседі. Өзара сауда байланыстарының деңгейі төмен, қарқыны бәсең. Мәселен, Қазақстанның Ресеймен, Қытаймен сауда-саттығы қызып тұр. Ал Орталық Азия аймағында осындай өзара тиімді байланысқа сұраныстың артуына қарамастан, бүгін тек кедергілердің көптігін мойындаудан аспай келеміз. Көршілес нарыққа шығудағы тосқауылдар, тауардың еркін импорт-экспорты жолындағы кедергілер де Президенттердің кездесуінде ашық талқылануы ықтимал.

Қазақстан мен Өзбекстан арасында соңғы кездері ғана қалыптасқан жаймашуақ әріптестіктің арқасында өткен жылы теміржол байланысы қалыптасты, шекарадағы өткізу бекеттері жаңартылды. Өзбекстан мен Тәжікстан арасы дәл осылай жақындай түсті. Демек, нақты мәселелер бар, оларды шешу жолдары да айқын.

Орталық Азия мемлекеттері ТМД көлемінде ғана емес, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Еуразиялық экономикалық одақ, Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы сияқты бірлестіктер аясында бас қосып жүргенімен, Астанада өтетін өзара кездесудің жөні бөлек болғалы тұр. Оның үстіне, тәуелсіздік алғалы қандай да бір бейтараптық бағыт ұстанған Түрікменстан билігінің де соңғы жылдары аймақтық әріптестікті дамытуға мүдделілік танытып отырғандығын атап өткеніміз жөн. Өйткені экономика мен қауіпсіздік саласындағы мәселелерді жаһандану дәуірінде бір мемлекеттің дербес шешуі оңайға соқпайды. Сыртқы тегеурінге қарсы ынтымақтастықтың ғана әлеуеті жоғары. Бірақ Түрікменстанның «жабық» саясатын ескере отырып, оларды интеграциялық ұйымға мүше болуға дайын деп те айтуға асықпауымыз керек.

Соңғы 25 жылда Қазақстан тарапы көршілердің ауызбіршілігінің тиімділігін айтудайақ айтты. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев сонау жылдары Орталық Азия Одағын құру туралы да ұсыныс білдірді. Осы аралықта көршілерімізге одақтасуға тек саяси ерік-жігер жетпей келгендігін көріп отырмыз. Енді уақыт өте келе толыққанды, терең интеграция туралы айтуға ертерек болғанымен, аймақаралық экономикалық байланыстар, қауіпсіздік, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәселелері бойынша келісуге нақты мүмкіндіктер жетерлік. Қазақстан Президенті идеяларының жүзеге асатын күні жақындағандығын уақыттың өзі дәлелдеп отыр.

Жұмабек САРАБЕКОВ,
Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қоры жанындағы Әлемдік экономика және саясат институтының сарапшысы

Өзбекстанның Қазақстандағы жылы: Ұстанымдар ұқсастығы ортақ мақсаттарға жетелейді

Биыл Қазақстандағы Өзбекстан жылы болып жарияланғаны белгілі. Ал келесі жылы Өзбекстандағы Қазақстан жылы аталып өтпек. Қос мемлекеттің ынтымақтастығы тәуелсіздік алған сәттен бастап жаңа сипатта дамып, нығая түсті.

Кеңес одағы ыдырағаннан кейін 1991 жылы тәуелсіз Қазақстанның тарихында жаңа кезең басталды. Елдің ұлттық тарихында да үлкен бетбұрыстар жасалып, елеулі оқиғалар болды.

Қазақстан жолы – посткеңестік мемлекеттердің ішінде аумағы жағынан екінші орын алатын ірі жол. Мұнда 130-ға жуық этнос өкілдері тату-тәтті өмір сүруде. Мұның өзі жас мемлекеттің тұрақтылық пен орнықты дамуға қол жеткізіп келе жатқанын аңғартса керек. Бүгінге дейін мемлекеттіліктің берік негізі қаланып, экономика тұрақты түрде өркендеді және барлық елмен жарасымды қарым-қатынас қалыптасты.

Қазіргі таңда Қазақстанның алдында тұрған мақсат-міндеттері мен алдағы жоспарлары бәріне айқын. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған «Қазақстан-2050» Стратегиясы мен «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты биылғы Жолдау қазақстандықтардың тың серпіліс жолына түскендігін көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы мен өткен жылы Өзбекстан Республикасының Президенті Ш.М.Мирзиёевтің ел парламентіне, Олий мажлисіне арнаған Жолдауы арасында бір үндестік бары сезіледі. Өзбекстан тарихында тұңғыш рет қабылданған бұл бағдарламалық құжатта Өзбекстан Президенті бүгінгі жағдайға қазақ әріптесі тәрізді әділ бағасын беріп, болашақтағы міндеттерді айқындап өтті.

Н.Назарбаев Жолдауын стратегиялық, яғни көкжиектен көзге шалынған межелерге жету стратегиясы және әлемдік ұлы көштен қалмау үшін дамудың сара жолын анықтайтын бағыт деп те қарауға болады.

Президент алға қойған 10 басты міндетті жүзеге асыру Қазақстанның түпкі мақсатына жетуіне – дамыған 30 елдің қатарына кіруіне даңғыл жол ашады.

Бұл арада маңыздылығы мен тиімділігі бойынша үш мәселенің бетін ашып алу қажет.

Алдымен модернизацияның негізі болып табылатын адам капиталы екені рас. Барлық жастағы азаматтарды түгел қамтитын алдыңғы қатарлы білім жүйесін қалыптастыру міндеті айқын. Сапалы білімнің бастауын Президенттің өзі «Жалпыға қолжетімді кәсіби-техникалық тегін білім» есебінен межелеп берді. Мұның қатарында негізгі мамандықтарға байланысты стандарттарды жасақтау мен жаңа білім беру бағдарламаларын құруды атап өтуге болады.

Екіншіден, қаржы секторында Президент банктер Үкіметпен бірлесе отырып, кәсіпкерлердің нақты экономикалық мүмкіндіктерін саралай келе, ұзақ мерзімді несиелеу қажет екендігін қадап айтты.

Үшіншіден, мемлекеттік тиімді басқарусыз қазақстандықтардың алдында тұрған өткір мәселелерді түбірімен шешу мүмкін емес деп есептеймін.

Қазақстан Президенті жолдаған бағдарламалық құжат шетелдік сарапшылар мен қоғамдастық тарапынан жоғары бағаланып отыр. Әлем Қазақстанның тұрақты, сенімді, төзімді мемлекет екендігін әлдеқашан мойындап қойған. Демек, Қазақстан тек посткеңестік аймақтағы ең ірі мемлекеттердің бірі ғана емес, алдымен бейбітшіл саясаты арқылы танымал ел екендігі талас тудырмайды.

Қазақстан мен Өзбекстанның бүгінгі саясаты 1991 жылы іргетасы қаланған мемлекеттік және қоғамдық реформалардың заңды жалғасы болып табылады. Енді міне, тәуелсіздік жылдарында дүниеге келген буын өсіп жетілді. Осыған байланысты мемлекетті қалыптастырудағы тәжірибені енді қазіргі ұрпақтың талабы мен тәрбиесіне қатыстырып, мемлекеттің әрі қарайғы тұрақты дамуына жұмсауымыз қажет.

Қос мемлекеттің байланысы мәдени-гуманитарлық, тарих ғылымы және білім салаларында да жалғасын табуы тиіс.

Алишер САБИРОВ,
Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогикалық университетінің докторанты, тарих ғылымдарының кандидаты

Абай мұрасы Өзбек елінде кеңінен насихатталады

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёев қазақтың данышпаны, ұлы ақын Абайдың шығармашылығын кеңінен тарату және насихаттау жөнінде 13 наурызда арнайы қаулы қабылдады.

Жақсыбай САМРАТ,
«Егемен Қазақстан»

Онда Абайдың даналық сөздері адамгершілік пен ізгіліктің жоғары идеалдарын насихаттап, қазақ халқының ғана емес жалпы түркі дүниесінің, соның ішінде өзбек халқының рухани даму тарихында терең із қалдырғаны атап көрсетіліп, оның барлық өмірі мен ісі өз халқына адал қызмет қылудың, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды жеткізудің жарқын үлгісі екендігі айтылған.

Қаулыда Өзбекстан мен Қазақстан арасындағы достық пен ынтымақтастық қатынастарды дамыту бүгінгі таңда жаңа деңгейге көтерілгені туралы да айтылып, осындай жағдайда Абай сияқты данышпандардың өлмес мұрасы бұрынғыдан да тереңірек мазмұнға ие болатыны атап өтілген.

Шавкат Мирзиёевтің қаулысы көптен бері зерттеліп, барлық тиісті ведомстволардың ұсыныстары мен пікірлері ескеріле отырып қабылданғаны да көрініп тұр. Атап айтқанда қаулыда Өзбекстанның Мәдениет, Жоғары және арнаулы орта білім, Халыққа білім беру, Сыртқы істер министрліктері, Баспасөз және ақпарат агенттігі, Жазушылар одағы, Ғылым академиясы, Республикалық рухани және ағартушылық орталық, Министрлер Кабинетінің жанындағы шетелдермен ұлтаралық қатынастар және достық байланыстар жөніндегі комитеттің, сондай-ақ Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасын тарату және насихаттаумен айналысатын қоғамдық ұйымдар өкілдерінің ұсыныс-пікірлері ескеріліп, мақұлданғаны көрсетілген. Ол ұсыныстардың барлығы да екі халықтың арасындағы достық пен бауырластықты, сондай-ақ мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытып, Өзбекстан халқын, әсіресе жастардың арасында қазақ әдебиеті мен өнерін таныстыру мен насихаттауды мақсат еткендігі айтылған. Сонымен қатар қаулы осы шараларда іске асыратын Ұйымдастыру комитетінің құрамын да бекіткен және оған бір айлық мерзім ішінде шаралар жоспарын әзірлеуді тапсырған. Онда қандай маңызды дүниелерді қамту керектігі де көрсетілген. Соның ішінде «Сайланма» деген атпен Абайдың таңдамалы шығармаларын және «Өзбек-қазақ әдеби байланыстары» деген тақырыппен әдеби-сараптамалық жинақ басып шығару, сондай-ақ оқу орындарындағы шаралар, Абайдың Ташкенттегі ескерткішінің алдында туған күніне байланысты еске алу шарасын өткізу, студенттер мен оқушылар арасында Абай шығармашылығы бойынша конкурстар жариялау, БАҚ-тарда өткізілетін шаралар және т.б. атап көрсетілген. Ал қаулының орындалуы премьер-министрге жүктелген.

Құжаттың өне бойынан қазаққа деген шын жүректен шыққан жақындықтың ізі сезіліп тұр.

Мүгедектер құқығын қорғау Женевада қаралды

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Светлана Жақыпованың басшылығымен Қазақстанның делегациясы Женевада БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің (БҰҰ АҚЖК) 37-сессиясына қатысты.

С.Жақыпова мүгедектер құқықтары мәселесі бойынша БҰҰ арнайы баяндамашысы Каталина Девандас-Агилярдың интерактивті диалогы шеңберінде сөз сөйледі. Диалог барысында сарапшының 2017 жылғы қыркүйектегі Қазақстанға сапары нәтижесі бойынша дайындаған баяндамасы ұсынылды. Бұл құжат еңбек және әлеуметтік қамту, инклюзивті білімді енгізу, сайлау құқықтарын жүзеге асыру, құқықтық көмектің қолжетімділігі, сонымен қатар еліміздегі мүмкіндігі шектеулі адамдардың мүмкіндіктері мен құқықтарын әрі қарай ұлғайту бойынша сарапшы ұсыныстарын және Қазақстандағы басты әлеуметтік салалардағы мүгедек тұлғалардың жағдайын кешенді және жан-жақты талдауды қамтиды.

Арнайы баяндамашы Қазақстан Үкіметіне шақырғаны және өзінің мандатымен тығыз ынтымақтастық орнатқаны үшін алғыс білдірді. 2015 жылы ратификацияланған Мүгедектер құқықтары жөніндегі БҰҰ Конвенциясы шеңбергіндегі міндеттерді орындаудағы мемлекеттің нәтижелі жұмысы ескерілді. Өз кезегінде, министрдің орынбасары сарапшы баяндамасына орай жасалған Қазақстан Үкіметінің түсініктемелерін ұсынып, мүгедек адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттің әрі қарайғы қадамдары туралы жеткізді.

Сол күні Женевадағы Қазақстанның тұрақты өкілдігі Каталина Девандас-Агилярмен бірлесіп, Адам құқықтары жөніндегі кеңеске мүше мемлекеттер мен байқаушы делегациялар, сонымен қатар халықаралық үкіметаралық және үкіметтік емес ұйымдар үшін Конвенцияны имплементациялау бойынша Қазақстанның тәжірибесіне арналған іс-шара өткізді.

Іс-шараның спикерлері ретінде Мүгедектер құқықтары жөніндегі БҰҰ Комитетінің төрағасы Терезия Дегенер, Халықаралық мүгедектер альянсының адам құқықтары бойынша аға кеңесшісі Силвия Кван және «Шырақ» мүгедек әйелдер ассоциациясы» қоғамдық бірлестік басшысы, Қазақстан Үкіметі жанындағы мүгедектік істері бойынша үйлестіру кеңесінің мүшесі Ләззат Қалтаева сөз сөйледі.

Іс-шараның басты мақсаты Қазақстан Үкіметі жанындағы мүгедектер істері бойынша сәтті жұмыс істеп жатқан үйлестіру кеңесінің тәжірибесі негізінде БҰҰ Конвенциясының шеңберінде міндеттерді орындау бойынша Қазақстанның сәтті тәжірибесі мен Конвенцияның 33-1-бабында қарастырылған үйлестіру механизмін құру мен оның қызметіне қатысты практикалық нұсқама жөнінде хабарлау болды.

Өз кезегінде, Женева қаласындағы БҰҰ және басқа халықаралық ұйымдар жанындағы Қазақстанның Тұрақты өкілі, елші Жанар Айтжанова қатысушыларға Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың жаңа бес әлеуметтік бастамалары туралы хабарлап, оларды жүзеге асыру барысында мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқықтарына ерекше назар аударылатындығы жөнінде атап өтті.

«Егемен-ақпарат»

Жапония үкіметі қазақстандық жобаларға грант бөлді

Мәдина ЖӘЛЕЛҚЫЗЫ,
«Егемен Қазақстан»

Жапонияның Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Итиро Кавабата «Шөп тамыры» адам қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша әлеуметтік жобаларына арналған қайтарымсыз көмек көрсету гранттарын тапсыру жөніндегі келісімшарттарға қол қойды. Осы орайда Елшілік еліміздегі 2017 жылы қабылданған жеті әлеуметтік жобаны жүзеге асыруға 395 мың АҚШ долларын бөлді.

И.Кавабатаның айтуынша, гранттар Жапония үкіметінің «KUSANONE» жобасы шеңберінде бөлініп отыр және ол адамдардың өмір сапасын арттыруға бағытталған.

«KUSANONE» жобасы – Жапония үкіметінің ресми көмек көрсету бағдарламасы. Ол медициналық ұйымдар, білім беру мекемелері сияқты коммерциялық емес ұйымдарға қолдау көрсету арқылы адамдардың өмірін жақсарту мақсатында жүзеге асырылады. Бағдарлама қарапайым халықтың әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей ықпал ететін және табысы төмен ұйымдардың жобаларын қолдауға бағытталған.

«Биыл біз жеті жобаны қаржыландыруға грант бөліп отырмыз. Ол жобалар негізінен білім алу мекемелерінің терезелері мен жылыту құрылғыларын жаңартуға бағытталған. Соның нәтижесінде біз жас жеткіншектердің ыңғайлы және жарық жерде сапалы білім алуына мүмкіндік жасаймыз. Бағдарламаның басты мақсаты – адамзат қауіпсіздігін қамтамасыз ету. 1997 жылдан бері аталған бағдарлама аясында Қазақстанда жалпы сомасы 6 034 632 АҚШ доллары болатын 85 жоба қаржыландырылды», деді елші И.Кавабата.

Биыл Жапония елшілігінің гранттары терезелерді жөндеу жұмыстары бойынша Семей қаласының үш бірдей орта мектебіне берілді. Сонымен қатар жылыту жүйесін жөндеу үшін Маңғыстау облысының Шахтинск орта мектебіне, Жаңаөзен қаласының «Қызмет көрсету және жаңа технологиялар» колледжіне Маңғыстау ауылының №1 жалпы орта білім беру мектебіне қаражат бөлінді. Сондай-ақ Жетіқара ауданының психоневрологиялық аурулары бар және тірек-қимыл аппараттары зақымдалған мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған күндізгі күтімді кеңейту жобасына 32 326 АҚШ доллары көлемінде қаржы қарастырылған.

Аталған іс-шараға жеті мекеменің басшылары қатысты. Қазақстанның шалғай аймақтарынан келген олар Жапония елшілігіне өз алғыстарын білдірді. Олар бұл жоба екі ел арасындағы бірлікті нығайтуға, оқушылардың қолайлы жерде сапалы білім алуына үлкен қолдау болғанын атап өтті.

Жапония елшілігі өз кезегінде «Шөп тамыры» бағдарламасы әлеуметтік мәселерді шешуде, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға өз үлесін қосады деп үміттенеді. Бұдан бөлек, жоба екі елдің ынтымақтастық қарым-қатынастарын одан әрі бекітуге себепші болары сөзсіз.

«Екі ел арасындағы ынтымақтастық Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен басталды. Жапония үкіметі адам өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көп көңіл бөледі. Дәл осы бағытта біз 1997 жылдан бастап «Шөп тамыры» жобасын іске асыра бастадық. Бұл жоба екі ел арасындағы достық қарым-қатынастың одан әрі нығаюына өз үлесін қосады деп үміттенемін», деді Итиро Кавабата.

ТҮЙТКІЛ

Инновациялық жобалар нарық талабына төтеп бере ала ма?

Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында Атырау облысында қолға алынған жұмыстар жайлы жарыса жазғанбыз. Олардың арасында Қазақстанда ғана емес, ТМД-да теңдесі жоқ ғажап жобалар болды.

Бақытгүл БАБАШ,
«Егемен Қазақстан»

Алайда уақыт сынынан өту бәріне бірдей оңайға түспей тұр. Мысалы, елуден астам дәрідәрмек түрі шығарылады деген фармацевтикалық зауытты алайық. Мұндай үлкен кәсіпорын посткеңестік елдерде бұрын-соңды болмаған деп, жобаға сенім артқан едік. Амал не, орта жолға келгенде зауыт құрылысы тоқтап қалды. Жарғылық капиталдың 3 пайызы «Атырау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясына, 97 пайызы зауыт иелеріне тиесілі болатын. «Атырау» ӘКК өз кезегінде 800 млн теңге қарыз берді. Бастапқыда жобалауға байланысты проблемалар болыпты, кейін зауыттың басқарушы компаниясы қаржыны мақсатсыз жұмсағаны анықталған. Зауыт шығынның орнын толтырды дегенмен, жұмыстың алдағы бағыты дүдәмал күйде. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыс әкімінің бірінші орынбасары Сағындық Лұқпанов осы тектес жайттарды ашып айтты. – Жоба бастамашылары барлық мүмкіндікті қарастырамыз дегенмен, қазір зауыттың қаржылық ахуалы қиын, – деді ол.

«ПКФ Континент Ко ЛТД» ЖШС «Бизнестің жол картасы-2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында оптикалық-талшықты кабель зауыты жобасын қолға алған еді. Мұндай өндіріс орны біздің елде екеу ғана, бірі – Қостанайда, екіншісі – Атырауда. Зауыт жұмыс істеп тұр, бірақ өнімді «Қазақтелеком» АҚ қана алады. Басқа аса қажеттілік жоқ. Осыны ескерген жергілікті атқарушы билік мыс кабель шығаруды ұсынды. Бұл жерде бір атап өтерлік жайт, көптеген компания менеджмент қағидаларын қаперге ала бермейді. Жап-жақсы жобалардың орта жолда тұралап қалуына о баста өнімді өткізу, шикізатпен қамту, баға саясаты секілді маңызды мәселелерді ескермеу себеп болып отыр. Мұны облыс әкімінің бірінші орынбасары да жоққа шығармады.

Бәсекелестердің мүмкіндіктерін ескермеудің ақыры жақсылыққа әкелмейді. Мысалы, «Шеврон» компаниясының ілмекті арматура зауыты шығаратын өнімдердің нарықтағы құны жоғары. Басқа өндірушілер бұдан әлдеқайда арзанға ұсынғасын, сұраныс та аз.

– Біз зауыт басшылығымен бірнеше рет кездесіп, бұл жағдайдан шығудың жолдарын қарастырдық. Бірақ мемлекеттік тапсырыс аясында да заңнан аттап кете алмаймыз, – дейді С.Лұқпанов.

Мемлекеттің қыруар қаржысын шығындап қолға алынған жұмыстардың жарты жолда жүзеге аспай қалуы, әрине өкінішті. Ел сенім артқан инновациялық жобалар әлі де болса оңалып кетер деген үміт басым.

АТЫРАУ

ІЛКІМДІЛІК – ІЛГЕРІЛЕУ КЕПІЛІ

Қарабалық – ілкімді дамудың үлгісі

Нәзира ЖӘРІМБЕТ,
«Егемен Қазақстан»

Осыдан шамалы жыл бұрын өндіріс және өнеркәсіп кәсіпорындарының барлығы да Қостанай, Рудный секілді облыстағы ірі орталықтарға шоғырланатын. Қазір өңірдегі аудандарда өндіру және өңдеу кәсіпорындары жиі бой көтере бастады. Шекарадағы Қарабалық ауданы алдыңғы қатарда деп айтуға болады. Негізінен астық өндіретін қара топырақты ауданда «Тоғызақ астық өнімдері комбинаты» акционерлік қоғамы бірнеше өңдеу цехтары бар заманауи элеватор болып саналады. Мұнда қазір экструдерленген, түйіршіктелген және нығыздалған жем қоспалары, салқындай сығылған өсімдік майы шығарылатын цехтар қалыпты жұмыс істеп тұр. Комбинат аудандағы «Север-Агро Н» асыл тұқымды мал шаруашылығы, «Терра» бордақылау алаңы және «Ак-Бидай-Агро» агрофирмасы секілді бірқатар ірі ауыл шаруашылығы нысандарымен бірге облыстағы «Астық индустриясы» ірі агрохолдингі құрамына кіреді. «Терра» бордақылау алаңында қазір 8 мың ірі қара жемделеді. Ешқандай қоспасыз табиғи жем берілетін малдан алынатын ет сапасы да жоғары. Компания облыстағы ет кластерінің қалыптасуына үлес қосып отыр. «Север-Агро Н» шаруашылығы 3500 ет бағытындағы және 2800 сүт бағытындағы асыл тұқымды мал өсіреді. Шаруашылық селекциялық жұмыстар жүргізіп, мал тұқымының өнімді болуына және жергілікті табиғат жағдайына бейімделуін жүзеге асырады. Ал «Ак-Бидай-Агро» агрофирмасы 3-4 ауданда 85 мың гектар алқапқа бұршақ, майлы және жемазықтық дақылдар өсірумен айналысады. Олардың ішкі және сыртқы нарықта жоғары сұранысқа ие өнімі жергілікті жерде, оның ішінде Қарабалықта да өңделеді. Мұндай ірі шаруашылықтар Елбасы Жолдауында айтылған цифрландыру ісінің толық қайтарымы барлығына, еңбекті жеңілдететініне, шығынды азайтатынына көз жеткізгендіктен, қазірдің өзінде озық технологияларды өндіріске енгізуге кірісіп кеткен.

– Цифрландыру бағдарламасы бойынша мал шаруашылығында жаңалықтар енгізуді қолға алдық. Керек-жарағын Қытайдан алдырып, бақташы алдындағы малды чиптеуді бастаймыз. Асыл тұқымды малдың ұрланбауын және ол бір жерде жайылмай тұрып қалмауын компьютерден қадағалап отыратын боламыз. Сондай-ақ бордақылау алаңы да озық технология бойынша жабдықталатын болады. Бордақылау алаңындағы мал тәулігіне 700 грамм салмақ қосады. Қолдағы малдың 20 пайызы осы бордақылау алаңында тұрады, қажетті салмақ алынғаннан кейін оларды ауыстырып отырамыз, осылай үдеріс жалғаса беретін болады, – деді бас директор Дәулет Ахметқалиев.

Қарабалық ауданындағы Тоғызақ елді мекенінде «Север-АгроПродукт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қарақұмық өңдейтін зауыттың іргетасын қалап жатыр. Кәсіпорын зауыт құрылысына жұмсалатын 670 миллион теңге инвестициялық қаржыны өздері салып отыр. Зауыт жылына 12 400 тонна қарақұмық жармасын өндіретін болады. Негізі мұндай озық технологиямен жұмыс істейтін қарақұмық жармасы зауыты Қостанай қаласында да бар. Бірақ нарықты зерттеген кәсіпкерлер Қарабалықтан тағы да зауыт салуды қажет деп білді.

– Себебі біз өндіретін қарақұмық жармасы экспортқа бағытталады. Күнделікті пайдаланып жүрген термоөңдеуден өткен қоңыр түсті қарақұмық жармасын негізінен өзіміздің елде және ТМД елдерінде пайдаланады. Ал бүкіл әлем, әсіресе Корея, Жапония, Еуропа елдері жасыл түсті қарақұмық жармасын сұратады. Біздің зауыт осы жарманы да өндіретін технологиямен жұмыс істемек, – дейді кәсіпорын директорының орынбасары Хамит Дихаев.

Зауыт 2019 жылдың алғашқы тоқсанында іске қосылатын болады. Мұнда 28 қарабалықтық жұмыс орнын тауып, айына 70 мың теңге жалақы алатын күн де алыс емес. Сонымен қатар зауыттан жылына бюджет қоржынына 25 миллион теңге салық түсері тағы бар.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына «Президенттің әлеуметтік бес бастамасы» атты Үндеуін де қарабалықтықтар қуанышпен қарсы алды. Өткен жылы Тоғызақ селосына көгілдір отын келген болатын. Мұнда тұратын 356 түтіннен әзірше 50 үй ғана газ құбырына қосылыпты. «ҚазТрансГазАймақ» акционерлік қоғамы Қарабалық филиалының директоры Сергей Кожевниковтың айтуынша, көктем шыға тұрғындар көгілдір отынды үйіне кіргізе бастайтын болады, бірте-бірте ауылдың үйлері мен кәсіпорын, қоғамдық ғимараттар – барлығы да құбырға жалғанады. Қазірдің өзінде 152 үйдің құжаттары дайын тұр.

– Газ ең тиімді, арзан және экологиялық жағынан да тиімді отын. Сондықтан тұрғындар үйлерін де, осындағы кәсіпорындарды да, элеваторды да газ құбырына жалғау керек. Ауылға келіп тұрған игілікті орнымен пайдалануымыз қажет, – дейді облыс әкімі Архимед Мұхамбетов.

Қарабалық кентіндегі «Трапеза» наубайханасы шағын және орта бизнестің өңірлерде дамып отырғанына куә. Бұл кәсіпорын жылына 1600 тоннадан астам нан өнімдерін өндіреді. Ол Қарабалық және қатар жатқан Федоров аудандарын нанмен қамтамасыз етеді, оның сыртында тұтынушыға ондаған аталыммен нан және кондитер бұйымдарын, тұшпара секілді жартылай дайын тағам түрлерін де ұсынып отыр. Жергілікті нарықты толық игерген.

– Біз мына іргеміздегі Ресейдің Челябі облысы аудандарына да өнім шығаруға қуатымыз жетеді. Пештердің барлығы озық технологиямен жұмыс істейді. Өнім сапасына байланысты тиісті сертификаттарды да алдық. Бірақ кәсіпорын экспортқа өнім шығарушылар тізіміне тіркелуі керек екен, ол біраз жұмыстарды қажет ететін күрделі үдеріс. Алдағы уақытта оған да қол жеткіземіз деп ойлаймын, – дейді кәсіпорын жетекшісі Владимир Кригер.

Өңдеу кәсіпорындары мен шағын және орта бизнес жергілікті жерде дамығанда ауылдағылар жұмыссыз қалмайды, шет аймақтардың әлеуметтік жағдайы да жақсара түседі. Қарабалық – ауыл шаруашылығы дамуының жақсы үлгісі.

Қостанай облысы,
Қарабалық ауданы

ІЗДЕНІС ІЗДЕРІ

Алматыдағы индустриялық аймақ

3,2 миллиард теңгенің өнімін өндіріп, 252 жаңа жұмыс орнын жасақтады

Айнаш ЕСАЛИ,
«Егемен Қазақстан»

Алматыдағы индустриялық аймақтың жұмысының жандануына мемлекет қана емес, жеке адамдар да мүдделі. Бұл күндері желкенін келешекке керген индустриялық аймақ аумағында іске қосылған үш кәсіпорын толығымен қызметке кірісіп, тұрғындардың қажеттілігін қамтамасыз ете бастады.

Нақты айтқанда, алматылықтар «DOC Co.LTD» ЖШС жергілікті өндірісінің картридждерін, «Almapack Co.LTD» ЖШС қоспаларға арналған қағаз қаптарды, «BRB APK» жылыжай кешенінің балғын көкөністерін сатып алуға көшті.

Кәсіпорындар іске қосылған сәттен бастап 3,2 миллиард теңгенің өнімін өндірді. Қала бюджетіне 107 миллион теңге қаржы құйып, 252 жаңа жұмыс орнымен қамтамасыз етті. Қазір іске қосылған осы 3 нысан мен 2018 жылдың соңына дейін 12 жобаны қосымша енгізу нәтижесінде салық мөлшері 1 миллиард теңгеден асады деп күтілуде.

– Индустриялық аймақты дамыту қалалық әкімдіктің басты назарында тұр. Өнеркәсіптік аймақты дамытудағы ауқымды жұмыстар нәтиже бере бастады. Мысалы, ағымдағы жылы инфрақұрылымдардың құрылысын 62 пайызға, ал 2019 жылы толығымен аяқтауды жоспарлап отырмыз. Сол уақытқа қарай жұмысы аяқталған жобаларды қаперге ала отырып, тағы 22 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған, – деді өнеркәсіп кәсіпорындары қызметінің мониторинг бөлімінің басшысы Рүстем Ворошилов.

Бизнесті тиімді жүргізу үшін жасалған жағдайлар мен инфрақұрылымның іс жүзінде толық дайындығы шетелдік және қазақстандық инвесторлардың Алматы индустриялық аймағына деген үлкен қызығушылығын тудырады. Өткен жылы өтініштердің саны 2016 жылмен салыстырғанда 3 есеге артты. Инвесторларды Кәсіпкерлікті қолдау картасының көмегімен рұқсат қағаздарын ресімдеу мен жылдамдату бойынша әкімшілік кедергілердің төмендетілгені қызықтырады. Бұдан басқа барлық осындай кәсіпорындар Алматы индустриялық аймағының бір кластерлік секторында орналасқан. Сондай-ақ қала әкімі Бауыржан Байбектің тапсырмасы бойынша «Индустриялық аймақ» ЖШС жұмыс тобы және басқарушы компаниясы құрылды. Оның міндеті жобаны іске асыруды жеделдетуде инвесторларды қолдау және оларға барынша көмек көрсету бойынша әрбір инвестормен нақты жұмыс жүргізу болып табылады.

Бүгінде Алматы индустриялық аймағының аумағында 70 гектар бос жер телімі бар. Ал 200 гектардан астам жер телімі инвестициялық жобаларды іске асыру үшін кәсіпкерлік субъектілеріне бөлініп берілді.

АЛМАТЫ

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Ауыл маңайындағы жерлер мемлекетке қайтарылады

«Қазақстан Республикасының жер қатынастарын реттеу мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы Парламентте талқыланып жатыр. Бұл заң жобасына халық өкілдерінің қойып отырған талаптарына байланысты бірқатар өзгерістер мен түзетулер енгізу қарастырылған. Соның бірі ауылдық елді мекендер маңайында жайылымдардың жетіспеушілігін шешу мәселесі болып табылады.

Сұңғат ӘЛІПБАЙ,
«Егемен Қазақстан»

Бұл мәселенің ауыл тұрғындарын толғандыра бастағандығына біраз уақыт болды. Себебі түсінікті, ауылдарда жыл өткен сайын тұрғындар қолындағы мал саны көбейіп, осының нәтижесінде ауыл маңайындағы жайылымдық өріс тарыла түсуде. Бұған ауыл маңайындағы жерлердің кезінде ұзақ мерзімге жалға беріліп кеткендігі де әсер етуде. Аталған заң жобасында осы проблеманы шешу жолдары қарастырылған. Ол қандай жолдар?

Осы сұраққа жауап іздеп Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитеті төрағасының орынбасары Гүлжахан Бимендинаға хабарласқан едік.

– Жалпылай айтсақ, заң жобасында халықты толғандыратын, осы бойынша құрылған жер комиссиясында талқыланған мәселелер бойынша өзгерістер мен түзетулер енгізу қарастырылып отыр. Ауылдар маңайындағы жер телімдерінің мәселесін шешуде осындай үлкен төрт өзгерістің қатарына шығарылды.

Заң жобасы әзірленбес бұрын біз ауылдар маңайындағы жерлерге қатысты зерттеу, талдау жұмыстарын жүргіздік. Сол тұста көптеген қателіктер 1993 жылдары ауылдардың бас даму жоспарларын жасаған кезде жіберілгендігін аңғардық. Ол кездері, әрине ауылдардағы мал саны азайған тұс еді. Сондықтан ауыл маңайындағы көптеген жерлер жекеменшік қолына берілмесе де ұзақ мерзімге жалға беріліп қойылған екен. Енді осы проблеманы шешу үшін ауыл маңайындағы жерлерді мемлекет мұқтажына қайта қайтарып алу нормалары енгізілді. Ал қандай жер телімдерін қайтарып алу керектігін жергілікті әкімдіктердің өзі анықтайды. Өйткені жергілікті жер мен халықтың проблемасы ең әуелі соларға таныс қой. Ауыл маңайындағы жер телімдері кері қайтарып алынған соң, ол жерлерді ауыл тұрғындары бірлесіп пайдаланады. Бұл жерлер екінші рет ешкімге жалға немесе жекешелендіруге берілмейді, – деді Гүлжахан Амангелдіқызы.

Оның айтуы бойынша, алдағы уақытта мұндай мәселелерді халықтың талап-тілегін ескере отырып шешу үшін тең жартысы жергілікті халық өкілдерінен, тең жартысы мемлекеттік органдар өкілдерінен тұратын комиссиялар құрылып, жұмыс істейтін болады. Қандай жерді жалға беріп, қандай жерді сату конкурсына шығаруға болатындығын, ал қандай жер мемлекет меншігінде қалдырылатындығын міне, осы комиссия анықтайды екен.

БӘРЕКЕЛДІ!

Екі бірдей ет өңдеу комбинаты салынады

Шығыс Қазақстан облысында ет және ет өнімдерін өңдеу бойынша екі комбинат салынады. Бұл қадам мал шаруашылығы өнімдерін экспорттауда өте маңызды екендігі түсінікті. Өткен жылдың қорытындысы бойынша облыста 270 мың тонна ет өндіріліпті. Бұл көрсеткіштің 105 пайызы, ал республика бойынша ет өндіруде Шығыс Қазақстан екінші орында тұр.

Облыстың экономикалық даму деңгейінің басым бағыттарының бірі – аграрлық сектор. Мәселен, экспорт әлеуетін арттыру үшін облыста мал шаруашылығын дамытудың кешенді бағдарламасы іске асырылуда. Ал ет өндіру және өңдеу ісі өңір экспортын алдыңғы қатарға бастауы тиіс.

– Ең бастысы, бәсекелестікке бастар мүмкіндіктерді пайдалана отырып, артықшылықтар тиімді қолдану, – деді облыс әкімі Даниал Ахметов, – сондықтан жоғары сапалы дайын өнімдер нарығына шығу үшін аустралиялық «Еуразия АгроХолдинг» ЖШС компаниясымен тізе қосып, Аягөз ауданында ет өңдейтін комбинат салу жұмыстары жүргізілуде. Бұдан бөлек біздің тарапымыздан нысанға 468 млн теңгенің барлық қажетті инфрақұрылымы жүргізіліп, жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленіп жатыр.

Сондай-ақ «АгроПортал» ЖШС ирандық компанияның қатысуымен Семейде ет өңдеу комбинатының құрылысы бойынша ірі инвестициялық жобаны жүзеге асыруға дайын. Осы ретте өткен жылдың соңында ИДМ Инвестициялар комитеті мен «АгроПортал» ЖШС арасында инвестициялық келісімшартқа қол қойылғандығын атап өткен жөн.

Сонымен қатар Шығыс Қазақстанда халықаралық стандарттар бойынша ауылшаруашылық өнімдерін сұрыптаудың бүкіл жиынтығын жүзеге асыратын зертхана ашылады. Облыс басшысының айтуынша, «қытайлық стандарттар бойынша сертификаттау – аспанасты елінің нарығына апаратын төте жол».

– Біз үшін Қытай нарығы маңызды, – деді Даниал Кенжетайұлы, – қазіргі күні облыста қазақстандық өнімдерді қытайлық стандарт бойынша сертификаттау зертханасын құру жұмыстары жүргізілуде. Осы мәселе бойынша биыл қаңтарда Қытай Халық Республикасынан бір топ маман біздің облысқа келіп қайтты. Зертхананы орналастыратын ғимарат дайындалуда. Құны миллиардтан астам теңге болатын қондырғыны жеткізу жұмысын қазан айында бастаймыз.

Раушан НҰҒМАНБЕК,
журналист

СЕМЕЙ

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

«Егемен Қазақстан» газетінде ағымдағы жылдың 4 қаңтарында Ж.Самраттың «Алаштың алғашқы институтына 100 жыл» деген мақаласы жарық көрді. Автор мақаласында Қазақ педагогикалық институтының тарихын 1918 жылы сол кездегі Түркістан Советтік республикасының орталығы Ташкент қаласында Қазақ педагогикалық курсы ретінде ашылып, кейін (1920 ж.) Өлкелік Қазақ ағарту институты ретінде қайта құрылған оқу орнынан бастағанды қош көріп, тұңғыш қазақ жоғары оқу орнына 100 жыл толды деген тұжырымға келеді. Ж.Самраттың мақаласынан бұрын «Егемен Қазақстанда» (29.01.2015 ж.) осы ойды профессор Б.Сманов та жан-жақты негіздеуге ынғай танытқан. Аталған авторлардың бұл мәселеге жарық түсіруге ықылас білдіргені, әрине, құптауға лайық. Дегенмен, бүгінгі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің тарихымен тікелей байланысты бұл мәселеге қатысты ақиқатты нақтылап анықтай түсу қажет сияқты көрінді.

www.wikicity.kz

Еліміздің алғашқы жоғары оқу орнына – 90 жыл

Сонымен, қазақ топырағында тамыр жайған тұңғыш жоғары оқу орнына қанша жыл толды? Тарих бұлақтарына үңіліп көрейік.

Белгілі мемлекет қайраткері, мемлекеттік қызметін білім саласында бастаған Т. Жүргенов 1927 жылы жасаған баяндамасында 20-жылдардың басындағы қазақ қоғамындағы сауатсыздық 95% деңгейде болғандығын көрсетеді. Міне, осындай жағдайда білім жүйесінің алдында тұрған негізгі міндет, әрине, жалпы бұқара халықтың сауатын көтеру болғандығы түсінікті. Ал бұл кезеңде жалғыз қазақ жерінде емес, бұрынғы Ресей империясы көлемінде де сауатсыздық мемлекет үшін ең үлкен мәселелердің біріне айналды. Өйткені бұқара халықтың сауаттылық деңгейін көтермей ең өзекті қоғамдық мәселелерді шешу мүмкін емес еді. Соған байланысты Ташкентте 1918 жылы ашылған түрлі өлкелік педагогикалық курстар мен Қазақ ағарту институтының стратегиялық тұрғыдан міндеті мен мақсаты, әрине, бірінші кезекте сауатсыздықпен күрес болатын. Яғни білім беру ісін жүргізудің алғашқы сатысы сауатсыздықты жою еді. Оқу орындарының қызметі ең алдымен осы міндетке жұмылдырылды.

1918 жылы 20 қарашада Ташкент қаласындағы орыс педагогикалық училищесінің жанынан ұйымдастырылған алты айлық курстар қазақ мектептері үшін арнайы мұғалімдер даярлайтын алғашқы оқу орны еді десе де болады. Осы курстарда сабақ жүргізу үшін Перовск (қазіргі Қызылорда) қаласынан Қ.Қожықов, Хиуадан А.Байсейітов, Шымкенттен С.Айзунов және басқа оқытушы мамандар шақырылады. Қазақ педагогикалық курсының жұмысын жүргізу үшін арнайы «Педагогикалық коллегия» құрылып, оның құрамына Х.Болғанбаев, С.Қожанов, Қ.Қожықов, Ф.Құлтасов және Е.Табынбаев еніп, курстың меңгерушісі болып И.Тоқтыбаев белгіленеді. 1919 жылы мамырда, міне, осы педагогикалық курстарды 145 адам аяқтап шығып, олардың бәрі бірдей қазақ мектептерінде мұғалім болып қызмет атқаратындығы жөнінде қолхат береді (Т.Тілеуқұлов, Г.Тілеуқұлова Из истории казахского педагогического института в Ташкенте. Алматы, 2005, с. 27-28).

Қарқынды өзгерістер жолында тұрған өмір білім жүйесіне тынымсыз жаңа талаптар қоюмен болды. Қазақ педагогикалық курсы 1919 жылы 1 маусымда жеке педагогикалық училище болып бөлінеді де, өз ретінде осы училище 1920 жылы Қазақ Оқу-ағарту комиссариаты алқасының шешімімен Қазақ ағарту Институты болып қайта құрылады. Училищеге тиесілі материалдық-техникалық база түгелдей институтқа өтеді. Ташкенттік тарихшы ғалымдарымыз Шырынбек Оразымбетов пен Сейдуәлі Тілеуқұловтың мақсатты еңбегі арқылы жарық көрген жинақта Қазақ Ағарту институты өмірінен біраз мәліметтер бар.

Мәселен, ішкі істер комиссариатының өкілдері Елизаров пен Черняк қолдарын қойған актіде 1920 жылы 1 қазанда ашылған институттың «міндеті бірінші сатылы мектептер үшін жоғары-кәсіби мұғалімдер даярлау» деп көрсетіліп, оқу-ағарту институтының бағдарламасын Халық-ағарту комиссариатының тапсырмасы бойынша арнайы құрылған комиссия даярлайтындығын ескертіп, «қазіргі уақытта шамамен II сатылы мектеп және ішінара жоғары оқу орындары бағдарламасын басшылыққа алып отырғандығы баяндалады.

Институттың 1920-1921 оқу жылына байланысты даярлаған есебінде оқу орнының I сатылы мектептерге мұғалімдер даярлау ісіне басымдылық беріп отырғандығы, тек қазақ тілінде оқулықтардың жоқ болуына, сондай-ақ педагог кадрлардың тапшылығына байланысты II сатылы мектеп бағдарламасын ұстануға мәжбүр болып отырғандығы жөнінде айтылады.

Яғни бұл келтірілген фактілерден педагогикалық курстар мен училище сияқты, Қазақ ағарту институты да толыққанды жоғары кәсіби білімді педагогтар даярлау ісіне көше қоймағандығын байқау, әрине, қиынға түспейді. Ондай мақсатқа көшуге қажет алғышарттар түзіле қойған жоқ-тын. Соған байланысты «Қазақ ағарту институты туралы» Ережеде оның мәртебесі «педагогикалық орта оқу орны» дәрежесінде бекітілді. Негізгі оқу курсының мерзімі алдымен бес жыл, кейінірек төрт жыл болып белгіленді.

Дегенмен, Қазақ ағарту институты елімізде жоғары білім жүйесін даярлау ісінде аса маңызды міндет атқарғандығын айтқан жөн. Онда педагогтік кәсіпті игеру ісінде алғашқы жіктелу үдерісі жүрді. Мәселен, институтта педагогикалық топпен қатар тарихи-филологиялық, физика-математикалық және жаратылыстану-географиялық бөлімдері жұмыс істей бастады. Бұл топтардың тыңдаушылары жалпыбілімдік пәндермен бірге аталған бағыттарға қатысты арнайы пәндерді оқыту ісін қолға алды. Сондай-ақ педагогиканы дидактикамен бірлікте оқыту, психология, логика, мектеп гигиенасы, музыкалық және дене тәрбиесі сияқты пәндерді игеруге де назар аударылды.

Институттың кадр құрамы да іріктеле бастайды. 1922 жылдың 1 наурызына тиесілі оқытушылар тізімінен Абланов Сыдық (ана тілі), Байтурин Алажан (тарих), Байтурин Әділбек (математика), Байтасов Абдолла (қазақ тілі), Досмұхамедов Халел (гигиена), Колесникова Серафима Васильевна (орыс тілі), Тынышбаев Мұхамеджан (тарих), Жұмабаев Мағжан (педагогика), Ғалымжанов Файзулла (табиғаттану) және басқа оқытушылардың аты-жөнін кездестіруге болады.1923-1924 оқу жылында Қазақ ағарту институтында 259 адам білім алды. Дегенмен, Қазақ автономиялық республикасының мұғалім кадрларға сұранысын Қазақ ағарту институты қанағаттандыра алған жоқ. Осы жағдайды ескере отырып Қазақ үкіметі 1925 жылы РСФСР Халық ағарту комиссариаты алдында Қазақстанда жоғары оқу орнын ашу туралы мәселе қояды да, оның келісімін алған соң, Қазақ ССР Халық комиссарлар кеңесі 1926 жылдың 15 тамызынан бастап Ташкент қаласында «Қазақ Жоғары Педагогикалық институты» деген атпен қазақ жоғары оқу орнын ашу туралы шешім қабылдайды.

Ташкент қаласында ұйымдастырылған алғашқы жоғары оқу орнының ашылу салтанаты 1926 жылы 29 қазанда өтеді. Осы шараға байланысты сол кездегі республика астанасы Қызылордадан арнайы барған Оқу-ағарту комиссары, яғни, бүгінгі тілмен айтқанда білім министрі Смағұл Сәдуақасұлы өз сөзінде: «Әрине, бізге әртүрлі мамандық иелері қажет. Біз агрономдарға да, дәрігерлерге де, инженерлерге де және басқа қызметкерлерге мұқтажбыз. Дегенмен, қазіргі уақытта қазақ еңбекшілері бірінші кезекте педагогтарға мұқтаж» деген тұжырымы арқылы ашылып отырған оқу орнының басқа емес, неге педагогикалық бағыт алғандығына нанымды түсінік берген еді.

Қазақ педагогикалық институтының уақытша Ережесінде «Институт жоғары педагогикалық оқу орны болып табылады» деп көрсетіліп, ал оның міндеті «а) 2-сатылы қазақ мектептері мен техникумдарға оқытушылар даярлау; б) ғылыми-методикалық мәселелерді шешу, педагогика және өлкетану салаларында ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру», сондай-ақ, «в) Қазақ Автономиялық ССР еңбекші бұқарасы арасында ғылым жетістіктерін тарату» екендігі айтылды.

Ережеде, сондай-ақ, Қазақ педагогикалық институтына РСФСР педагогикалық жоғары оқу орындарына тиесілі құқық пен штаттық кестенің тарайтындығы, ал оқу жоспары мен бағдарламаларды анықтауда РСФСР педагогикалық институттары үшін белгіленген оқу жоспары мен бағдарламаларды басшылыққа алатындығы (жергілікті ерекшеліктерді ескеру және оларды енгізу арқылы) міндеттелді.

Ал осы алғашқы жоғары оқу орны неге ұлттық сипат алуға тиіс болды? Осы сауалға жауап берген жөн. Ол институтты ұйымдастырудағы басты міндеттен, яғни, жоғары оқу ошағы арқылы қазақ халқын өз ана тілінде әлемдік мәдени кеңістікке шығару әрекетінен туындап жатты. Осы қойылған міндетке байланысты институт жұмысына, ондағы оқу процесін жүргізу ісіне кеше ғана ұстанған көзқарас ерекшелігіне қарамастан, бүкіл алаштық белсенді буын тартылды. Өйткені бұл шара мемлекет, қоғам алдында тұрған міндетке толық үйлесімді қадам еді. Өкінішке қарай, көп ұзамай совет билігі бұл ұстанымынан бас тартты. Алаштық зиялылар 1925 жылдан бастап оқу-ағарту ісінен шеттетіле бастады. Бұл жағдай білім жүйесінің гумандық, ұлттық мазмұнына әсер етпей қоймайтын еді. «Түрі ұлттық, мазмұны интернационалдық» қағидасы басымдық алуға тиіс болды.

Институт ректоры Т.Жүргенов жылдық есебінде «жыл өтсе де ұлттық жоғары оқу орнын құру ісі аяқталған жоқ» деген ойды білдіріп, бұл ойын негіздеуді ұмытпаған еді. Ректордың пікірінше жоғары оқу орны қашан және қандай жағдайда өз міндетін атқара алады? Ондай мүмкіндікке жоғары оқу орны институт қабырғасында жүргізілетін пәндер түгелдей жергілікті қазақ халқының тіліне көшірілгенде, яғни, білім жолына түскен қазақ баласы бастауыш және орта мектепті ғана емес, сондай-ақ жоғары білімді де өз ана тілінде алып, (біртұтас жүйе ретінде) табиғат және қоғамдық қатынастар сырын ашып, түсінуге көмектесетін әлемдік ғылымды өз ана тілінде игеру мүмкін екендігіне толық көзі жеткенде ғана ұлттық жоғары оқу орны қалыптасты деп айтуға болатындығына баса назар аударды. Ал әзірге, мақсатқа бет бұрып, сол жолға енді ғана шықтық деген тұжырымға келеді. Басқаша айтқанда, бұл тарихи кезеңнің ерекшелігі енді ғана қалыптаса бастаған мектеп жұмысын жергіліктендіру, яғни оған ұлттық түр ғана емес, ең негізгі нәрсе – ұлттық мазмұн да беру еді. Бұл өзін Ахмет Байтұрсынұлының шәкірті санаған, Темірбек Қараұлы Жүргеновтің жасаған тұжырымы еді.

Өз ретіне қарай айта кеткен артық емес, 1937 жылы абақтыға тағы да жабылған Ахаң қиналған бір сәтінде жұмыс сұрап, Жүргеновтің қабылдауында болғанын, оның комиссариаттың көмегі деп үш жүз сом ұстатқанын қадалып сұраған тергеушіге айтуға мәжбүр болады. Осындай қиын сәттерде ел азаматтары бірі-біріне қолұшын беруді де ұмытпаған еді.

Т.Жүргеновтің мәселені осындай тұрғыдан қоюының тағы да бір мынадай сыры бар-тын. Жаңа биліктің алғашқы жылдары бастауыш мектептерде оқу қазақ тілінде, ал орта білім беретін мектептерде сабақ орыс тілінде жүргізілді. Ол, әрине, ең алдымен мұғалім кадрлардың және қазақ тіліндегі оқу құралдарының жетіспеуіне байланысты еді. Соған байланысты қазақ жастары орта оқу орындарының даярлау бөлімінен өтуге мәжбүр болды және ол айтылған қажеттіліктен туған шара еді. Сол сияқты, жоғары білімге қол жеткізу де орыс тілін меңгеруге тәуелді болды. Халық комиссариаты осы жағдайды ескеріп, білім жүйесін бүтіндей қазақ тіліне көшіру тез арада орындала қоятын нәрсе емес, сатылап атқарылатын іс деп қарастырды.

Алғашқы қазақ жоғары оқу орнын ұйымдастырушылардың түсінігінде ол жоғары білімді педагог кадрлар даярлайтын оқу орны болумен қатар қоғамда ғылыми ізденістерді өрістететін ғылыми орталыққа айналуға тиіс еді. Яғни олар ғылыми ізденістер мен жобалар оқу процесімен қатар жүргенде ғана нәтижелі болмақ деп түсінді. Мақсат еуропалық ғылым мен білімнің жетістіктерін қазақтың қалың бұқарасына жеткізу еді. Осы тұрғыдан келгенде қазақ жоғары оқу орнының бірден-бір міндеті қарқынды түрде ғылыми терминологиямен жұмыс жасай алатын, жоғары және орта оқу орындары үшін қазақ тілінде оқулықтар мен оқу құралдарын даярлауға қабілетті педагог кадрлар қалыптастыру болды.

Алғашқы ұлттық жоғары оқу орнына жүктелген осы міндетке байланысты оның негізін қалаушылардың бірі Х.Досмұхамедұлы мынадай ой білдірді: «Қазақ тілінде бұған дейін Ахметтің (А.Байтұрсынұлы – **М.Қ.**) «Тіл құралынан» басқа ешбір ғылым жайында жазылған кітап болмады. Алдымызда үлгі болмаған соң, ғылым кітабын жазу өте қиын болды. Ғылым атауларына лайықты ат қою алғашқы уақытта тым мұқтаж, бүтін ілгері болашаққа жол салатын нәрсе, сондықтан алғашқы жазылған кітаптарды әсем қылып, сөздің жүйесін келтіріп жазудан көрі, ғылым атауларына лайықты атақ тағу жағын қарастыру керегірек дейміз». Айтылған сөзін іс жүзіне асыра отырып Халекең «Табиғаттану», «Жануарлар» сынды қазақ мектебі үшін жазылған оқулықтарын өмірге әкелді.

Қазақ тілінде балама терминдер қалыптастыру ісінде пединституттың жетекші оқытушыларының қатарында болған Елдос Омарұлы өзі даярлаған геометрия оқулығын – пішіндеме, тригонометрияны кескіндеме деп аударды. Ал оның «Пішіндеме» оқулығында теорема – түйін, биссектриса – жарма, радиус – өре, хорда – керме, параллелограмм – қиықша, пропорционал – құрылымдас, фигура – пішін, трапеция – қостабан деп аталып, қазаққа өте түсінікті тілде жазылды.

Жоғары білімді мамандар даярлау ісі елдегі мемлекеттік басқару аппаратын жергіліктендіру үрдісіне байланысты жүрді. Бұрынғы уақытта мемлекеттік басқару ісінен шеттетілген қазақ қоғамы үшін өз жоғары оқу орны болуы аса маңызды қажеттіліктін. Болашақта ол біртіндеп елдің ішкі сұраныстары мен ерекшеліктеріне бейімделіп, оларды қанағаттандыра алатындай дәрежеге көтерілуге тиіс болды.

1926 жылы тамызда пединститут студенттерінің саны 338 адамға жетті. Дегенмен, бұл көрсеткіш Қазақстан сияқты одақ құрамындағы үлкен республиканың өскелең сұранысын қанағаттандыра алмады. Оның үстіне жаңа ашылған институттың қазақ жерінен тыс өңірде орналасуы түрлі қолайсыздықтар туғызған еді. Осы жылдары Қазақ педагогикалық институтында мұғалімдік қызметте жүрген Елдес Омарұлы Орта-азиялық мемлекеттік университеті тарапынан қазақ пединститутын ығыстыру әрекеті байқалғандығын, ал қазақ қызметкерлері өз ретінде Қазақстан үшін жалғыз жоғары оқу орнын сақтап қалуға мүдделілік танытқандығын ескертеді.

1927 жылы 23 наурызда Қазақ АКСР-нің Халық комиссарлар кеңесі республикада жоғары оқу орнын – ҚазМУ-ды ұйымдастыру туралы мәселені талқылап, Халық Ағарту комиссариатына Ташкенттегі Қазпедвузды университет ретінде қайта ұйымдастыру мүмкіндігін, сондай-ақ, бір ай мерзімде Қазпедвузды Ташкенттен Алматыға көшіру мәселесін қарастыруды, осы мақсатта Жетісу губерниялық атқару комитетімен университет орналасатын қажетті ғимараттарды анықтау туралы келіссөз жүргізуді, Қазпедвуз үшін профессор-оқытушылық құрамын жасақтау және оларды жұмысқа тартудың шұғыл шаруаларын қолға алуды тапсырады.

Алматы қаласында университет мәртебесін алған оқу орнының ашылу салтанаты 1928 жылы 1 қазанда өтеді де, оның ашылу салтанатында сөйлеуге қазақтың ұлы ғалымы және мемлекет қайраткері, қоғамда қазақ ағартушылығының басшысы ретінде мойындалған Ахмет Байтұрсынұлы шақырылады. А.Байтұрсынұлы өз сөзінде білім мен ғылымның қазақ сияқты елдің тағдырында алатын орнына тоқталады, яғни, ұлтты басқа жұртқа тәуелділіктен құтқаратын, оны басқа мәдениеттермен тең ете алатын жалғыз жол ол мәдениет, білім мен ғылым жолы екендігін атап көрсетеді.

1928 жылы 10 қазанда Санжар Жағыпарұлы Асфендияровтың ҚазМУ-дың ректоры қызметін атқаруға ресми түрде кіріскендігі туралы бұйрық және педагогика факультетінің бірінші курсына қабылданған студенттердің алғашқы тобының тізімі жарияланады. Осылай Қазақ топырағында ашылған алғашқы жоғары оқу орны өзінің бірінші оқу жылын 119 студент және оларға дәріс беретін 9 оқытушы-профессорлар құрамында өз жұмысын бастап кеткен еді.

1930 жылы университет құрамында ашылуға тиіс болып белгіленген ауылшаруашылық және дәрігерлік факультеттері өз алдына бөлек жоғары оқу орындары ретінде қалыптасуына байланысты университеттің аты өзгертіліп, Қазақ мемлекеттік педагогикалық институты аталынды. 1935 жылы институтқа ұлы ойшыл, ақын Абай Құнанбайұлының есімі берілді.

Сонымен еліміздегі алғашқы жоғары оқу орнының тарихын Қазақ педагогикалық институтынан бастап, ал оның Қазақстан жеріне көшіріліп, өз қызметін Алматы қаласында жүргізгеніне тоқсан жыл толды деп тұжырымдағанымыз тарихи шындыққа үйлесімді болмақ.

Бүгінгі уақытта Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті елімізде педагог кадрлар даярлау ісінде ерекше мәртебеге ие жетекші жоғары оқу орны ретінде мойындалған. Білім берудің жаңа жүйесіне көшкен (бакалавриат-магистратура-докторантура) оқу орнында 157 ғылым докторы, профессорлар, 369 ғылым кандидаты, доценттер, (оның ішінде 25 PhD ғылым докторы), 121 ғылым магистрлері жұмыс жасайды. Университет 2017 жылы алғаш рет әлем университетінің ТОП-500 қатарына және QS World University Ranking рейтингінде әлемнің үздік 491 университетінің қатарына енді.

Абай атындағы Қазақ ҰПУ-нің 90 жылдығы қазақ жерінде тамыр жайған алғашқы жоғары оқу орны ретінде бүкіл республика жұрты үшін аса маңызды оқиға ретінде аталуға лайық.

Мәмбет ҚОЙГЕЛДИЕВ,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, профессор

ҒИБРАТ

Абыз ақсақал ел есінде

Зеренді көлі жағасындағы «Аврора Гарден» Ұлы Отан соғысына қатысушы, ұзақ жылдар бойы шаруашылық мекемелерінде, кейіннен аудандық кеңес, партия органдарында бірінші басшы қызметін жемісті атқарып, ел алдындағы адал еңбегі көптеген мемлекеттік марапаттармен аталып өтілген, Социалистік Еңбек Ері, абыз ақсақал Баян Жанғаловты еске алу кеші өтті.

Кеш барысында жуырда ғана жарық көріп, Баян Жанғалұлының өмірбаяны мен еңбек жолына арналып, оны жақсы білген, бірге қызмет атқарған жандардың естеліктерімен толықтырылған «Ағын судың тұнығы еді» кітаптың тұсауы кесілді.

Зеренді ауданының тағы бір еңбек ардагері Мұхит Қабдешев жазған кітаптың кіріспесінде: «Құрметті оқырман!

Ауыл билеген, аудан, облыс басқарған адамдар қайда жоқ. Бізде де жеткілікті. Бірақ көбісі кете салып, көңілден өшкен. Аттан түскен соң немесе дүниеден озғаннан кейін есімі де ұмытылған. Әрине ешкімді күштеп сүйкімді ете алмайсыз. Ал жақын таныса да, жете танымаса да адамдардың жылы лебізіне ие болатын тұлғалар да болады. Сондай ел сүйінген азаматтардың бірі – Баян Жанғалов.

Биыл Баян ағаның қайтыс болғанына бес жыл толды. Әлі де ағамыз елдің есінде, аты жұрт аузында.

Мен ағаның басшылығымен он жылдан астам қызмет істеген, зейнет демалысына шыққан соң да жанына жақын жүрген шәкірттерінің бірімін. Ағамыз біздерді, біз сияқты басқа да болашаққа бет түзеген жас түлектерді баласындай сүйіп, балапанындай баулып, көңілдің қыбын, істің жігін табуға, қиын түйіндерді шебер шешуге үйретті. Біздің арамыздан аға сияқты ел билеген талай азаматтар шықты.

Осы арада кәрі мен жастың да, үлкен мен кішінің де құрметіне, мақтанышына айналатындай Баян ағаның қандай қасиеті бар деген заңды сұрақ туады. Бұл сұрақтың жауабын менен бұрын басқа шәкірттері, замандастары айтсын деп ойладым да, олармен хабарластым.

Менің ұсынысымды ескерусіз қалдырмай, Баян аға туралы естеліктерімен бөліскен барлық азаматтарға айтар алғысым шексіз. Сіздерді ағамыздың рухы қорғап, қолдап, қоршап жүрсін, игі істеріңізге бағыт, бағдар берсін деп тілеймін» деген сөздер жазылған.

Естелік кітапта Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы Бәйкен Әшімовтің, атақты жазушылар Әбдіжәміл Нұрпейісовтің, Естай Мырзахметовтің, Кеңес Одағының Батыры, Көкшетау облыстық партия комитетінің бұрынғы бірінші хатшысы А.Клещевтің, Социалистік Еңбек Ері Федор Моргунның, басқа да белгілі мемлекет қайраткерлерінің, ақын-жазушылардың Көкше елінің ардақты тұлғасына арнаған ілтипат лебіздері мен пікірлері, құттықтаулары, оны жақсы білген, бірге қызмет атқарған тұлғалардың естеліктері орын алған.

Алқалы жиында Б.Жанғаловтың басшылығында қызмет атқарған, бүгінде еңбек ардагерлері, бұрынғы «Пухальск» кеңшарының директоры Мейрамбек Қиықов, Зеренді орталық ауруханасының бұрынғы бас дәрігері Серік Ибраев, Социалистік Еңбек Ері Сартай Жұмағалиев, «Викторовское» ЖШС директоры Владимир Андрюхин, қазақ күресінен «Қазақстан барысы» жобасын дамыту қоры кеңесінің төрағасы Арман Шораев, еңбек ардагерлері Қасымхан Құсайынов, Иван Виницкий, Есімбек Әкімов, Тілекен Төлебаев, Күләш Рақымжанова, Баян атаның ұлдары Мұратбек пен Банұржан, қызы Бақытжан, келіні Зураш, басқа да туған-туысқандары айтулы тұлғаның ұйымдастыру қабілеттері, адамгершілігі туралы ғибратты естеліктер айтты.

Шара соңында аудан әкімі М.Мұстафиннің атынан әкесін еске алу кешінен естелік ретінде ұлы Мұратбек Жанғаловқа әулеттің ұлы бабасы Қанай бидің фарфордан жасалған шағын мүсінін ұсынды. Баян Жанғалұлының өмірсерігі Нағима әжейге Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің 100 жылдығына арналып шығарылған мерекелік медаль табыс етілді.

Қайрат ҚАЗИЯКПАРОВ,
журналист

Ақмола облысы,
Зеренді ауданы

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Кенжебек ШАЙҚАҚОВ, режиссер:

Адам бақыты – еркіндікте

– Кинодағы дебютіңіздің жолы ауыр, бірақ сәтті болды. Шетелдік бірнеше кинофестивальда жылы қабылданды. Қазақстанда кино түсірудің қиындығы неде? Жаңа туындыңызды қашан көреміз?

– Бәлкім, біздің елде ғана солай шығар, дебют түсіру үшін «дебют» сұрайды. Олай дейтін себебім, «Қазақфильмнің» ішінде «Дебют» деген арнайы бөлім бар. Оның міндеті кино түсіруге талаптанған жас режиссерлердің сценарийін қарап, көркемдік талқыдан өткізіп, өндіріске жіберу. Ал менің сценарийімді көркемдік кеңес мақұлдап, талқылап дұрыс деп танығанымен, өндіріске кетпеді. Себебін сұрағанымда «Бұрын түсірген нең бар? Көрейік» дейді... Бұл жауабы жоқ талап еді... Бәлкім, қазір түзелген шығар...

Кино түсіру біреуге оңай шығар... Ал маған қиын. Кино деген адамның өмір бойғы жиған, түйгенінің жемісі секілді. Мен біраз жылғы жиғанымды бірінші фильміме салып жібергендеймін. Енді сәл жиналу, көру, түю... зерттеу, зерделеу керек сияқты. Тақырыптар бар... Тіпті сценарийлер де... Бірақ оған жан бітіретін өзің ғой... Шынын айтсам, шалажансар боп қалмаса екен деймін... Шынжау, әлжуаз фильм түсіргім келмейді... Әліме қарамай... Сондықтан толысқанын күтіп отырмын. Құдай қаласа жақын қалды.

– «Үйімді сатып кино түсірсем бе деймін де, сосын үйімнің жоқ екенін ойлап кідіріп қалам» депсіз. Әуелі кино үшін осындай құрбандыққа баратындай сізге кино несімен қымбат? Екінші, қазір үйіңіз бар ма?

– Қазір үйім бар. Құрбандықсыз өнер болмайды екен. Бұл бірнеше тәжірибенің түйіні. «Кино құрбандыққа баратындай несімен қызықтырды» дейсіз ғой ... Шынын айтсам, білмеймін... Киноға деген махаббат шығар... Шын ынтызарың үшін құрбандыққа барасың ғой... Тіпті болмаса ақымақтық болар. Шетелде мұндай тәжірибенің бар-жоғын естіменппін... Олар шын өнерге ақша табады ғой. Көші ілгері елдерде өнер өмірдің жетелеушісі емес пе...

– Қазақ киносы, комедиясы қазір көп түсіріліп, көрермендерге жол тартып келеді. Қазіргі қазақ фильмдерін көріп жүрсіз бе? Оларға қандай баға берер едіңіз?

– Қазақ киносы дедіңіз ғой. Мен осы қазақ киносы дегім келмей отыр оларды. Іштарлықтан емес... Себебі қазақ киносы деген не? Ол ұлттың болмысы, тілі, ділі емес пе? Әлде қазақ ұлт емес пе? Ал сіз соңғы түсіп жатқан кинолардың қайсысын ұлттық дер едіңіз? Меніңше, ұлт жоқ... Себебі тілі дүбәра... Мен ұлтымды ондай дүбәра санамаймын... Сондықтан оларды аса іш тартып қарамаймын... Бәлкім, отандық кинолар шығар... тіпті

қазақстандық дегенді де қияйын... Ал қазақты қимаймын... Кешіріңіз!

– «Сталиннің өлімі» фильмі Қазақстанда да (Алдында Ресейде тыйым салынған болатын) көрсетілмейтін болды. Осыған байланысты әртүрлі пікірлер айтылып жатыр. Сіз көрдіңіз бе ол фильмді? Көрсетілуі керек пе еді?

– Ол фильмді көрмедім. Біріншіден, естідім. Не туралы екенін білем... Екіншіден, өзге елдің фильм туралы ұстанымы мені аса қызықтырмады.

– Сіздің мамандығыңыз – кинодраматург. Әзіл-сықақ театрында да ойнадыңыз. Киноға да түстіңіз. Өзіңіз де кино түсірдіңіз, киносценарий жаздыңыз. Егер сіздің алдыңызға қатал талап қойып, актер боласыз, әлде тек режиссер боласыз десе, сіз қайсысын таңдар едіңіз?

– Режиссер болар едім. Себебі режиссер тудырушы, жасаушы.

– Әзіл ойнауды қоюыңызға не себеп болды? Қазір қазақ әзіл-сықақ театрлары көбейіп келеді. Ал керісінше, драмалық театрлар олай көбейіп, ашылып жатқан жоқ. Осының әлеуметтік себебі бар ма?

– Әзілді қойғаным, қолымнан келмеді. Шыным. Қазіргі әзіл айтушылардың шаңына ілесе алмай қалдым. Қазір әзіл өте жылдам айтылады, көрермен жылдам күледі... Тіпті кейде жылдам жылайды. Әзіл театрына барып жылап қайту қандай қиын... Мен әпендені жақсы көрем... Алаңғасарға күлем... Ал әумесерге жаным ашиды. Біз әпенде мен әумесерді шатастырып алдық па деймін.. Осы біз әумесерге күліп жүрген жоқпыз ба? Ал драма театрларының ашылмай жатқаны, уақыты келмегендігінен шығар... Болашақта жеке драма театрлары ашылады деп ойлаймын.

– «Күрке» фильмін жазуға бір қойшы жігіттің айтқан оқиғасы себеп болыпты. Өмірде киноға бергісіз оқиғалар өте көп болып жатады. Сондай бір тағы түсірсем деп жүрген сюжетіңіз бар ма? Болса, қысқаша оқиға желісін айта аласыз ба?

– Иә. Кино өмірдің айнасы сияқты... Тарковскийдің сөзі ғой. «Кино – уақыттың таңбалануы» дейді. Мен осыған сенемін. Маған айтып берген оқиға өмірдің бір көрінісін көз алдыма жайып салды. Кино секілді екен. Сосын оны өз өмірімдегі суреттермен қосып жасап шығуыма сеп болды. Ол жігіт әуелі бір әдемі ән айтып отыр еді. Тыңдасам әуені жақсы қырғыздың әні екен. «Бұл не ән?» деп едім... Әлгі оқиғаны айтып берді. Қырғызбен шекаралас ауылдың баласы еді. Ауылда нағашысының қойын бағып жүргенде арғы ауылдан қырғыздың қызы қой жайып шығады екен. Ол да ең әуелі қыздың әнін естіпті. Қыз айғайлап бір ән айтып жүреді екен. Кейін жақын келіп, сөйлесіп осы әнді жаттап алыпты. Ал күрке құру, қос тігу ол кейін қосылған көріністер еді.

Менің сүйікті жазушым – Бейімбет Майлин. Биағаңның шығармалары қазақтың боямасыз өмірі, әсіресіз суреттері ғой. Ал да түсіре бер. Келесі киноны сол жазушының шығармаларынан іздеп жүрмін. Тек кейіпкердің бүгінгі бейнесін табуым керек. Мысалы, «Ел күйеуі» деген шығармасының желісі бойынша бір сценарийім жоспарда бар.

– Адам – жаратылыс. Адам – құбылыс. Жан – жұмбақ. Ал кино ше?

– Киноның түрлі жанры бар ғой. Әр жанрдың мақсаты әр басқа. Ал менің киномдағы талғам, таным бөлек. Мүдде де өзгеше. Сондықтан кино – ол өнер. Ал фәлсафасы десеңіз... Жоғарыда Тарковскийдің айтқанын айттым ғой... Оған қоса, меніңше ол қайта көруге болатын жасанды өмір шығар. Әлгі адам деген жаратылыстың жұмбағын шешуге арналған зертханада жасалатын.

– Сонда режиссер кім?

– Қалыпты жауап берейін бірінші. Режиссер ол басқарушы, ұйымдастырушы. Ал сұрағыңыздың салмағына қарай жауап берсем, онда өмірдің ішінде өмір жасаушы болар.... Жасанды өмір. Жалпы айтар едім, кез келген суреткердің, ол жазушы болсын, ақын болсын, режиссер болсын, ең басты міндеті адам жанының жаршысы болу керек сияқты. Жан ол сіз айтып отырған жұмбақ. Сол жұмбақты зерттейтін солар. «Ақын боп өмір кешу оңай деймісің, қарағым. Аузында болу бұл өзі сыздаған барлық жараның» демеді ме Төлеген ақын... Режиссер де қоғамның жарасына бейжай қарамайтын адам.

– Әдебиетті жақсы көресіз. Соңғы рет қолға алған кітабыңыз?

– Мұхтар Мағауинның «Жармақ» деген кітабын оқыдым.

– Не туралы екен?

– Адам туралы. Жан, құбылыс, жаратылыс жайлы.

– Ең үлкен бақытсыздық деп нені ойлайсыз?

– Ең үлкен бақытсыздық – тәуелділік шығар. Өмірің біреуге тәуелді болған қиын ғой. Кәрі шешем тілеп отыратын «Сендерге масыл боп, жатып қалмай өлсем арманым жоқ» дейтін. Өмірден тілеуін беріп сап-сау отырған жерінде жүрегі тоқтап жүре берді. Бұл бір мысалы ғой. Адам қай жерде еркін, сол жерде бақытты.

– Ал бақыт деген не?

– Ең үлкен бақыт – тәуелсіздік.

> “ МЕНІҢ СҮЙІКТІ ЖАЗУШЫМ – БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН. БИАҒАҢНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ ҚАЗАҚТЫҢ БОЯМАСЫЗ ӨМІРІ, ӘСІРЕСІЗ СУРЕТТЕРІ ҒОЙ. АЛ ДА ТҮСІРЕ БЕР. КЕЛЕСІ КИНОНЫ СОЛ ЖАЗУШЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНАН ІЗДЕП ЖҮРМІН.

Әңгімелескен
Бағашар ТҰРСЫНБАЙҰЛЫ,
«Егемен Қазақстан»

ТУЫСТЫҚ ТУЫ

Жауһар жырлар

Есімі бүкіл түркі әлеміне кеңінен танымал түрік ақыны Юнус Эмре жырлары барша қазақ оқырмандарына жол тартты. Эмре өлеңдерін түпнұсқадан қазақ тіліне аударған Қазақстанның Түркиядағы елшілігінің қызметкері, жазушы Мәлік Отарбаев. Алматыдағы Ұлттық кітапханада жуырда ғана жарық көрген жауһар туындының тұсауы кесілді. «Ан Арыс» баспасынан шыққан су жаңа кітап «Жырлар» деп аталады.

Арман ОКТЯБРЬ,
«Егемен Қазақстан»

Түркі әлеміндегі сопылық поэзияның аса көрнекті өкілі Юнус Эмре Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың ілімін жалғастырушы рухани шәкірттерінің бірі саналған. Бар өмірін имани әлемге бағыштаған оның өлең-жырлары Түрік елінде зор танымалдылыққа ие. Мәлік Отарбаев Эмре өлеңдерін аудару оңайға соқпағанын, тіпті кейбір өлеңін аудару барысында бір айдан аса уақыт кеткенін айтты. Дегенмен, аударма кезінде Юнус Эмре тілінің қазақ тіліне өте жақын екені байқалған.

«Түпнұсқадан аударғанымыз әлдеқайда жеңіл болды, неге десеңіз, аударма барысында қазір түрік ағайындардың мүлде қолданбайтын сөздерін кездестірдік. Мәселен Юнус Эмре дәл біздің тіліміздегідей «қашан?» деп жазады. Ол сөздің орнына қазір түрік ағайындар «не заман?» деген сөзді қолданып жүр. Айта берсек мұндай ұқсастықтар өте көп. Сондықтан Эмре өлеңдері бізге бөтен емес. Өлеңдердің қазақ тіліндегі көркем аудармасын ақын Дәулетбек Байтұрсынұлы жасады», дейді Мәлік Отарбаев.

– Эмре шығармаларын аудару осыдан 5-6 жыл бұрын басталған. Кітап баспаға жіберілер алдында қазақша аудармамен қоса түрікше түпнұсқасын берейік деген ұсыныс түсті. Кітап көлемі 27 баспа табақты құрады. Аударма барысында түпнұсқадан мейлінше алыстамауға тырыстық. Эмре жырлары Ясауи хикметтерімен үндес, – дейді кітап редакторы Кәдірбек Құнпияұлы.

Қазақстанның Түркиядағы Төтенше және өкілетті елшісі Абзал Сапарбекұлы кітап алғысөзінде аталған туынды тамырлас екі ел арасындағы рухани байланысты одан әрі нығайта түсетінін, Юнус Эмренің қазақ жұртына танылуы рухани өміріміздегі айрықша атап өтуге татитын үлкен жаңалық екенін жазған. Оның сөзінше, Абай, Мұқағали шығармаларынан бастау алған осынау әдеби үрдіс болашақта да жалғасын таппақ.

Шараға қатысқан зиялы қауым өкілдері де бұл бастама түбі бір түркі халықтарының бірлігін арттырып, рухани үндестікке жетелейтін игі қадам деп бағалады.

– Қазақстан мен Түркия арасындағы саяси экономикалық байланыстармен қатар әдеби-мәдени қарым-қатынастар да барынша өрістеп келеді. Соның бір дәлелі екі ел көркем сөз шеберлерінің шығармаларын аударып, таныстыру ісі кеңінен жолға қойыла бастады. Қазақ оқырмандарының қолына тиіп отырған Юнус Эмренің «Жырлары» оқырман қауымның көңіліне шуақ себеді деп сенеміз. Бұл екі ел үшін, әсіресе, бауырлас екі елдің өлең сүйер ойлы оқырмандары үшін аса қуанышты жағдай. Атажұрт пен Анажұрт арасындағы әдеби байланыстарымыз бұдан әрі де мәңгі гүлдене бергей! Анкара мен Астана арасындағы «алтын көпір» әдеби-мәдени қарым-қатынастарымызды болашақта да нығайтып, бүкіл түркі әлеміндегі туыс халықтар бірлігіне қызмет етеді деп сенемін, – деді кітап таныстырылымына Түрік елінен арнайы келген Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Өкілетті кеңес төрағасы Мұса Йылдыз.

Ойлы оқырманға жол тартқан жауһар жырлар туындысы Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының қорына табысталды.

АЛМАТЫ

ӨМІР-ӨЗЕН

Журналистік жылдарымыздың бедерінде бұл оқиғаны Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Хабиба Елебекова апамыздың шаңырағында отырып естіп едім. Кейін журналистикадағы «жиендер» төмендегі оқиғаны сұхбаттан айна-қатесіз, жолма жол үзіп алып, ешбір сілтемесіз талай жерге жариялап жүрді. Өкінішті.

Айнаш ЕСАЛИ,
«Егемен Қазақстан»

Өнер өлімнен де биік

Өнерге қызмет ету оңай емес... Оның жолына ғұмырын сарп етіп, өмірін садаға еткендер қаншама?!

Хабиба апамыздың естелігі бойынша 1927 жылы Қазақстанның бір топ өнерпаздары Мәскеудегі Ұлттар кеңесінің жиынынан кейін өтетін концертке шақыртылады. Бұл Мәскеуді дүр сілкіндірген қазақ өнері мен әдебиетінің он күндігінен бұрын болған шара.

Қали Байжанов, Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақов, Иса Байзақов, Әміре Қашаубаев, Жұмат Шанин, Жанбике Шанина, Қалибек Қуанышбаев, Хабиба Елебекованың туған апасы Дәмила Оңғарбаева, Ғаббас Айтбаев сынды өнер адамдары Мәскеуге кетіп бара жатқанда мынадай оқиға болады. «Жұмат пен Жанбикенің емізулі баласы бар екен. Сол бала жолай өкпесіне суық тиіп ауырып, пойызда қайтыс болады. Енді не істеу керек? Баланың өлгенін білсе, пойыздан түсіріп тастайды. Ал, түсіріп тастаса, концерттен қаласың. Бұл кеңес өкіметінің ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып тұрған заман ғой. Содан не істерлерін білмей, бәрі қатты сасады. Жұмат әйеліне: «Жанбике, баланың өлгенін ешкімге білдіре көрме. Жылама! Не болса да жетейік», дейді. Екі тәулік бойы Жанбике өлген баланы емізген сияқты болып, құшақтап отырады. Мұншама қасіретті көтеруге қаншама күш керек екендігін бастан өткермек түгілі, жәй елестетіп көрудің өзі қорқынышты.

«Сол кезде Мәскеуде түскен суреттерде Құрманбек пен Елубай жоқ. Пойыздан түсе салысымен баланы қоюға алып кетеді. Кейбір жерлерде Жұмат Шаниннің суреті жоқ» деген Елебекова естелігін былай жалғастырды: «Өнер адамының өмірінің қиындығының өзі осында. Халық үшін еңбек етеді. Халықтың айтқан аманатын орындау үшін өмір сүреді. Білмейтін адамдар өнер адамдарының өмірі жеңіл деп есептейді ғой. Ойнап-күліп өмірлерін өткізеді деп ойлайды. Ыстығың 40 градус болып көтеріліп тұрғанда алмастыратын адам болмаса, саған сахнаға шығуға тура келеді. Сахнаға шыққанда жаңағы ауруың қайда кеткенін білмей қаласың. Неге? Халықтың алдындағы жауапкершілік сенің ауруыңнан биік. Өнер өлімнен де биік. Іштен шыққан баланың мәйітін екі күн бойы құшақтатып отырғызып қойған да осы. Мысалы, Елубай Өмірзақовтың баласын оң жаққа салып қойып отырғанда Малтабай деген күлдіргі жеңіл рөлді ойнауға тура келгені есімізде. Жүсіпбек Елебековтің, яғни біздің Ардақ деген баламызды жерлеп келген күні оған да концертке шығуға тура келген. Міне, өнер адамының тағдыры осындай».

Азалы күйде сахнаға шықты

Өнер адамының міндеті сахна киесіне адалдық болса, журналистің де жауапкершілігі жеткілікті. Әр оқиғаны ақиқатынан ажыратпай, оқырманға жедел жеткізу парызың. Біраз уақыт бұрын бізге Абай атындағы Қазақ мемлекеттік опера және балет театрының 75 жылдық мерейтойлық сән-салтанатын театр ғимаратының ішінде қалдырып қоймай, қалың оқырманға насихаттау қажет болды. Керемет кеш туралы қанағаттанғандық сезіммен қалам тербей отырып, Майра Мұхамедқызының мықтылығын жазуға тура келген-ді.

Оның тәңірден берілген талантын жұртқа бөлек баяндаудың қажеті тіпті шамалы. Жұма күні ғана әкесін қара жердің қойнына беріп, қара жамылып отырған азалы әнші сенбі күні сахнаға жарқырап шығуға күші жетеді деп театр ұжымы да күтпеген. Жарты жыл бойы бүкіл ұжым болып дайындалған, ұжым болып күткен дәл осы мерейтойда театрдан өзін көргісі келетін қалың көрермені үшін қам көңілін қаза еткен әнші табынуға сөзсіз тұрады. Сильва болып сайраған өнер бұлбұлы осыдан кейін сахнадан көрінбеді. Жауапкершілік дегенді түсінбейтіндер, Майраның жанкешті еңбекқорлығын «өлермендік» деп өзеурейтіндер, талантымен келген табыстарын «пысықтық» деп бағалайтындар бір уақиғаға да өзге қырынан қарауы да әбден кәдік.

АЛМАТЫ

Назерке ЖҰМАБАЙ,
«Егемен Қазақстан»

Театр тектілікті сүйеді

...Спектакль аяқталып, шапалақ соғылды. Қалың көрермен сахнагерлерге қошемет көрсетісіп, шымылдық жабылды. Шымылдықпен бірге әлгінде ғана 2 сағат бойына біртұтас әлемге айналып, бірге тыныстаған сахнадағы актерлер мен залдағы көрермендер арасындағы шекара да, толассыз толағай әсерлер де шорт үзілді.

Ендігі сәтте көрермен үшін актер әлемі тылсымға айналып қалуы керек. Өнердің заңы сондай! Себебі сахна – киелі мекен. Оған тек құпиялылық қана жарасады.

Бірақ біздің көрерменнің спектакльден кейінгі «спектаклі» енді басталды. Тайлы тұяғы қалмай сахнаның арғы бетіне ағылып жатыр. Суретке түсуге... сөйтіп, әлеуметтік желі арқылы актермен жақсы қарым-қатынасын жаһанға жария етіп мақтануға... Ал әлгінде ғана мағынасы күрделі, әрекеті ауыр қойылымды аяқтаған актер демін алып, қара терге малшынған кейпін енді қалпына келтіруге оқтала бергені сол еді, өнер иесін межелі жеріне жеткізбеді. Орта жолдан тоқтатып, қолтықтап алып, жарқ-жұрқ суретке түсушілердің қарасы да, кезегі де толастар емес. Амал жоқ, актер жылы ғана жымиып, көрерменнің тілегін үнсіз орындауда. Себебі бұл – театр мәдениеті.

Иә, мәдениет қай жерде де, кімкімге де қажет. Ол, әсіресе, театр әлемінде. Әйтсе де, бүгінгі шектен тыс жариялылық, өнерімен қоса жеке өмірін де күллі ғаламның талқысына ұсыну, әр басқан қадамын, қыдырған, достарымен бас қосқан, түрлі кештерде көңіл көтерген суреттерін үздіксіз әлеуметтік желіге жүктеу, той-томалақтың төрін бермей, тойханаларда «халтура»деңгейінде өнер көрсету – мұның барлығы да актердің сыр мен сұлулыққа толы жұмбақ әлемін тым қадірсіздендіріп жібергендей әсер беретіні бар. Қала берді, қарапайым сөз саптауындағы жүйесіздік пен таяздық, дұрысы білімсіздік те әртіс адамның абыройын қарапайым көрерменнің алдында жығып беріп жатқандай ма?..

Олай деп кесіп пікір білдіруіміз себепсіз емес. Осыдан біраз бұрын замандас актермен сапарлас болу мүмкіндігі бұйырды. Жол қысқарту үшін өнер жайлы, істеп жүрген жұмысы, алдағы жоспарлары туралы әңгіме қозғадық. Жаңа рөлге дайындық үстінде екен. «Жақында премьера» деді. Рөл төл классикамыздан бұйырыпты. Басты кейіпкердің бірі. Пікір алмаса келе түсінгеніміз – әлгі сахнагер сомдамақ бейнесін, сол заманның дәуір тынысын зерттеп-зерделеу былай тұрсын, өз кейіпкеріне тиесілі репликадан басқасын, яғни пьесаны толық оқымаған болып шықты. Әлгіндегі ғана қызықты әңгімеге құлшынып тұрған көңіліміз су сепкендей басылды.

Тағы да ойымызға естеліктерден оқып таңырқасқан, тәнті болысқан режиссер Асқар Тоқпановтың Абай бейнесін шығару барысындағы актер Қалибек Қуанышбаевпен дайындығы түсті. Абайдай алып бейнесін тудыру үшін Шыңғыстауға дейін барып, сол аймақтың тыныс-тіршілігімен, адамдарының мінез-құлқымен танысып, том-том кітапты жата-жастана оқыған актер еңбегі сонда аңыздай көрінді. Бірақ ол тіпті де қиял-ғажайып емес, өнер иесінің сомдамақ рөліне деген сүйіспеншілігі, күнді түнге, аптаны айға жалғаған жанкешті еңбегінің жемісі еді. Нәтижесінде, сахналанғанына 80 жылға жуық өтсе де, Қалибек Қуанышбаевтың кейіптеуіндегі сол Абай күні бүгінге дейін сомдалып жатқан ақын бейнесінің эталонындай. Сапалы ізденіс, тыңғылықты дайындық, кейіпкеріне деген шексіз махаббат пен жұмысына деген сүйіспеншілік актер есімін мәңгілік етті. Абай бейнесі Қалибек Қуанышбаев ойыны арқылы қалың көрерменнің көңіліне берік бекіді. Сахнагер есімі аңызға айналды.

Ал енді қазіргі актерлер жұмысын барлап көрейікші. Бас-аяғы бір-екі аптада көз ілеспес жылдамдықпен Гамлет сынды күрмеуі қиын күрделі рөлдерге де көзсіз батырлықпен бара беретін ғаламат жедел сахнагерлер ойыны неліктен Қалибек Қуанышбаевтың орнын әлі баса алмай келе жатыр?..

Себеп – бүгінгі актерлердің ішкі дайындығынан бұрын, сыртқы әсер ету, жарқ-жұрқ жарнамаға, әлеуметтік желі арқылы бар өмірін көпшілік алдына жайып салуға деген қызығушылығының өз кәсібіне деген махаббатынан басым түсуі. Осының салдарынан көрермен үшін актер әлемі құпиялылығын жойып, жалаңаштанды. Қора-қопсы, үй-жайдың маңайындағы әңгімені қаузаймыз деп жүріп, өнер өзіне ғана тән тектілігінен айырылып қалғандай. Шектен тыс жариялылық пен қолжетімділіктің салдарынан қарабайыр күйге түскен ақсүйек өнер – театр кейбір сәтте өзінің төл перзенттеріне өкпелідей көрінеді...

ФУТБОЛ

Іштей үміт болған. Сергей Семак сөзінде тұрды. Іздеп келдік дегенімізде іші жылып қалған, кеше. Күліп, әзілмен қағытты. «Ертең жақсы ойын болады, мүмкіндік беремін» деп. Қуанып қалған едік. Жаңа ғана жақсы ойынның куәсі болдық. Мүмкіндік молынан берілді. 5-10 минутты қанағат етіп отырғанымызда біздің Еркебұлан 43 минут ойнады. Одан артық не керек? Сенімді ақтағанын өзі де сезінгендей. «Біздің жеңіске жетуімізге көмектесті», деген бапкердің бір ауыз сөзі төбемізді көкке жеткізді. Жанкүйерлердің жан-жақтан жамырай «Еркош», «Лео» деп айғайлағанын да есітті. Қобалжып тұр. Алыстан арнайы келген бізбен алғашқы ойынының әсерімен бөлісті.

Еркебұлан СЕЙДАХМЕТ:

Менің жеңісім – қазақ футболының жеңісі

– Дебюттік ойының, жеңістерің құтты болсын! Бүгінгі ойынға байланысты не айтасың? Қобалжыған боларсың!?

– Рахмет! Өзіңіз көргендей жасыл алаңға екінші таймда шықтым. Томағамды сыпырып, топқа қосқан бас бапкеріміз Сергей Богдановичке алғысымды айтамын. Ойынның өте қиын, тартысты болғанын көрдіңіздер. Жеке өзімнің ойыныма тоқталар болсам, ұзақ уақыттан бері ресми ойынға шықпап едім. Оқужаттығу жиынында жолдастық кездесулерге қатысқаным бар. Бірақ жолдастық кездесу мен ресми ойындардың айырмашылығы жер мен көктей. Тұсаукесер ойынымда қобалжығаным рас. Әзірге басы жаман емес деп ойлаймын. Дегенмен жаттығу кезінде екі есе тер төгіп, шеберлігімді шыңдай түсуге бар күшімді саламын.

– Алаңға шығар алдында бас бапкер қандай ақыл-кеңес берді?

– Сергей Богданович ең бірінші ойындағының бәрін шығарып тастап, қорықпай, қобалжымай ойна деп айтты. Қалай ойнасаң да ешкім саған ұрыспайды. Өзіңе сенімді бол. Өз ойыныңды ойна. Одан артықты ешкім сенен талап етпейді деп сенімділігімді арттыра түсті. Алаңға шыққанда жауапкершілікті сезіндім. Бапкердің сөздері, тапсырмалары ойымда болды. Шамам келгенше артылған сенімді ақтауға тырыстым.

– Өз ойыңа көңілің толды ма?

– Ең бастысы, командам жеңіске жетті. Жоғарыда айтқанымдай, артылған сенімді ақтауға тырыстым. Алғашқы аяқ алысыма бағаны жанкүйер қауым бере жатар. Оларды қуанта алсақ, сенімдерін ақтасақ, мақсатымыздың орындалғаны. Солар үшін ойнаймыз. «Уфа» сапында алғашқы жеңіске қол жеткізгеніме өте қуаныштымын.

– Басқа команда, басқа қала, басқа ел. Команда ойыншылары өзіңді қалай қабылдады?

– «Уфа» командасы өте жақсы қарсы алды. Клуб қызметкерлері де командаластарым да көмекке әрдайым дайын. Біз бір үлкен отбасы секілдіміз. Командаға, қалаға үйренуге барлық жағдай жасалған. Тұрмыстық жағдайда да, адами қарым-қатынас мәселесінде де ешқандай проблема жоқ. Келгеніме көп болмаса да ұжымға сіңісіп кеттім.

– Ұлттық құрамаға шақырту алдың. Бұл да сенің бағындырған бір белесің болмақ. Әрбір футболшының арманы – ел намысын қорғау. Өзің құрамаға шақырту алғаныңды білгенде қандай сезімде болдың?

– Әрине, қатты қуандым. Бала кезімнен ұлттық құрама жейдесін кию арманым еді. Енді сол арманыма жетуіме аз қалды. Бұл маған артылған үлкен жауапкершілік, сенім деп білемін. Қазақ футболы жаңа кезеңге қадам басып отыр. Футболымыз дамып келеді деп сеніммен айта аламын. Қазақ футболында беделі зор бапкер бас команданың тізгінін ұстады.

– Бапкер демекші, Станимир Стойловтың өзің туралы ақпарат көбейіп кеткендіктен, «циркке айналдырып жіберді» деген сөзін естіген боларсың?

– Иә естідім. Станимир Стойлов өте білікті бапкер. Оны айтпасам да жақсы білесіздер. Қазақстан футболын әлемге танытқан тұлға деп айта аламын. «Астана» футбол клубымен тарихи жетістіктерге қол жеткізді. Сондықтан Стойловпен бірге жұмыс істеу мен үшін абырой. Бапкердің айтқандарын тиянақты орындап, ұлттық құрамамен алдағы ойындарда жеңіске жетуге тырысамыз. Жанкүйер қауымның сенімін ақтауға күш саламыз.

– «Егеменнің» оқырмандарына тілегің?

– Қазақтың қаршадай қара баласы Ресей жерінде алғаш рет доп тебеді, дебюттік ойынын өткізеді дегенді естігенде, сонау Астанадан арнайы іздеп келіп, қолдау білдірдіңіздер! «Егемен Қазақстан» газетіне көп рахмет! Газет оқырмандарына, қазақ футболының жанкүйерлеріне алғысымды айтамын. Менің жеңісім – қазақ футболының жеңісі деп білемін.

Әңгімелескен
Еркебұлан ЖОМАРТ,
«Егемен Қазақстан»

«Ақтөбе» жастарымен-ақ жеңіске жетті

Өткен апта соңында Қазақстан премьер-лигасы басталды. XXVII ішкі біріншілігіміздің ойындары еліміздің 6 қаласында өтті. Наурыздан қарашаға дейін 3 айналымнан тұратын чемпионат жыл сайын қызықты болып келеді. Биылғы біріншілік қалай басталды және нендей ерекшеліктермен өрнектелгеніне тоқталып өтсек.

Ермұхамед МӘУЛЕН,
«Егемен Қазақстан»

Қалың қарды күреп қойып, жасанды алаңдағы ойындарды бастаған Павлодар қаласында біріншіліктің алғашқы голы да соғылды. Ойынның небәрі 5-минутында Павел Шабалин есеп ашып, «Ертісті» алға шығарды. Күннің суықтығына қарамастан «Ертіс» – «Атырау» ойынына біршама жанкүйер келді. Тіпті олардың бірі матч барысында алаңға жүгіріп шықты. Жанкүйерлердің футболды сағынғандығының бір белгісі болар, жалпы 6 ойынға 30 мың жанкүйер келіпті. Айтпақшы, әлгі алаңға жүгіріп шыққан нәзік жанды көрерменіміз 5 айлық көрсеткіш көлемінде айыппұл төледі. Ал ең бастысы испаниялық бапкері бар павлодарлық «Ертіс» 2:1 есебімен жеңіске жетті. Есеп 2:1 болғанымен, үш голды да «Ертіс» ойыншылары соқты. Дору Поподюк есепті еселегеннен кейін, Александр Кислицин өз қақпасына доп соғып алды.

Күн райының ыңғайлылығына байланысты шырайлы Шымкент жері әдеттегідей алғашқы бірнеше турды өз алаңында өткізеді. Өзге қалаларда күн жылығанын күтіп жүріп, көп ұпай жинап алатын әдеті емес пе? «Ордабасы» бұл жолы да ғайыптан таймай, Қарағандыдан келген «Шахтерді» 2:1 есебімен жеңді. Маусымаралық үзілісте Пермь қаласының «Амкар» командасына ауысып кете жаздаған Еркебұлан Тұңғышбаев есеп ашты. Ал одан кейін Қазақстанға қайта оралған черногориялық Дамир Кояшевич таразы басын теңестірді. Жеңіске деген жігер көрсеткен Георгий Дерменджиевтің шәкірттері есепті 2:1 қылып, жеңісті жұлып әкетті. Гол авторы Иван Нагаев.

Алматыдағы «Орталық» стадионда сенсация тіркеле жаздады. Премьер-лигаға қайта оралған «Қызылжар» гол соғып, алматылықтарды тығырыққа тіреді. Алайда, алаңға алмасып кірген Исаэль мен Аршавин ойын аяқталуға 10 минут қалғанда 2 гол соғып «Қайратқа» 3 ұпай әперді. «Қызылжар» кем дегенде тең нәтижеге қол созуға лайықты еді. Жалпы алғанда премьер-лигамыздың алғашқы турында тең нәтиже мүлде тіркелген жоқ.

Жер жәннаты Жетісуда талдықорғандық жанкүйерлер өз командасының әлсіз екеніне көз жеткізді. Жаңбырлы күні алыстан жайбарақат соққы жасаған Бауыржан Тұрысбек «Тобыл» үшін маңызды 3 ұпай әкелді. Бұл жерде қақпашы Джурахон Бабахановтың өрескел қателігі орын алды. Шамасы Дмитрий Огай мен Руслан Балтиев тандемі талдықорғандық клубта көп қызмет ете қоймайды-ау деген тұжырымға келдік. Қыруар қаржы бөлініп, премьер-лигаға қайта оралып тұрғанда облыстың абыройын шашу ешкімге де керек емес.

Станимир Стойлов кеткелі бері тізгінді қолына алған Григорий Бабаян жарап тұр. Ол бапкер болғалы бері «Астана» екі ойын өткізді. Екеуінде 3:0 есебімен жеңді. Алдымен Суперкубокта «Қайратты», енді міне біріншіліктің бірінші турында «Ақжайықты». Бұл матчта көзге түскен сол баағы Марин Томасов. Хорватиялық легионер алдымен айып добынан есеп ашса, кейіннен бұрыштама көтеріп, оның пасынан Сергей Малый есепті еселей түсті. Ал ойынның нүктесін жарақатынан айығып шыққан Серікжан Мұжықов қойды.

Қызықтың көкесі Қызылордада болды. Жергілікті «Қайсар» жастары 21-ге толмаған жас футболшылардан жеңіліп қалды. «Ақтөбе» командасының басынан өтіп жатқан қиындық барлығына белгілі. Клуб қарызға белшесінен батып, жаңадан алған футболшыларын тіркей алмай, алаңға шығармады. Себебі өткен жылдары өзге легионерлердің жалақысын бермеген. Сондықтан осы ойынға Самат Смақов басқаратын клуб қосалқы құрамымен келді. Келді де 1:0 есебімен жеңіске жетті. «Ақтөбелік» шабуылшы Абат Әйімбетовті шалып құлатқаны үшін төреші қызылордалықтардың қақпасына 11 метрлік айып добын белгіледі. Асланбек Кәкімов еш ойланбастан жеңісті голды соқты. Айтпақшы, осы ойында «Ақтөбе» сапында 10 қазақ футболшысы алаңға шыққанын айта кетейік.

Сөз соңында сандарды сөйлетсек. 6 ойында небәрі 3-ақ есеп тіркелді. Яғни, 3 матч 2:1, 2 ойын 0:1, бір матч 3:0 болып аяқталды. Ал барлығы 14 гол соғылып, оның тең жартысын, яғни 7-уін легионерлер салды. Бұл өткен жылғы бірінші турмен салыстырғанда анағұрлым көп. 14 доптың 6-уы бірінші таймда соғылса, қалған 8-і екінші таймның еншісінде. Енді келесі тур ойындары 17 наурыз күні өтеді.

ТЕННИС

«Дэвис» кубогы енді әлем чемпионаты болып өзгереді

Бүкіләлемдік спорт күнтізбесінде 4 наурыз – дүниежүзілік теннис күні. Бұл мерекелі датаны Қазақстан теннис федерациясы да дүркіретіп атап өтті.

Ермұхамед МӘУЛЕН,
«Егемен Қазақстан»

Еліміздің көптеген теннис орталықтарында осы спортқа аяқ басқан балдырғандарға арналған шеберлік сабақтары өтіп, олардың ата-аналарына арналған сый-сыйлаттар табысталды. Елімізде теннис спорты қарқынды дамып келе жатқан Алматы, Ақтөбе, Шымкент, Орал қалаларында түрлі мерекелік жиындар ұйымдастырылды. 2013 жылы Халықаралық теннис федерациясы бекіткен мереке бұл жолы «Теннис 10» бағдарламасының аясында атап өтілді. Яғни, үлкен тенниске енді аяқ басқан, 10 жасқа дейінгі балдырғандар арасында түрлі сайыстар жасалынды. Жүзден астам жеткіншекке теннис таяқшалары табысталып, көптеген сыйлықтар таратылды. Осындай мерекенің бірі елордадағы «Дәулет» ұлттық теннис орталығында да болды. Онда біз Қазақстан теннис федерациясының вице-президенті Диас Досқараевты сөзге тарттық.

– Халықаралық теннис күні біз үшін өте маңызды. Осы спортты дамытудың, насихаттап қалудың тағы бір мүмкіндігі десек артық емес. Бүгін жаттығулар ашық түрде жүріп жатыр. Балаларының қалай жаттығатынын ата-аналар да көріп отыр. Тенниске енді келіп жатқан елордалық балаларға көптеген сыйлықтар жасадық. Олардың осы спортқа деген махаббатын одан әрі аша түсуіміз керек.

– Диас Бауыржанұлы, еліміздегі теннистің дамуына байланысты атқарылып жатқан шаруалар өте көп. Алайда, жаңадан ашылатын теннис орталықтары қашан бой көтермек? Бір сұхбатыңызда Астана мен Петропавл қалаларында теннис орталығы ашылады деп едіңіз?

– Негізі Солтүстік Қазақстан облысындағы орталықтың техникалық ашылуы болып қойған. Орталық қазір жұмыс істеп тұр. Тек біз оны ресми түрде жазға қарай ашып, кең қолданысқа қосамыз. Ал Астанада «Жеруйық-2» саябағының ішінен ашылатын

теннис орталығының құрылысы осы жазда басталады. Сонымен қатар қазір құрылысы жүріп жатқан Шымкенттегі теннис орталығын да айта кетейін. Ондағы кешен жақын арада пайдалануға беріледі. Орталықта қонақүй, бассейн, көптеген корттар болады. Алматыда тағы бір орталықтың құрылысы аяқталып, 9 ақпан күні пайдалануға берілді. Қазір онда бапкерлер жұмысқа кірісіп, тенниске жазылған жеткіншектерді қабылдап жатыр. Барамын, қатысамын дегендерге есік ашық. Мекенжайы «Мамыр» шағын ауданында. Ендігі мақсат – Қарағанды, Ақтау, Қостанай қалаларында екінші теннис орталықтарын ашу. Негізі мен атап өткен қалалардың барлығында теннис орталықтары бар. Бірақ, жаттыққысы келетін балалардың саны тым көп болғандықтан, біз оларды бір орталыққа сыйдыра алмай жатырмыз. Бүгінде 7 мыңнан астам жеткіншек тенниске жазылған. Одан бөлек, әуесқойлардың өзі қаншама?!

– Алдағы сәуір айында Қазақстан құрамасы Хорватияға қонаққа барады. «Дэвис» кубогында тегеурінді қарсыласқа тап болдыңыздар. Бұл құраманы жеңіп, келесі кезеңге өтуге мүмкіндік бар ма?

– Бізде бұл ойынға үлкен жоспар бар. Бес рет ширек финалға шықтық. Бірақ, тарихымызда ешқашан жартылай финалға өтіп көрмедік. Сондықтан да осы ойында бар күшімізді көрсетуіміз керек. Хорватия құрамасы Марин Чилич, Борна Чорич секілді мықты тениисшілерден жасақталған. Бес теннисшісінің бесеуі де ТОП-50 қатарына кіреді. Жұптасып ойнайтын теннисшілерінің өзі мықты. Бізге қиын болатыны анық. 100 пайыз жеңеміз деп айтудан аулақпын. Бір өзгешелігі бұл жолы біз Загребтің қасындағы Параждин қаласындағы құмдауыт төсеніште өнер көрсетеміз. Хорватияның ең мықты теннисшісі Марин Чилич осы жолы құрама сапында ойнаймын деп айтыпты. Қазақстан құрамасы деген кезде барлығы ең мықты ойыншыларын шақыртатын болған. Басты мақсат – ел абыройын төмен түсірмеу. Оның үстіне Халықаралық теннис федерациясы келер жылы үлкен бір жобаны қолға алмақшы. Бұл жарыстың форматын өзгерткелі жатыр. «Дэвис» кубогы енді әлем чемпионаты секілді өтеді. Бір аптаның ішінде 18 команда топ-топқа бөлініп өнер көрсетеді. Ал сол кезде бізге тобымыздан шығу қиын болады. Әлемдік топта қалудың өзі оңайға соқпайын деп тұр. Демек, қазірден бастап әлемдік рейтингімізді жоғарылата бергеніміз жөн.

Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ,
«Егемен Қазақстан»

Сабырлы жетер мұратқа...

Қазақ спорт тарихында аты алтын әріппен жазылуы тиіс тұлғалардың бірі – Олимпиада чемпионы Жақсылық Үшкемпіров. Бірақ... бірақ демекші осы жеңіс Жақаңа оңайлықпен келген жоқ. Үлкен мақсатқа жету үшін – төгілген тер, атқарылған еңбек, жеңіс үшін боз кілем үстінде жан беріп, жан алысқан тайталастар... Біз сөзбен айтқанда, үлкен спортта өлермендік болмаса ешқашан жеңіске жете алмайсың. Оның бер жағында КСРО кезінде ұсақ ұлттың ұлдарын шетқақпайлау әдеттегі жағдайдың бірі болатын. Мұндай құқай Жақсылық ағамызды да айналып өтпепті. Айталық, 1973 жылы Одақ біріншілігінде жүлдегер атанып, 1975 жылы Бүкілхалықтық спартакиада чемпионы болған сәттен бастап, 1980 жылға дейін Жақсылық балуанды кеңестік бапкерлер әлемдік һәм құрлықтық деңгейдегі ешқандай жарысқа қатыстырмады. Қарсыластарынан күші басып, айласы асып тұрса да, жолы болмады.

Осы бір сүреңсіз күндердің, көңілсіз сәттері жайлы Жақсылық Үшкемпіров өзінің кезекті бір сұхбатында: «Олимпиада, Әлем чемпионатына бару үшін қанша жыл толассыз тер төктім. КСРО-ны ұтып тұрсам да маған Олимпиада, әлем кілемінде күресу бақыты бұйырмады. Талай әділетсіздікке кез келдім, бәріне төздім, сабыр сақтадым, үміт үзбедім. Артынан қандай атақдаңққа кенелдім, оның бәрі пешенеме жазылған тағдыр екен. «Шыдамды Жак» («Терпеливый Жак») деген лақап ат маған тегін таңылған жоқ. Үлкен жарыстың алдында «осы жолы сөзсіз баратын шығармын» деп, үміттеніп жүрем. Дәл жарыс алдында бапкерлер: «Бұл жолы Аникин немесе Шумаков, я, Бозин барады, келесі жол сенікі. Бапкерлер солай деп шешті», дейді. Мен болсам: «Ә, бапкерлер солай шешсе, жарайды. Мен келесі жолы-ақ барайын» дей салам. Сыр білдірмеймін, қарсы дау айтпаймын. Бірақ түптің түбінде осы сабырым текке кетпейтініне сендім. Бапкерлер мені Әлем, Еуропа чемпионатынан қасақана қақты да отырды. Мысалы, 1978-1980 жылдары жалғыз рет ұпай санымен ұтылыппын. 1978 жылы КСРО чемпионатында бәрін жеңіп, финалда Аникинді менсінбей күресемін деп жеңісті қолдан беріп қойдым. 1979 жылғы КСРО чемпионатында финалға шыққан А.Шумаков екеумізді күрестірмеді. Менің көзімді бақырайтып қойып жеңісті А.Шумаковқа беріп жіберді. Сонда да мыңқ етпедім. Бірақ Шумаковтың дәті шыдамады. Олимпиадаға азғана күн қалғанда, бас бапкер Сапунов бастаған жаттықтырушылардың алдында барып: «Олимпиадаға мен қатыса алмаймын. Жақсылық бәрімізден күшті. Оны өздеріңіз де білесіздер. Оған сенуге болады» деп, бас тартты. Осылай Олимпиадаға қатысатын болдым...».

Жоғарыдағы естеліктен қандай ой түйеміз. Егерде шыдамсыздық танытып немесе болып жатқан әділетсіздікке төзбей Жақсылық спортты тастап кеткенде не болар еді. Көзге көрініп, көңілге сезіліп тұрған шындық: Жақаңның басына бақ боп байланған бүгінгі атақ-абыройдың бірі де болмас еді.

Жоғарыдағыдай қазақты шетқақпайлайтын келеңсіз дүние басқа бауырларымызды да айналып өтпеген. Мысалы, 1986-1987 жылдары КСРО чемпионы атанып, КСРО кубогын жеңіп алған велошабандоз Марат Сатыбалдиевті 1988 жылы өткен Сеул Олимпиадасына апармады. Қолдан келер қайран жоқ Марат сабыр сақтады. Ақырын күтті. Нәтижесінде, келесі 1989 жылы әлем біріншілігін бағындырған тұңғыш қазақ ретінде тарихта аты қалды.

Атам қазақта: «Сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа» деген аталы сөз бар. Қазіргі біздің спортшыларға осы Жақсылық пен Мараттың сабыры мен төзімі жетіспейді. Сондай-ақ тұла бойларында ұлы мақсат, ірі арман жолындағы өлермендік жоқ. Құранның «Әл-имран» сүресі, 146-аятында: «Алла сабырлыларды жақсы көреді» дейтін ашық дұға болса, «Нахл» сүресінің 96-аятында да «Сабыр еткендерге істеген істерінен де артық сый беремін» деген Алланың уәдесі айтылады.

Демек, үлкен спортта, қарапайым өмірде күнделікті кездесіп жататын әділетсіздікті кезекті бір сынақ деп түсініп, оған сабырлылық таныта білген, оны-мен қатар алдағы табысты күндерден үміт үзбей, адал терін төккен жанның ақысы ешқашан текке кетпейді. Бұған жоғарыдағы Жақсылық Үшкемпіровтің әрекеті мен тағдыры дәлел.

Жақсылық ағамыздың спорттағы жеткен жетістігі оның сабыры мен төзіміне берген тағдырдың сыйы. Жақаң 1980 жылы 29 жасында Олимпиада биігін бағындырса, отыз жасында Әлем чемпионы атанды. Келесі, яғни 1982 жылы Әлем кубогының иегері атанды. Неткен қажыр, неткен сабыр, неткен қайсарлық!

ТАСҚЫНҒА – ТОСҚЫН

Баспанасы қираған 8 отбасына үй беріледі

Облыс әкімі Даниал Ахметов 13 наурыз күні Аягөз ауданына арнайы барып, тасқыннан зардап шеккен үйлерді аралап, тұрғындармен кездесті. Айдың-күннің аманында баспанасынан айырылу кімге оңай тисін? Бар-жоғы 15 минуттың айналасында екі метрге жуық тасқын судың астында қалып, күл-талқаны шыққан үйлердің тұрғындары әуелде ашуға ерік беріп, тіпті кейбірі көздеріне жас алып, жергілікті әкімдікке сын айтқанымен, аймақ басшысы мән-жайды түсіндіргеннен кейін барып көңілдері орнына түскендей болды. Облыс әкімімен бірге су алған үйлерді аралағанымызда «За линий» деп аталатын шағын ауданда түйткілді мәселелердің аз емес екенін аңғардық. Тұрғындардың бірі «жергілікті әкімдік қарайласпаған соң көпірді өз күшімізбен салып алдық» десе, енді бірі бұл шағын ауданда су, жарық мәселесінің шешімін таппай отырғанын алға тартты.

Азамат ҚАСЫМ,
«Егемен Қазақстан»

Аягөзде әуелде 20, сосын 40, кейін 100 үйді су басқаны туралы хабарланған еді. Бұл дерек күн сайын өзгеріп, 14 наурыздағы мәлімет бойынша 189 үйге су кіргені белгілі болды. Әзірге өзгермегені мүлде жарамсыз болып қалған 8 үй мен апатты деп танылған 10 үй. Жермен-жексен болған немесе қабырғалары жарылып құлаудың аз-ақ алдында тұрған үйлерді өз көзімен көрген Д.Ахметов апатты деп танылған баспаналар біраз күнде 8 үйдің кебін киюі мүмкін екендігін жасырмады. «Сәл сабыр етіңіздер. Бірде-бір тұрғын назардан тыс қалмайды. Арнайы құрылған комиссия 10 күн ішінде тиісті шешім шығарады. Үйлері жарамсыз болып қалған тұрғындарға Аягөз қаласында салынып жатқан 60 пәтерлі үйден баспана беріледі. Немесе осы қаладан үй сатып алып беру мәселесін қарастырамыз. Үйлеріне су кірген, бірақ тұруға жарайтын баспана иелеріне де көмек көрсетіледі. Ертең облыстық «Парыз» қорынан Аягөздегі қалыптасқан жағдайды реттеуге 50 миллион теңге қаржы аударамыз», деген-ді облыс әкімі 13 наурыз күні тұрғындармен кездесуінде. Кеше өңірдегі тасқын жағдайына орай журналистерге арнайы брифинг өткізген аймақ басшысы аталмыш қаражат сағат 10-ға дейін «Аягөз болашақ» қорына аударылғанын, бұл ақша баспанасыз қалған 8 тұрғынға тез арада үй сатып алып беруге және тасқыннан зардап шеккен отбасылардың қажеттілігіне жұмсалатынын жеткізді. Сонымен қатар табиғаттың тосын мінезінен қиын жағдайды бастан кешіп отырған тұрғындарға көмек ретінде өзінің айлық жалақысын аударғанын да айтты.

Қолымызға тиген соңғы мәліметтерге жүгінсек, дәл қазіргі уақытта Аягөздегі №6 мектеп жанындағы интернатта 73 адам (оның 42-сі бала) уақытша тұрып жатса, 70 адам туыстарын паналауда. 217 тұрғын өз үйлеріне оралыпты.

Даниал Ахметов брифингте 10 наурыздан басталған тасқын кезінде облыс бойынша 229 үй (Аягөз қаласы – 189, Өскемен қаласы – 24, Ұлан ауданы – 5, Глубокое ауданы – 8, Зайсан ауданы – 2, Күршім ауданы 1), 193 аула мен 110 саяжай нысанын су басқанын, апат кезінде 385 адам қауіпсіз жерге көшірілгенін, қазір барлық елді мекендер судан арылғанын, апаттық құтқару жұмыстарына 1070 адам мен 308 техника тартылғанын тілге тиек етті. «Әрине, мұнымен іс бітті деп арқаны кеңге салуға болмас. Дәл қазіргі уақытта төтенше жағдайлар қызметінің мамандары 6 тікұшақпен әуеден бақылау жүргізіп, қауіпті деген жерлерді анықтауда. Аягөз бен Ұлан аудандарының әкімдері төтенше жағдай кезінде ширақтық танытып, тұрғындарға дер кезінде ескертіп, қауіптің алдын алды деуге болады. Өскемендегі жағдайды өздеріңіз де біліп отырсыздар. Үйлерін су алған тұрғындардың наразылығы да орынды. 10-15 адам жіберетін жерге 2 адам жіберілген. Бұдан кейін жағдай ушықпағанда қайтсін? Демек, жағдайды өзіміз де қиындатқанбыз. Тәжірибесіз басшыларға барлығын ескертіп отырмаған менің де кінәм бар шығар», деді Даниал Ахметов.

13 наурызда газетімізде жарық көрген мақалада Шығыс Қазақстанның алты бірдей ауданы (Аягөз, Үржар, Күршім, Ұлан, Глубокое, Зайсан) ауданы мен облыс орталығы – Өскемен қаласының тұрғындары су тасқыны салдарымен арпалысып жатқанын сөз етіп едік. Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз қызметі Тарбағатай мен Шемонайха аудандарында да қарғын су жұртты әлекке түсіре бастағанын хабарлады. Тарбағатай ауданында Базар өзені қардың күрт еруінен арнасынан асып, Көктүбек ауылындағы 4 аула мен шаруашылық ғимараттарына су жайылыпты. Қазіргі уақытта аудандық төтенше жағдайлар бөлімі мен жергілікті атқарушы органдардың күшімен суды тұрғын үйлерден бұру шаралары қолға алынып, қауіпті аумаққа инертті заттармен толтырылған қаптар төселіп жатқан көрінеді. Оқиға орнында 35 адам мен 5 техника жұмыс істеуде. Ал Шемонайха ауданының Верх-Уба ауылында күннің жылынуынан 4 ауланы су басып кетіпті. Қазір арықтардан суды ағызу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Мақала нөмірге әзірленіп жатқанда үйлері тасқыннан зардап шеккен адамдардың бір тобы уақытша орналастырылған Аягөздегі №6 мектеп жанындағы интернаттың директоры Ләззат Молдашеваға телефон шалып, жағдайды білдік. «Интернатқа әуелгі күні 37, екінші күні 50 адам әкелінді, қазіргі уақытта 91 (оның 52-сі бала) кісі тұрып жатыр. «Мұндағы тұрғындарға таңертеңгі тамақты өзіміз, түскі және кешкі тамақты ауданның кәсіпкерлері беріп жатыр. Ауданның тұрғындары қолдан келген көмектерін аяп жатқан жоқ. Алыста жүрген жерлестеріміз де көмек қолын созып жатыр. Мәселен, белгілі әнші Тоқтар Серіков 100 мың теңгеге азық-түлік өнімдерін беріп жіберіпті. Аудандық білім бөлімі тасқын кезінде оқулықтары мен киім-кешектері су астында қалған оқушыларды мектеп формасымен және оқулықтармен қамтамасыз етті», деді ол.

Облыстық төтенше жағдайлар департаменті баспасөз қызметінің соңғы берген мәліметтеріне сүйенсек, қазіргі уақытта облыста 7 үй су астында қалып отыр. Оның бесеуі – Өскеменде, екеуі Күршімде. Аталған аумақтарда суды сору жұмыстары жүргізілуде. Облыс орталығындағы үйлерінен уақытша көшірілген 22 адамның 15-і қазір туыстарын паналап жатса, жетеуі «Үлбі» әлеуметтік қызмет орталығын мекен етуде.

Шығыс Қазақстан облысы

Суретті түсірген
Тілеубек ШАЯХМЕТ

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру»
акционерлік қоғамы акционерлерінің кезектен тыс жалпы
жиналысындағы дауыс беру қорытындылары туралы
ХАТТАМАСЫ**

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр д-лы, 17 мекенжайында орналасқан «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Қоғам») акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы (бұдан әрі – «Жиналыс») 2018 жылғы 12 наурызда, 10 сағат 00 минутта Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 17-үй мекенжайындағы 3-қабаттағы акт залында өткізілді.

Қоғамның атқарушы органының толық атауы мен орналасқан жері: Басқарма, Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 17-үй.

Қоғамның Жиналысына мыналар қатысты:

1. 43 087 006 жай акцияның иесі – «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-тан «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының өндірісті оңтайландыру департаменті директорының орынбасары Дамир Данилбекұлы Теберіков қатысты (2018 жылғы 18 қаңтардағы №113-37 сенімхат бойынша);

2. Deutsche Bank Trust Company Americas («ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ АДҚ депозитарийі), 102 508 АДҚ-ні құрайтын 17 084 жай акцияны білдіретін Айжан Айтбайқызы Аманжолова қатысты (2018 жылғы 27 ақпандағы сенімхат бойынша).

Қорытынды: Жиналысқа қатысу және онда дауыс беру құқығы бар, жиынтықта Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының 75,5 %-не иелік ететін акционерлердің 2 өкілі тіркелді.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде жиналысты өткізу және оның күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс беру үшін кворум бар.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының отырысында дауыс беруге шығарылған мәселелер бойынша Қоғамның есеп комиссиясы дауыс берудің мынадай қорытындыларын шығарды:

1. Қоғам жиналысының төрағасын сайлау туралы.

Дауыс бергендер:
- «**Қолдады**» - 43 087 006 дауыс;
- «**Қарсы**» - дауыс жоқ;
- «**Қалыс қалды**» - дауыс жоқ.

Жиналыстың мынадай шешімі қабылданды: «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының атқарушы вице-президенті – қаржы директоры Дәурен Сапаралыұлы Қарабаев Қоғам жиналысының төрағасы болып сайлансын.

2. Жиналыстың хатшысын сайлау туралы.

Дауыс бергендер:
- «**Қолдады**» - 1 дауыс;
- «**Қарсы**» - дауыс жоқ;
- «**Қалыс қалды**» - дауыс жоқ.

Жиналыстың мынадай шешімі қабылданды: Қоғамның корпоративтік хатшысы Сәкен Бахытжанұлы Шошанов Қоғам жиналысының хатшысы болып сайлансын.

3. Жиналыста дауыс беру тәртібі мен нысанын белгілеу туралы.

Дауыс бергендер:
- «**Қолдады**» - 1 дауыс;
- «**Қарсы**» - дауыс жоқ;
- «**Қалыс қалды**» - дауыс жоқ.

Шешім көпшілік дауыспен қабылданды: Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы 50-бабының 1-тармағына сәйкес дауыс берудің тәртібі; Қоғамның жиналысында күн тәртібінің мәселелері бойынша дауыс берудің нысаны – ашық тәсіл болып белгіленсін.

4. Жиналыс жұмысының регламентін белгілеу туралы:

Дауыс бергендер:
- «**Қолдады**» - 1 дауыс;
- «**Қарсы**» - дауыс жоқ;
- «**Қалыс қалды**» - дауыс жоқ.

Жиналыстың мынадай шешімі қабылданды: Қоғам жиналысы жұмысының мынадай регламенті бекітілсін: күн тәртібінің мәселелері бойынша баяндамашыларға он минут, пікір-таласқа қатысушыларға бес минут, есеп комиссиясына дауыстар санын есептеуге жеті минут берілсін.

5. Күн тәртібін бекіту туралы:

Дауыс бергендер:
- «**Қолдады**» - 43 104 090 дауыс;
- «**Қарсы**» - дауыс жоқ;
- «**Қалыс қалды**» - дауыс жоқ.

Жиналыстың шешімі қабылданды: Жиналыстың мынадай күн тәртібі бекітілсін:

1) Лондондық қор биржасының (London Stock Exchange) ресми тізімінен Қоғамның ауқымды депозитарийлік қолхаттарын тұрақты алып тастау (ерікті делистинг) туралы;

2) Қазақстандық қор биржасының (KASE) ресми тізімінен Қоғамның жай акциялары мен ауқымды депозитарийлік қолхаттарын тұрақты алып тастау (ерікті делистинг) туралы;

3) жаңа редакциядағы Қоғамның Жарғысын бекіту туралы.

6. Жиналыстың күн тәртібінің «Лондондық қор биржасының (London Stock Exchange) ресми тізімінен Қоғамның ауқымды депозитарийлік қолхаттарын тұрақты алып тастау (ерікті делистинг) туралы» бірінші мәселесі бойынша.

Дауыс бергендер:
- «**Қолдады**» - 43 088 257 дауыс;
- «**Қарсы**» - дауыс жоқ;
- «**Қалыс қалды**» - 15 833 дауыс.

Жиналыстың мынадай шешімі қабылданды:

Лондондық қор биржасының (London Stock Exchange) ресми тізімінен Қоғамның ауқымды депозитарийлік қолхаттарын тұрақты алып тастау (ерікті делистинг) бекітілсін.

7. Жиналыстың күн тәртібінің «Лондондық қор биржасының (London Stock Exchange) ресми тізімінен Қоғамның ауқымды депозитарийлік қолхаттарын тұрақты алып тастау (ерікті делистинг) туралы» екінші мәселесі бойынша.

Дауыс бергендер:
- «**Қолдады**» - 43 088 257 дауыс;
- «**Қарсы**» - дауыс жоқ;
- «**Қалыс қалды**» - 15 833 дауыс.

Жиналыстың мынадай шешімі қабылданды:

Қазақстандық қор биржасының (KASE) ресми тізімінен Қоғамның жай акциялары мен ауқымды депозитарийлік қолхаттарын тұрақты алып тастау (ерікті делистинг) бекітілсін.

8. Жиналыстың күн тәртібінің «Жаңа редакциядағы Қоғамның Жарғысын бекіту туралы» үшінші мәселесі бойынша.

Дауыс бергендер:
- «**Қолдады**» - 43 088 257 дауыс;
- «**Қарсы**» - дауыс жоқ;
- «**Қалыс қалды**» - 15 833 дауыс.

Жиналыстың мынадай шешімі қабылданды:

жаңа редакциядағы Қоғамның Жарғысы бекітілсін.

Есеп комиссиясының мүшелері:
Л. Нұрмағамбетова
А. Әлиақпарова
Ш. Искаков

Келеңсіз жайт Омбудсмен бақылауында

Қазақстандағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Оңтүстік Қазақстан облысында жеті жасар баланың зорлануына байланысты жағдайды бақылауға алды.

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданының Абай ауылындағы Ж.Баласағұн атындағы мектеп-гимназиясының жоғары сынып оқушыларының 2017 жылдың тамыз айында бірінші сынып оқушысына қатысты жыныстық сипаттағы әрекеттеріне байланысты БАҚ-та орын алған хабарламалар кең қоғамдық резонанс тудырды.

Омбудсмен осы істі тергеудің ұзаққа созылғандығына алаңдаушылық білдірді. Бұл алаңдаушылыққа аталған келеңсіз жағдайдың әртүрлі түсіндірілуі және кәмелетке толмаған баланың құқықтарын қалпына келтіруге қатысты әрекет ету шараларының уақтылы қабылданбауы негіз болып отыр. Сондай-ақ зардап шеккен балаға оның физикалық және психоэмоционалдық жағдайы бұзылғандықтан қажетті көмек көрсету мәселесі маңызды болып саналады.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты бұл жағдай Омбудсменнің бақылауына алынды. Тиісті ресми сұраулар Бас прокуратураға, Ішкі істер министрлігіне және Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетіне жанжақты әрекет ету шаралары үшін жіберілді.

«Егемен-ақпарат»

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті төмендегі лауазымдарға конкурс жариялайды:

1.	Өсімдік шаруашылығы және топырақтану кафедрасының аға оқытушысы («Агрономия» мамандығы)	1
2.	Әлеуметтік педагогика кафедрасының аға оқытушысы («Педагогика» мамандығы)	1
3.	Орыс филология және кітапхана ісі кафедрасының оқытушысы («Орыс тілі мен әдебиеті» / «Филология» мамандығы)	1
4.	Дене шынықтыру және спорт теориясы және практикасы кафедрасының оқытушысы («Дене шынықтыру және спорт» мамандығы)	1
5.	Шет тілдері кафедрасының оқытушысы («Ағылшын тілі» мамандығы)	1
6.	Тау кен ісі және құрылыс кафедрасының аға оқытушысы («Құрылыс» мамандығы)	1
7.	Механизация және малшаруашылығы кафедрасының оқытушысы «Аграрлық техника мен технологиялары» мамандығы)	1
8.	Информатика кафедрасының оқытушысы («Информатика» мамандығы)	1

Оқытушы лауазымына тағайындалу үшін конкурсқа қатысушылардың жоғары білімі, магистр академиялық атағы және /немесе кемінде 3 жыл ғылыми-педагогикалық еңбек өтілі болуы тиіс.

Аға оқытушы лауазымына тағайындалу үшін конкурсқа қатысушылардың жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі, ғылыми-педагогикалық қызметтегі еңбек өтілі кемінде 3 жыл, оның ішінде оқытушылық қызметінде кемінде бір жыл немесе мамандық (бейін) бойынша практикалық жұмысының өтілі кемінде 5 жыл болуы және/немесе ғылыми дәрежесі болуы тиіс.

Құжаттар тізімі:
1. Өтініш
2. Жеке іс-парағы
3. Өмірбаяны
4. Білім жөніндегі, академиялық және ғылыми дәрежесі дипломының нотариалды бекітілген көшірмесі
5. Ғылыми атағы құжатының көшірмесі
6. Біліктілігін арттыру **жөніндегі сертификаттардың көшірмесі**
7. Ғылыми еңбектерінің тізімі
8. № 086 түріндегі медициналық анықтамасы

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінде жұмыс істейтін адамдар үшін: өтініш, мінездеме және ғылыми еңбектерінің тізімі.

Өтініш беру мерзімі – хабарландыру баспасөз бетінде жарияланған күннен бастап 21 күнтізбелік күн ішінде.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттарды мына мекенжайға жіберіңіз:

020000 Ақмола облысы Көкшетау қаласы Абай көшесі, 76 үй 121 бөлме, кадрлар бөлімі

Тел.: 8-716-2-25-56-53 Факс : 8-716-2-25-55-97

Конкурс комиссиясы.



«Атырау облысы Индер аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі қазақтың ақын-батыры Махамбет Өтемісұлының ескерткішінің ең үздік эскиздік-идеялары жобаларын таңдау үшін ашық конкурс өткізетінін хабарлайды.

Конкурсқа қатысушылар өздерінің эскиздік идеяларын осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2018 жылғы 30 наурызға дейін «Индер аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне мекенжайы: Индер ауданы, Меңдіғалиев көшесі, 30/7 немесе otdel4721252@mail.ru электронды поштасына жібере алады.

Жеңімпаздар конкурстық комиссияның шешімімен анықталады. Конкурс жеңімпаздарына ақшалай сыйлықтар қарастырылмаған. Конкурс жеңімпазының туындысы Индер ауданы, Индербор кенті Бейбарыс көшесіндегі алаңға орналастыруға ұсыныс беріледі және қатысушылардың авторлығы сақталатын болады.

ГУ «Индерский районный отдел строительства, архитектуры и градостроительства Атырауской области» для определения лучшего идея эскизного проекта объявляет открытый конкурс по композиционным памятникам поэт, герой Махамбет Утемисулу.

С момента опубликования до 30 марта 2018 года участники конкурса могут вставлять свои эскизные проекты в ГУ «Индерский районный отдел строительства, архитектуры и градостроительства Атырауской области» (адрес: п. Индерборский, ул. Мендигалиева, 30/7) или на эл.почта otde14721252@mail.ru. Победитель конкурса определяются решением конкурсной комиссии. Для победителей не предусмотрены денежные поощрения. Победителям конкурса будет предложено установить свои произведения памятник Махамбета, авторские права участников будут сохранены п. Индерборский, ул. Бейбарыс.

Кассовые аппараты «Меркурий-115 ФКZ», заводской номер 1258790, «Меркурий-115 ФКZ», заводской номер 1283997, «Меркурий-115 ФКZ», заводской номер 1270966 ТОО «Profit Betting», БИН 101140012045 в связи с утерей считать недействительными. Прилагающуюся книгу учета наличных денег, а также книгу товарных чеков, также считать недействительной.

«Казхиммонтаж холдинг» АҚ 12.03.2018 жылы өткен акционерлердің жылдық жиналысында мынандай шешім қабылданғандығын хабарлайды:

1. Жылдық қаржылық есеп және оның аудиттік қорытындылары бекітілсін.
2. Дивиденттер есептелмейтін болсын.
3. Есептіліктің шоғырландырылған көрсеткіштері мың теңге: Қысқа мерзімдік активтер – 382 159; Ұзақмерзімдік активтер – 1 515 417; Қысқа мерзімдік міндеттемелер – 71 285; Жекеменшік капитал – 1 781 646.
4. «Казхиммонтаж холдинг» АҚ-тың президенті және акционерлер жиналысының хатшысы бірауыздан сайланды.
5. «Казхиммонтаж холдинг» АҚ директорлар кеңесінің мүшелері сайланды.

ТОО «Еңбек-1» уведомляет участников ТОО «Еңбек-1» об отмене проведения внеочередного общего собрания участников ТОО «Еңбек-1», назначенного на 26 марта 2018 г., на 10-00 часов по адресу: Республика Казахстан, Акмолинская область, Аршалынский район, с.Константиновка, ул.Центральная, д. 49, в связи с утратой актуальности вынесенных на повестку дня вопросов.

Қазақ қатынас жолдары университетінің ұжымы «Әлеуметтік гуманитарлық және жаратылыс ғылымдар пәндері» кафедрасының доценті, техника ғылымдарының кандидаты, PhD докторы, Бауыржан Рахмадияұлына інісі

ЕРНАЗАРДЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты орны толмас ауыр қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Ақпараттық және есептеуіш технологиялар институты» ұжымы «Математика және математикалық модельдеу институтының» бас ғылыми қызметкері, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Мұвашархан Танабайұлы Жиеналиевке зайыбы

ДӘМЕГҮЛДІҢ

қайтыс болуына байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

ФОТОЭТЮД

Суретті түсірген **Мақсат ШАҒЫРБАЕВ**

БІР СУРЕТТІҢ СЫРЫ

Ауылдың алыбы

Айнаш ЕСАЛИ,
«Егемен Қазақстан»

Таланттар көбінесе ауылда туады. Өз тақырыбының ортасында өмір сүріп жатқан ғажайып суретшілер де бар. Темірден түйін түйген небір ұсталар мен зергерлер де елімен етене өмір сүріп жатыр. Әуелеген дауысы туған жерінен аспаған ғажап күміс көмей әншілер табылады. Тағдыр деген осы. Бақ деген кімді іздеп табады. Даңқ пен атақ та жазмыш бойынша адамын іздеп табады екен-ау.

Қарап отырсақ, кішкентай ғана ауылдардың өз тіршілігі мен танымал да сыйлы жандары, өз «Қожанасырлары» бар. Өздерінше дәурен кешіп, дәуірден өтеді.

Қызылордалық байырғы фототілші Болат Омарәлиевтің шығармашылық қоржыны дәл осындай танылмай өткен біртуар жандардың тағдырына толы.

– 2000 жылдары газет тапсырмасымен Қызылорда облысы, Сырдария ауданындағы Сәкен Сейфуллин атындағы шаруашылықта жүргенмін. Күріш орағының күйіп тұрған уағы. Біз фоторепортаж жасамақ болып, күріш жинайтын қойманың алдына барсақ, біраз адам ырдудырду болып, шуласып жатыр жатыр екен.

Жақындап барсам, мына суреттегі Көпбол деген жігіттің мойнына құрдастары әрқайсысы 50 килолық үш қапты артып қойыпты. Біз енді ғана төртінші қапты арқасына салайын деп тұрған жеріне тап келіппіз.

– Ал салыңдар, салыңдар!, – деп дәу қара да қызуланып қоймайды. Жүзі күлім қағады. Мойнындағы үш бірдей қапты шыбын қонғандай елеп тұрған түрі жоқ. Қаумалап тұрғандардан сұрасақ, Көпбол деген ауылдың ауырды мыңқ демей арқалап жүре беретін азаматы екенін білгендей болдық.

Сол кезде Көпболдың әйелі келіп қалды да:

– Ойбай, тоқта, таста ана қаптарды! Белін сындырасыңдар! Бұған бәрібір, тағы он қап салсаңдар да мәз боп тұра береді. Денсаулық сендерге емес, оған керек қой, – деп шынында да шыж-быж болды. Жиналғандардың біреуі күліп, біреуі тағы қанша қап көтереді дегендей, әттеген-айларын айтып, шуласып жатыр.

Мойнындағы қаптарынан босаған сәтінде, Көпболдан сұраймыз ғой:

– Бауырым, штанга, күреске бардың ба? Басқа да спорт түрлеріне қатыстың ба?

– Ойбай жоқ! Менің спорты?! Менің спортым күріш қоймасының 50 килолық қаптары ғой. Қайбір жылы киноға түсуге шақырған, бірақ барған жоқпын.

– Неге бармадыңыз? – дейміз біз де қоймай.

– Орысша білмеймін, – деп риязсыз ыржиып күлді.

Сол Көпболды бір-екі жыл бұрын қайтыс болды деп естідім. Неден қайтыс болғанынан хабарым болмады, дейді суреттің авторы.

Бұл да бір өмір!

АЛМАТЫ

Суретті түсірген
Болат ОМАРӘЛИЕВ

БАЙҚАУ

«Сыңғыр шолпы, шашбауың, жарасады таққаның»

Атыраулық бұрымды қыздар байқауға қатысып, бақ сынады. Облыстық тарихи-өлкетану музейінде өткен шараға қатысушылардың шаштарының ұзындығы, қалыңдығы, күтімі, сәнді өрімдері мен сахна мәдениеті, салт-дәстүрді меңгеруі сынға түсті.

Бақытгүл БАБАШ,
«Егемен Қазақстан»

Ұйымдастырылған байқаудың бас жүлдесін Арайлым Смағұлова жеңіп алды. Каспий өңірінің қазіргі заманғы колледжінде оқитын Арайлымның шашының ұзындығы 100 см.

Бұрымды қыздар таныстыру, шаш өру үлгілерін көрсету, музей қорындағы зергерлік бұйымдарды тағып, ерекшеліктерін айту, мақал-мәтелді жалғастыру секілді байқау талаптарынан сүрінбеді. Олардың өнерлерін педагогика ғылымдарының кандидаты, білім беру саласының ардагері Нұрзила Сәрсенқызы бастаған қазылар алқасы бағалады.

Д.Нұрпейісова атындағы Атырау музыка колледжінің студенттері Роза Майранова, Аймекен Құрметқызы, Аружан Артурқызы, Каспий өңірінің қазіргі заманғы колледжінің студенті Нұрсәуле Қадыржанова, Бизнес және құқық колледжінің студенті Құралай Оразғалиева, Мұнай және газ университетінің студенті Гүлназ Ғасырбекқызы, Қ.Дүтбаева атындағы гуманитарлық колледж студенті Жаңылсын Ерғалиқызы арнайы аталымдармен марапатталды.

– Қазақ қызының қашанда ақылына көркі сай болған. Ұлттық салт-дәстүрді танып, біліп, күнделікті өмірде қолдануды насихаттау осындай шаралардан басталады. Байқауға қатысқан ару қыздардың иба, ұят, иман секілді асыл қасиеттерді бойларына жинағандарын көріп, риза болдық, –дейді музей директорының орынбасары Сая Ғазимова.

АТЫРАУ

ҚАЗ-ҚАЛПЫНДА

Ана жүрегінің қуаты

Ұларбек НҰРҒАЛЫМҰЛЫ,
«Егемен Қазақстан»

Иә, бұл да демін ішіне тартқан қатулы қазақ тарихының қанкешті бір парағы. Бордай дейтін әжеміздің басынан өткен қилы оқиғалар. Болған жайды болған күйінде баяндап беруді жөн көрдік.

Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдары. Арқаның қысы арқырап тұрған уақыт. Елге оба дейтін дерт тарап, бір төбенің айналасын қыстап отырған ағайынды төрт шаңырақтың отағасы, үлкендері баудай қырылады. Бордай әжеміздің күйеуі, төрт ағайындының кенжесі Тасболат та қайтыс болып, жесір қалады. Онымен қоса Тасболаттың басқа ағаларынан қалған он жасқа толмаған балалардың өзі жиырмаға жуықтайды. Оған өзінің ұсақ балаларын, өзге ересек балаларды қосқанда қырыққа тақау жан қалады. Бас қалқалары – Бордай әжеміз және Тасболаттың тұңғышы 20 жасқа енді ілінген Сейфулла. Біреуді біреу білмей мәңгірген, әркім жанын сақтап қалуға қам қылған заман. Сонда Бордай әжеміз мұнда еш туысы жоқ, панасыз қалған балаларды бір жағы обадан алып қашып, бір жағы аталары өскен жұртқа апармақ болады. Белгілі себептермен Арқаға ауып келген төрт ағайындының атамекені Сыр өңірі екен. Енді мынау Арқадан сонау Сырдың бойына бармақ.

Әттең, осы күннің көлігімен бір-ақ күнде жетер ғой дейсің. Шиқылдаған сарауыз балапандарды бірін-біріне мінгестіріп, бірін кебежеге салып, бірін жаяу дегендей шұбыртып көшкен көш 3-4 ай жортады. Ондағы азап пен қасіретті адам айтып тауысқысыз. Балалар шетінен шетінейді. Тіпті түйедегі кебежеге салып қойған Бордай әжеміздің Айсұлу, Күнсұлу дейтін екі қызы бір-бірінен асып қараймыз деп бірін-бірі түйенің астына алып түсіп опат болады. Жол бойы адам көміп отырып арып-ашып, өліп-талып Сырға жеткенде 7-8 жан ғана қалыпты. Келген соң ауа жақпай тағы бірнешеуі бақилық болып, ең соңында Бордай әжеміз, Сейфулла, үш-төрт жасар бір қайыны және бір жастағы сүт кенжесі Сәдуақас қана қалыпты. Біраз уақыт өтіп үйренісіп, «енді өлім осымен тоқтап қалар» деп үміттеніп отырғанда, көшті бастап келген Сейфулла да қайтыс болады. «Соншама жерден нағашысын қалай тауып келді екен?» деген елдің сөзі тиді ме, көзі тиді ме, Сейфуллам ауырмай-сырқамай қайтыс болды ғой, қарғам!» дейтін көрінеді әжеміз.

Қабырғасын қайыстырған қайғыны көтеріп, қалың жұрттың ішінде бұлар да тіршілігін жалғайды. Сол Сырдың бойында 1941 жылға дейінгі қазақ не көрсе соны көріп өмір сүріп жатады. Ішіңіз сезіп отырған шығар, аяқ астынан бұрқ ете қалған алапат соғыс әжеміздің жалғызы Сәдуақас пен қайынын солдаттар қатарына іліп әкетеді. Бордай әжеміз мәңгіріп қалыпты дейді сонда. Баласын құшақтаған қолдары тас болып қатып, үн-түнсіз отырып қалыпты...

Сәдуақас кеткенде үйде бір жылқы, бір сиыры бар екен. Бордай әжеміз сол екеуін күндіз-түні күзетеді дейді. Біреу-міреу алып кетеді десе керек. «Сәденнің аты, Сәденнің сиыры» деп оларды үйге кіргізіп алыпты. Қора емес, үйге. Суды алыс өзеннен иінағашпен әкеліп суарып, кейде тіпті құшағына балта қыстырып өзі босағада жатады екен. Біреуге қаралы қағаз келіп жылап, біреудің жаралы ұлы келіп жылап, ел күнді күнге, түнді түнге жалғап жылаудан көз ашпаған ауыр кезең. Көп уақыт өтпей-ақ қайнысынан қара қағаз келіпті. Қайғы онан сайын қалыңдап, үрей онан сайын үдеп Бордай әжеміз де құдайдың құтты күні жылаумен болады.

Бір күні кеште Бордай әжеміздің үйіне көршілері кіріп келеді. Орнынан атып түрегелген әжемізге қуанышты хабар айтады. «Сәдуақас, Сәденіңіз келді, апа!» – деп сүйіншілейді. Сол кезде күтпеген оқиға орын алады. Әжеміз талып қалыпты. Кейін өзі айтады екен: «Бір есімді жисам, қазан жақта адамдар жүр екен. Сәденіме сақтап жүрген сарымайым бар еді, соны ұрлап жатыр екен деп орнымнан тұрайын десем қозғала алмаймын. Одан қайта ұйықтап кетіппін. Түн болып кетіпті. Есімді енді толық жинап қалған секілдімін. Бағана келгендердің сөзі есіме түсті. «Сәденіңіз келді!» деп еді ғой. Сәденім менің төсегімнің алдында жататын. Келсе сол жерге жатады ғой деп қарасам, құдайымау, жатыр сол жерде! Қорылдап ұйықтап кетіпті. Сенер емеспін. «Сәденіңмін» деп келіп Сәденнің атын алып кеткелі жүрген біреу болмасын, – деп ойлап қоям. Содан кейін төсектен түсіп ақырын аяғын сипаласам Сәденім секілді. «Сәден-ау, Сәденсің бе?» десем «Апа, мен келдім» дейді. Құдайау, шын екен. Құшақтай бергенім сол еді, мен бейшара қайта талып қалыппын…».

Сөйтіп, әжеміз жалғыз ұлымен қауышады. Әрі қарай өркенді өмір басталады. Сәдуақас Күләш деген тәрбиелі, көргенді қызбен үйленіп, екеуі аналарын өмірінің соңына дейін алақандарына салып әлпештейді. Сәдуақас та айнала жұртқа аяулы, кісілікті, ерен азамат екен. Құдай тілегін беріп ұрпақтары өсіп-өркендейді. Қазір қара шаңырағы тамыры терең, жапырағы жайқалған теректей мәуелі әулет. Қызылорда облысының Сырдария ауданында тұрады.

Он құрсақтан жалғыз қалып, сол жалғыз соғысқа кетіп, Алла аман сақтап қалған Бордай әжеміздің Сәдуақасынан қайта қаулап өскен өрендер – Төлегеннен төртеу, Сансызбайдан бесеу, Рәбиғадан алты бала өмірге келіп, олардан немере-шөберелер тарап қазірде бір қауым елге айналды.

Нұрмат достың үйінде отырғанда анасының ағытылып айтқан осы әңгімесі көкірекке көп салмақ салды. Көпке жеткізуді міндет санадым. Айтпақшы, өткен-кеткенді әңгіме қылғанда Бордай әжеміз: «Мен қанша жыласам да Аллаға еш налыған емеспін, жалынып жақсылық сұрай бердім. Кейін ойласам Алла берген жақсылық деген сол күш-қуат екен ғой…» дейді екен. Үзіле жаздап жалғанған текті әулеттің ошақ оты маздай берсін! Құдіреті күшті Алла тағала аналар жүрегінің қуатын арттыра бергей!

Суретті салған
Айдарбек ҒАЗИЗҰЛЫ,
«Егемен Қазақстан»

ЖӘДІГЕР

Патша заманындағы пұл

Хамит ЕСАМАН,
«Егемен Қазақстан»

Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданындағы музейдің ғимараты өңірдегі ең көне нысандардың бірінен саналады. Әуелі пошта бекеті, одан кейін орыс-түземдік мектеп, әрі қарай Луговой орыс мектебі болған ғимараттың салынғанына 117 жыл болыпты. Ал 2015 жылы 1 мамырдан бастап Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінің Т.Рысқұлов аудандық бөлімшесі осы ғимаратқа көшірілді.

Әміре Сұлтанбековтің бастамасымен 1983 жылы қоғамдық негізде аудандық музей құрылып, ол жерге үш мыңнан астам жәдігер жиналады. Т.Рысқұлов аудандық музейінің меңгерушісі Есназар Құрымбаевтың айтуынша, бүгінде мәдени мекемеде халқымыздың терең тарихынан сыр шертетін, есте жоқ ескі замандардың куәгері іспетті тоғыз мыңнан астам жәдігер бар. Әрине, ол жәдігерлердің кім-кімді де қызықтырмай қоймасы анық. Дей тұрғанмен, мұнда келушілерді патша заманындағы ақшалар қызықтырады екен. Мәселен 1909, 1917, 1918 жылы шыққан көне пұлдар әлі күнге дейін осы жерде сақтаулы. Заманында байлардың, көпестердің қалтасында қобырап жүрген ақшалар бүгінде тарихқа айналып, жәдігер есебінде музей төрінде тұр. Бұл күнде әбден тозығы жеткен ақшалар тарих қойнауына сіңіп, мекеменің қымбат қазыналарының бірі ретінде сақталған.

Жамбыл облысы

Егемен Қазақстан
Жалпыұлттық республикалық газет.
1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады.

Меншік иесі:
«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамы

Басқарма төрағасы
Дархан ҚЫДЫРӘЛІ

Басқарма төрағасының орынбасары
Айбын ШАҒАЛАҚ

Мекенжайымыз:
010008 АСТАНА, «Егемен Қазақстан» газеті көшесі, 5/13
050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58а
Анықтама үшін:
Астанада: АТС 37-65-27, факс 8 (7172) 37-19-87;
Электронды пошта: info@egemen.kz
Интернет-редакция: portal@egemen.kz
Алматыда: 8 (727) 273-07-87, факс 8 (727) 273-07-87;
Электронды пошта: almaty@egemen.kz
Маркетинг бөлімі:
Астанада – 8 (717 2) 37-60-49, 37-64-48, advert@egemen.kz
Алматыда – 8 (727) 273-74-39, факс – 273-07-26, adv@egemen.kz
Ⓐ Материалдың жариялану ақысы төленген. Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газеттің жеткізілуіне қатысты сұрақтар үшін байланыс телефоны: **1499 («Қазпошта» АҚ)**

Меншікті тілшілер:
Астана – 8 (717-2) 37-54-21;
Ақтау – 8 (701) 593-64-78;
Ақтөбе – 8 (775) 336-47-57;
Талдықорған – 8 (778) 652-24-02;
Атырау – 8 (701) 553-36-53;
Көкшетау – 8 (707) 778-01-72;
Қарағанды – 8 (777) 949-64-77;
Қостанай – 8 (701) 150-94-43;
Орал – 8 (702) 886-01-87;
Өскемен – 8 (777) 355-41-14;
Павлодар – 8 (777) 449-74-78;
Тараз – 8 (705) 915-60-04;
Шымкент – 8 (701) 362-63-76;
8 (702) 608-91-98;
Петропавл – 8 (777) 197-14-06.

Газет мына қалалардағы:
Астана қ., Сілеті к-сі, 30, «Ernur» Медиа холдингі» ЖШС,
Алматы қ., Гагарин к-сі, 93 А, «Дәуір» РПБК ЖШС,
Қарағанды қ., Сәтбаев к-сі, 15, «Типография Арко» ЖШС,
Қостанай қ., Мәуленов к-сі, 16, «Қостанай полиграфия» ЖШС,
Қызылорда қ., Сұлтан Бейбарыс к-сі, 4, «Сыр медиа» ЖШС,
Ақтөбе қ., Смағұлов к-сі, 9/2 «Хабар-Сервис» ЖШС,
Атырау қ., Ж.Молдағалиев к-сі, 29 А, «Атырау-Ақпарат» ЖШС,
Шымкент қ., Т.Әлімқұлов к-сі, 22, «Ernur print» ЖШС,
Павлодар қ., Ленин к-сі, 143, «Дом печати» ЖШС,
Орал қ., Достық-Дружба даң., 215 А, «WESTA» ЖШС,
Өскемен қ., Абай д-лы, 20,
«Печатное издательство-агентство Рекламный Дайджест» ЖШС баспаханаларында басылып шықты.

Индекс **65392.** Аптасына **5** рет шығады.
«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ компьютер орталығында теріліп, беттелді. Көлемі 12 баспа табақ. Нөмірдегі суреттердің сапасына редакция жауап береді. «Егемен Қазақстанда» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Газетті есепке қою туралы
№01-Г куәлікті 2007 жылғы 5 қаңтарда Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі берген.
«Егемен Қазақстан» республикалық газеті» АҚ ҚР СТ ИСО 9001-2009 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Таралымы 206 459 дана
Нөмірдің кезекші редакторы
Майгүл СҰЛТАН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 2 наурыз №91 Астана, Үкімет Үйі

«Арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 наурыздағы №330 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **қаулы етеді:**

1. «Арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 наурыздағы №330 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2009 ж., №15, 120-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемінің тізбесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемі мына қызмет алушыларға ұсынылады:

1) психоневрологиялық ауытқулары бар мүгедек балалар (бұдан әрі – балалар);

2) тірек-қозғалыс аппараты бұзылған мүгедек балалар (бұдан әрі – ТҚА бұзылған балалар);

3) психоневрологиялық аурулары бар он сегіз жастан асқан мүгедектер (бұдан әрі – 18 жастан асқан адамдар);

4) бірінші және екінші топтағы мүгедектер (бұдан әрі – мүгедектер);

5) жасының егде тартуына байланысты өзіне-өзі күтім жасауға қабілетсіз адамдар (бұдан әрі – қарттар);

6) белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар (бұдан әрі – үйсіз адамдар);

7) өмірлік қиын жағдайда жүрген адамдар (отбасылар).».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Б.САҒЫНТАЕВ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 2 наурыз №93 Астана, Үкімет Үйі

Мемлекеттік орган туралы үлгі ережені бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі туралы ережені әзірлеу және бекіту жөніндегі қағиданы бекіту туралы» 2011 жылғы 30 қыркүйектегі №1125 және «Мемлекеттік орган туралы ережені әзірлеу және бекіту жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2012 жылғы 25 желтоқсандағы №1672 қаулыларына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

«Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабының 4-1-тармағына сәйкес **қаулы етеді:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік орган туралы үлгі ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) «Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі туралы ережені әзірлеу және бекіту жөніндегі қағиданы бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 1125 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі туралы ережені әзірлеу және бекіту жөніндегі қағидада:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Мемлекеттік органның жаңа құрылымдық бөлімшесі құрылған кезде нормативтік құқықтық актілерге мемлекеттік органның құрылатын құрылымдық бөлімшесі жүзеге асыруы тиіс функцияларды айқындау тұрғысынан талдау жүргізіледі.

Талдауды құрылымдық бөлімше құрылғанға дейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік органның кадр қызметі жүргізеді.

Талдау нәтижелері бойынша мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесінің құрылымы, міндеттері мен функцияларының тізбесі айқындалады, олардың негізінде құрылымдық бөлімше туралы ереженің жобасы әзірленеді.

Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелері осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ережелерді әзірлейтін ведомстволар мен оның аумақтық бөлімшелерін, сондай-ақ мемлекеттік органның аумақтық органдарын қоспағанда, осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ережені әзірлейді.»;

6-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) орталық атқарушы органдарда және аумақтық органдарда (жауапты хатшы жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшелерде) – жауапты хатшы (жауапты хатшының өкілеттігін жүзеге асыратын лауазымды тұлға);»;

Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі туралы ережені әзірлеу және бекіту жөніндегі қағидаға қосымшада:

оң жақтағы жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесі туралы ережені әзірлеу және бекіту жөніндегі қағидаға 1-қосымша»;

осы қаулыға қосымшаға сәйкес 2-қосымшамен толықтырылсын;

2) «Мемлекеттік орган туралы ережені әзірлеу және бекіту жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 желтоқсандағы № 1672 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2013 ж., № 5, 106-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік орган туралы ережені әзірлеу және бекіту жөніндегі нұсқаулықта:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мемлекеттік орган туралы ережені (бұдан әрі – ереже) мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Мемлекеттік орган туралы үлгілік ереженің талаптарына және осы Мемлекеттік орган туралы ережені әзірлеу және бекіту жөніндегі нұсқаулыққа (бұдан әрі – нұсқаулық) сәйкес дербес әзірлейді.

2. Нұсқаулық Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органның, орталық атқарушы органның, мәслихат аппаратының, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органның, сондай-ақ Қазақстан Республикасының сайлау комиссияларының бірыңғай жүйесіне басшылық ететін мемлекеттік органның, Адам құқықтары жөніндегі уәкілетті органның қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдастырушылық-құқықтық және өзге де қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органның, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы соттар қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік органның, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Кеңесінің қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдастырушылық-құқықтық, материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын мемлекеттік органның, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің ақпараттық-анықтамалық, ғылыми-консультативтік және басқа да қосалқы жұмысын орындайтын мемлекеттік орган, мемлекеттік атқарушы органдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыру, атқарушы мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру жөніндегі мемлекеттік орган.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 2 наурыздағы №93 қаулысына қосымша

Шоттың дебеті бойынша негізгі құрал-жабдықтарға меншік құқығын сатып алу немесе өтеусіз алу құны, сондай-ақ негізгі құрал-жабдықтарға капиталдық шығындар сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша негізгі құрал-жабдықтарға меншік құқығын сатып алу немесе өтеусіз алу құнын, сондай-ақ негізгі құрал-жабдықтарға капиталдық шығындар сомаларын оларды өткізу бойынша немесе басқа да шығыңға жазу бойынша есептен шығару жазылады.

2420 «Негізгі құрал-жабдықтар амортизациясы» (контрактив).

Мақсаты: негізгі құрал-жабдықтар бойынша есептелген амортизация сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша негізгі құрал-жабдықтар бойынша есептелген амортизация сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша негізгі құрал-жабдықтар бойынша есептелген амортизация сомаларын оны өткізу немесе өзге шығыңға жазу кезінде есептен шығару жазылады.

2430 «Негізгі құрал-жабдықтардың құнсыздануынан болған зиян» (контрактив).

Мақсаты: негізгі құрал-жабдықтардың құнсыздануынан болған зиянның сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша негізгі құрал-жабдықтардың құнсыздануынан болған зиянның сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша негізгі құрал-жабдықтардың құнсыздануынан болған зиянның сомаларын есептен шығару жазылады.

2610 «Барлау және бағалау активтері» (контрактив).

Мақсаты: минералдық ресурстарды барлау мен бағалау алдындағы қызмет барысында келтірілген шығыстарды, сондай-ақ минералдық ресурстарды өндіру техникалық іске асатындығы және коммерциялық орындылығы айқын болғаннан кейінгі шығыстарды қоспағанда, минералдық ресурстарды барлау мен бағалау шығыстарының сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша минералдық ресурстарды барлауға және бағалауға жұмсалатын шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша минералдық ресурстарды барлауға және бағалауға жұмсалатын шығыстардың сомаларын есептен шығару жазылады.

2620 «Барлау және бағалау активтерінің амортизациясы» (контрактив).

Мақсаты: барлау және бағалау активтері бойынша есептелген амортизация сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша барлау және бағалау активтері бойынша есептелген амортизация сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша барлау және бағалау активтері бойынша есептелген амортизация сомаларын есептен шығару жазылады.

2630 «Барлау және бағалау активтерінің құнсыздануынан болған зиян» (контрактив).

Мақсаты: барлау және бағалау активтерінің құнсыздануынан болған зиян сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша барлау және бағалау активтерінің құнсыздануынан болған зиян сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша барлау және бағалау активтерінің құнсыздануынан болған зиян сомаларын есептен шығару жазылады.

2710 «Гудвилл» (актив).

Мақсаты: ұйымның сатып алу құнының (жалпы мүліктік кешен ретінде) сатып алу күніне белгіленген оның барлық активтерінің әділ құнынан асатын сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша гудвилл құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша гудвилл құнын ол құнсызданған және өзге де жағдайларда есептен шығару жазылады.

2720 «Гудвилдің құнсыздануы» (контрактив).

Мақсаты: құнсызданудан болуы мүмкін зиянды есептеу үшін тұрақты жүргізілетін сынақ қорытындылары бойынша гудвилдің құнсыздануын көрсету жөніндегі операцияларды есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша гудвилден болған зиянның сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша гудвилдің құнсыздануынан болған зиян сомаларын есептен шығару жазылады.

2730 «Басқа да материалдық емес активтер» (актив).

Мақсаты: басқа да материалдық емес активтер құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да материалдық емес активтер құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да материалдық емес активтердің құнын олар ұйымның балансынан шығыңға жазылған кезде есептен шығару жазылады.

2740 «Басқа да материалдық емес активтердің амортизациясы» (контрактив).

Мақсаты: басқа да материалдық емес активтер бойынша есептелген амортизация сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да материалдық емес активтер бойынша есептелген амортизация сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа да материалдық емес активтер бойынша жинақталған амортизация сомаларын олар ұйымның балансынан шығыңға жазылған кезде есептен шығару жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа да материалдық емес активтер бойынша жинақталған амортизация сомаларын олар ұйымның балансынан шығыңға жазылған кезде есептен шығару жазылады.

2750 «Басқа да материалдық емес активтердің құнсыздануынан болған зиян» (контрактив).

Мақсаты: басқа да материалдық емес активтердің құнсыздануынан болған зиян сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да материалдық емес активтердің құнсыздануынан болған зиян сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа да материалдық емес активтердің құнсыздануынан болған зиян сомаларын есептен шығару жазылады.

2810 «Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салық активтері» (актив).

Мақсаты: бухгалтерлік және салықтық есепке алу арасындағы айырмашылықтар нәтижесінде туындайтын уақытша айырма сомасы бойынша айқындалған кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығының сомаларын № 7710 шотпен байланыстыра отырып түзету кезінде есептен шығару жазылады.

2910 «Берілген ұзақ мерзімді аванстар» (актив).

Мақсаты: ұйым активтерді жеткізуге, сондай-ақ есепті кезең ішінде ішінара дайын болуына қарай тапсырыс берушіден қабылданған өнімнің, көрсетілген қызметтердің ақысын төлеу үшін берген ұзақ мерзімді аванстардың және берілген басқа ұзақ мерзімді аванстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым активтерді жеткізуге, сондай-ақ есепті кезең ішінде ішінара дайын болуына қарай тапсырыс берушіден қабылданған өнімнің, көрсетілген қызметтердің ақысын төлеу үшін берген ұзақ мерзімді аванстардың және басқа берілген ұзақ мерзімді аванстардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша активтерді және көрсетілетін қызметтерді алу кезінде берілген аванстардың сомаларын есептен шығару жазылады.

2920 «Болашақ кезеңдердің шығыстары» (актив).

Мақсаты: болашақ кезеңдер шығыстарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша болашақ кезеңдер шығыстарының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша болашақ кезеңдер шығыстарының сомаларын есептеу әдісі бойынша нақты шығыстарға есептен шығару жазылады.

2930 «Аяқталмаған құрылыс» (актив).

Мақсаты:

1) үйлерді және ғимараттарды салу, жабдықтарды монтаждау бойынша және күрделі құрылысқа сметаларда, сметалық-қаржылық есептерде көзделген басқа да шығыстар (құрылысты (мердігерлік немесе шаруашылық) жүзеге асыру тәсілінде қарамастан), сондай-ақ құрылыс кезеңіне берілген қарыздар бойынша сыйақыларды төлеу бойынша;

2) құрылысқа және негізгі құрал-жабдықтар объектілерінің бастапқы құнына кіретін және кірмейтін негізгі құрал-жабдықтарды сатып алуға байланысты;

3) монтаждауды талап ететін және күрделі салымдардың салынып жатқан (қайта құрылып жатқан) объектілеріне орнатуға арналған технологиялық, энергетикалық және өндірістік жабдықты (шеберханаларға, тәжірибелік қондырғылар мен зертханаларға арналған жабдықтарды қоса алғанда) сатып алу бойынша;

4) негізгі табынға ауыстырылатын өнімді және жұмыс малының түлегін өсіру бойынша шығындардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша аяқталмаған күрделі құрылысқа жұмсалған шығындар сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша күрделі құрылыс бойынша келтірілген шығындар сомаларын оларды негізгі құрал-жабдықтың құнына, шығыстарға немесе өзге де шығынға жатқызу кезінде есептен шығару жазылады.

2940 «Басқа да ұзақ мерзімді активтер» (актив).

Мақсаты: № 2910, 2920 және 2930 топтардың баланс шоттарында есепке алынбаған басқа да ұзақ мерзімді активтер құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа да ұзақ мерзімді активтердің құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша басқа да ұзақ мерзімді активтердің құнын есептен шығару жазылады.

2940 21 «Қаржылық жалдау» (актив).

Мақсаты: клиенттерге берілген қаржылық жалдау бойынша негізгі борыш сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиентке берілген қаржылық жалдау бойынша негізгі борыш сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген қаржылық жалдау бойынша негізгі борыш сомаларын оларды клиент өтеген немесе мерзімін өткізген кезде есептен шығару жазылады.

2940 22 «Клиенттердің қаржылық жалдау бойынша мерзімі өткен борышы» (актив).

Мақсаты: клиенттерге берілген қаржылық жалдау бойынша клиенттердің мерзімі өткен борышының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиентке берілген қаржылық жалдау бойынша мерзімі өткен борышының сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген қаржылық жалдау бойынша мерзімі өткен борышы сомаларын оны клиент өтеген немесе уйымның балансынан есептен шығарған кезде есептен шығару жазылады.

3010 «Қысқа мерзімді банктік қарыздар» (пассив).

Мақсаты: ұйым алған өтеу мерзімі бір жылға дейінгі банктік қарыздарының сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым алған қысқа мерзімді банктік қарыздарының сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған қысқа мерзімді банктік қарыздарының сомаларын оларды ұйым өтеген кезде есептен шығару жазылады.

3020 «Екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынған қысқа мерзімді қарыздар» (пассив).

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынған өтеу мерзімі бір жылға дейінгі қарыздардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынған қысқа мерзімді қарыздар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған қысқа мерзімді қарыздардың сомаларын оларды ұйым өтеген кезде есептен шығару жазылады.

3030 «Қатысушылардың дивидендтері және кірістері бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек» (пассив).

Мақсаты: ұйым есептеген және акционерлерге төленуге жататын акциялар бойынша дивиденттер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешектің, сондай-ақ акционерлік қоғамдардан басқа, жарғылық капиталда үлесі бар ұйымға қатысушылар кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым есептеген және акционерлерге төленуге жататын акциялар бойынша дивиденттер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешектің, сондай-ақ ұйым есептеген және акционерлік қоғамдардан басқа жарғылық капиталда үлесі бар ұйым қатысушыларына төленуге жататын кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша акциялар бойынша дивиденттер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешектің сомаларын оларды акционерлерге төленген кезде, сондай-ақ есептелген кірістер сомаларын оларды қатысушыға төленген кезде есептен шығару жазылады.

3040 «Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелердің ағымдағы бөлігі» (пассив).

Мақсаты: ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелердің ағымдағы бөлігінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелердің ағымдағы бөлігінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелердің ағымдағы бөлігінің сомаларын есепті шығару жазылады.

3050 01 «Қазақстан Республикасының Үкіметінен алынған қысқа мерзімді қарыздар» (пассив).

Мақсаты: Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған өтеу мерзімі бір жылдан кем қысқа мерзімді қарыздардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған қысқа мерзімді қарыздар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған қысқа мерзімді қарыздардың сомаларын оларды өтеу кезінде есептен шығару жазылады.

3050 02 «Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан алынған қысқа мерзімді қарыздар» (пассив).

Мақсаты: Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан алынған өтеу мерзімі бір жылға дейінгі қысқа мерзімді қарыздардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарынан алынған қысқа мерзімді қарыздардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған қысқа мерзімді қарыздардың сомаларын оларды өтеу кезінде есептен шығару жазылады.

3050 03 «Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары» (пассив).

Мақсаты: қарсы әріптестен келісілген бағамен бағалы қағаздарды болашақта сатып алу міндеттімен операция ашылған күні кепілге берілген ұйымның бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары бойынша міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша операция ашылған күні ұйымның бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары бойынша міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның операцияны жабу немесе күшін жою кезінде ұйымның «РЕПО» операциялары бойынша міндеттемелерінің сомаларын есептен шығару жазылады.

3050 05 «Алынған қысқа мерзімді қарыздар бойынша сыйлықақы» (пассив).

Мақсаты: нақты алынған қысқа мерзімді қарыз сомасының (мәміле бойынша шығындары ескере отырып) өтелетін қарыз сомасынан (сыйлықақы) асатын сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша нақты алынған қысқа мерзімді қарыз сомасының (мәміле бойынша шығындары ескере отырып) өтелетін қарыз сомасынан (сыйлықақы) асатын сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша алынған қысқа мерзімді қарыз бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы № 6110 08 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.

3050 06 «Алынған қысқа мерзімді қарыздар бойынша дисконт» (контрпассив).

Мақсаты: өтелетін қарыз сомасының нақты алынған қысқа мерзімді қарыз сомасынан (мәміле бойынша шығындары есептегенде) (дисконт) асатын сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша өтелетін қарыз сомасының нақты алынған қысқа мерзімді қарыз сомасынан (мәміле бойынша шығындары есептегенде) (дисконт) асатын сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша алынған қысқа мерзімді қарыз бойынша дисконт амортизациясының сомасы № 7310 07 баланстық шотпен байланыстыра отырып жазылады.

3110 01 «Төленуге тиіс корпоративтік табыс салығы» (пассив).

Мақсаты: бюджетке төленуге тиіс корпоративтік табыс салығы сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бюджетке төленуге тиіс корпоративтік табыс салығының сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша есептелген корпоративтік табыс салығының сомаларын оны ұйымның бюджетке аударуы және (немесе) есепті кезеңнің соңында реттеу кезінде есептен шығару жазылады.

3120 «Жеке табыс салығы» (пассив).

Мақсаты: бюджетке төленуге тиісті жеке табыс салығының сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бюджетке төленуге тиісті жеке табыс салығының сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жеке табыс салығының сомаларын оны бюджетке аудару кезінде есептен шығару жазылады.

3130 «Қосылған құн салығы» (пассив).

Мақсаты: бюджетке төленуге тиісті қосылған құн салығының сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бюджетке төленуге тиісті қосылған құн салығының сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша қосылған құн салығының сомаларын оны ұйым бюджетке аударған және (немесе) есепті кезеңнің соңында реттеуін кезде есептен шығару жазылады.

3140 «Акциздер» (пассив).

Мақсаты: бюджетке төленуге тиісті акциздер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бюджетке төленуге тиісті акциздер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша есептелген акциздер сомаларын оларды ұйым бюджетке аударған және (немесе) есепті кезеңнің соңында реттеген кезде есептен шығару жазылады.

3150 «Әлеуметтік салық» (пассив).

Мақсаты: бюджетке төленуге тиісті әлеуметтік салық сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бюджетке төленуге тиісті әлеуметтік салық сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша есептелген әлеуметтік салық сомаларын оны ұйым бюджетке аударған және (немесе) есепті кезеңнің соңында реттеуін кезде есептен шығару жазылады.

3160 «Жер салығы» (пассив).

Мақсаты: бюджетке төленуге тиісті жер салығы сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бюджетке төленуге тиісті жер салығы сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша есептелген жер салығы сомаларын оны ұйым бюджетке аударған және (немесе) есепті кезеңнің соңында реттеуін кезде есептен шығару жазылады.

3170 «Көлік құралы салығы» (пассив).

Мақсаты: бюджетке төленуге тиісті көлік құралы салығының сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бюджетке төленуге тиісті көлік құралы салығының сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша көлік құралдарына есептелген салық сомаларын оны ұйым бюджетке аударған және (немесе) есепті кезеңнің соңында реттеуін кезінде есептен шығару жазылады.

3180 «Мүлік салығы» (пассив).

Мақсаты: бюджетке төленуге тиісті мүлікке салық сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бюджетке төленуге тиісті мүлікке салық сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша мүлікке есептелген салық сомаларын оны ұйым бюджетке аударған және (немесе) есепті кезеңнің соңында реттеуін кезде есептен шығару жазылады.

3190 «Басқа да салықтар» (пассив).

Мақсаты: бюджетке төленуге тиісті басқа да салықтар сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бюджетке төленуге тиісті басқа да салықтар сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша есептелген басқа да салықтар сомаларын оларды ұйым бюджетке аударған және (немесе) есепті кезеңнің соңында реттеуін кезде есептен шығару жазылады.

3210 «Әлеуметтік сақтандыру бойынша міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төленуге тиісті әлеуметтік сақтандыру бойынша міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына төленуге тиісті әлеуметтік сақтандыру бойынша міндеттемелердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша әлеуметтік сақтандыру бойынша есептелген міндеттемелер сомаларын оларды Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына аударған кезде және (немесе) есепті кезеңнің соңында реттеуін кезде есептен шығару жазылады.

3220 «Зейнетақы аударымдары бойынша міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына аударылуға тиісті зейнетақы аударымдары бойынша міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына аударылуға тиісті зейнетақы аударымдары бойынша міндеттемелердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша әлеуметтік сақтандыру бойынша есептелген міндеттемелер сомаларын оларды «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына аударған кезде және (немесе) есепті кезеңнің соңында реттеуін кезде есептен шығару жазылады.

3230 «Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа міндетті төлемдер бойынша басқа да міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа міндетті төлемдер бойынша міндеттемелер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа міндетті төлемдер бойынша міндеттемелер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа міндетті төлемдер бойынша есептелген міндеттемелер сомаларын олар бюджетке аударылған және (немесе) есепті кезеңнің соңында реттеуін кезде есептен шығару жазылады.

3240 «Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа ерікті төлемдер бойынша басқа да міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: басқа ерікті төлемдер бойынша міндеттемелер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа ерікті төлемдер бойынша міндеттемелер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа ерікті төлемдер бойынша есептелген міндеттемелерді есептен шығару жазылады.

3310 «Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек» (пассив).

Мақсаты: ұсынылған шотты төлеу уақытына қарамастан тауар-материалдық қорларды жеткізу немесе өңдеу бойынша шығыстарды қоса алғанда, жеткізушілерге және мердігерлерге алынған тауар-материалдық қорлардың және негізгі құрал-жабдықтардың, қабылданған жұмыстар мен алынған қызмет көрсетулердің құнын төлеу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша тауар-материалдық қорларды жеткізу немесе өңдеу бойынша шығыстарды қоса алғанда, жеткізушілерге және мердігерлерге алынған тауар-материалдық қорлардың және негізгі құрал-жабдықтардың, қабылданған жұмыстар мен алынған қызмет көрсетулердің құнын төлеу кезінде қысқа мерзімді кредиторлық берешектің сомаларын есептен шығару жазылады.

3320 «Еншілес ұйымдарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек» (пассив).

Мақсаты: сатып алынған активтер және көрсетілген қызметтер үшін еншілес ұйымдарға бір жылға дейінгі мерзіммен қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомаларын есепке алу және еншілес ұйымдарға басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешек.

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған активтер және көрсетілген қызметтер үшін еншілес ұйымдардың бір жылға дейінгі мерзіммен қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомасы және еншілес ұйымның басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешегі жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сатып алынған активтер және көрсетілген қызметтер үшін еншілес ұйымдарға бір жылға дейінгі мерзіммен қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомаларын есептен шығару және еншілес ұйымның басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешегі жазылады.

3330 «Қауымдасқан және бірлескен ұйымдарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек» (пассив).

Мақсаты: сатып алынған активтер және көрсетілген қызметтер үшін қауымдасқан және бірлескен ұйымдарға бір жылға дейінгі мерзіммен қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомаларын есепке алу және қауымдасқан және бірлескен ұйымдарға басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешек.

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған активтер және көрсетілген қызметтер үшін қауымдасқан және бірлескен ұйымның бір жылға дейінгі мерзіммен қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомасы және қауымдасқан және бірлескен ұйымның басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешегі жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сатып алынған активтер және көрсетілген қызметтер үшін қауымдасқан және бірлескен ұйымның бір жылға дейінгі мерзіммен қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомасын есептен шығару және қауымдасқан және бірлескен ұйымның басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешегі жазылады.

3340 «Филиалдарға және құрылымдық бөлімшелерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек» (пассив).

Мақсаты: филиалдарға және құрылымдық бөлімшелерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша филиалдарға немесе құрылымдық бөлімшелерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша филиалдарға немесе құрылымдық бөлімшелерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек сомаларын есептен шығару жазылады.

3350 «Еңбекақы төлеу бойынша қысқа мерзімді берешек» (пассив).

Мақсаты: қызметкерлерге есептелген жалақы (материалдық көмек, көтермелеу және басқа осындай төлемдер) сомаларын, сондай-ақ қызметкерлердің жалақысынан ұстап қалуға жататын сомаларды есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қызметкеріне есептелген жалақы сомасы, сондай-ақ қызметкерлердің жалақысынан ұстап қалуға жататын сомалар жазылады.

Шоттың дебеті бойынша есептелген жалақы сомаларын оны ұйымның қызметкеріне төлеу кезінде, сондай-ақ қызметкерлердің жалақысынан ұстап қалуға жататын сомаларды есептен шығару жазылады.

3360 «Жалдау бойынша қысқа мерзімді берешек» (пассив).

Мақсаты: жалдау бойынша қысқа мерзімді берешек бойынша міндеттемелер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жалдау бойынша қысқа мерзімді берешек бойынша міндеттемелер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жалдау бойынша қысқа мерзімді берешек бойынша міндеттемелер сомаларын есептен шығару жазылады.

3370 «Ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің ағымдағы бөлігі» (пассив).

Мақсаты: ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің ағымдағы бөлігін төлеуге байланысты міндеттемелер сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің ағымдағы бөлігін төлеуге байланысты міндеттемелер сомасы жазыл

(Жалғасы. Басы 15-бетте)

жұмыстар мен алынған қызметтердің құнын төлеу бойынша жеткізушілер мен мердігерлер алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұсынылған шоттың төлену уақытына қарамастан, тауар-материалдық қорларды жеткізу немесе қайта өңдеу бойынша шығыстарды қоса алғанда, жеткізуші мен мердігер алдындағы алынған тауар-материалдық қорлардың және негізгі құрал-жабдықтардың, қабылданған жұмыстар мен алынған қызметтердің құнын төлеу бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұсынылған шоттың төлену уақытына қарамастан, тауар-материалдық қорларды жеткізу немесе қайта өңдеу бойынша шығыстарды қоса алғанда, алынған тауар-материалдық қорлардың және негізгі құрал-жабдықтардың, қабылданған жұмыстар мен алынған қызметтердің құнын төлеу кезінде жеткізуші мен мердігер алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің сомаларын есептен шығару жазылады.

4120 «Еншілес ұйымдарға ұзақ мерзімді кредиторлық берешек» (пассив).

Мақсаты: мерзімі бір жылдан астам сатып алынған активтер және алынған қызметтер үшін еншілес ұйымдар алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің сомаларын есепке алу және еншілес ұйымдарға басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешек.

Шоттың кредиті бойынша мерзімі бір жылдан астам сатып алынған активтер және алынған қызметтер үшін еншілес ұйымдар алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешегінің сомасы және еншілес ұйымдарға басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешек жазылады.

Шоттың дебеті бойынша мерзімі бір жылдан жоғары сатып алынған активтер және алынған қызметтер үшін еншілес ұйымдар алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешегінің сомаларын және еншілес ұйымдарға басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешекті есептен шығару жазылады.

4130 «Қауымдасқан және бірлескен ұйымдарға ұзақ мерзімді кредиторлық берешек» (пассив).

Мақсаты: мерзімі бір жылдан жоғары сатып алынған активтер және алынған қызметтер үшін қауымдасқан және бірлескен ұйымдар алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің сомаларын және қауымдасқан және бірлескен ұйымдарға басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешекті есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша мерзімі бір жылдан жоғары сатып алынған активтер және алынған қызметтер үшін қауымдасқан және бірлескен ұйымдар алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің сомасы және қауымдасқан және бірлескен ұйымдарға басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешек жазылады.

Шоттың дебеті бойынша мерзімі бір жылдан жоғары сатып алынған активтер және алынған қызметтер үшін еншілес ұйымдар алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің сомаларын және еншілес ұйымдарға басқа да қысқа мерзімді кредиторлық берешекті есептен шығару жазылады.

4140 «Филиалдарға және құрылымдық бөлімшелерге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек» (пассив).

Мақсаты: ақша қаражатын филиалдардың және құрылымдық бөлімшелердің шоттарына есептен шығару бойынша түсімдердің сомаларын және филиалдар мен құрылымдық бөлімшелерге басқа да ұзақ мерзімді кредиторлық берешекті есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша филиал және құрылымдық бөлімше алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша филиал және құрылымдық бөлімше алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің сомаларын есептен шығару жазылады.

4150 «Жалдау бойынша ұзақ мерзімді берешек» (пассив).

Мақсаты: жалдау бойынша ұзақ мерзімді берешектің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша жалдау бойынша ұзақ мерзімді берешектің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жалдау бойынша ұзақ мерзімді берешектің сомаларын есептен шығару жазылады.

4160 01 «Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстар» (пассив).

Мақсаты: ұйым айналысқа шығарған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйым айналысқа шығарған бағалы қағаз бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйым айналысқа шығарған бағалы қағаздар бойынша сыйақы түрінде есептелген шығыстарды төлеген кезде олардың сомаларын есептен шығару жазылады.

4170 01 «Фьючерс мәмілесі бойынша міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: фьючерс мәмілесі бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша фьючерс мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған міндеттемелердің сомалары, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша туындаған міндеттемелердің сомалары оларды контрәріптеске төлеген немесе фьючерс мәмілесін жою кезінде, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары есептен шығарылады.

4170 02 «Форвард мәмілесі бойынша міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: форвард мәмілесі бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша форвард мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған міндеттемелердің сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша туындаған міндеттемелердің сомалары оларды контрәріптеске төлеген немесе форвард мәмілесін жою кезінде, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары есептен шығарылады.

4170 03 «Опцион мәмілесі бойынша міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: опцион мәмілесі бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша опцион мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған міндеттемелердің сомалары, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша туындаған міндеттемелердің сомалары оларды контрәріптеске төлеген немесе опцион мәмілесін жою кезінде, сондай-ақ оң қайта бағалау сомаларын есепке алу.

4170 04 «Своп мәмілесі бойынша міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: своп мәмілесі бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша своп мәмілесін жасау нәтижесінде туындаған міндеттемелердің сомалары, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша туындаған міндеттемелердің сомалары оларды контрәріптеске төлеген немесе своп мәмілесін жою кезінде, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары есептен шығарылады.

4170 05 «Басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді жасау нәтижесінде туындаған міндеттемелердің сомалары, сондай-ақ теріс қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша туындаған міндеттемелердің сомалары оларды контрәріптеске төлеген немесе басқа да туынды қаржы құралдарымен мәмілелерді жою кезінде, сондай-ақ оң қайта бағалау сомалары есептен шығарылады.

4210 «Ұзақ мерзімді кепілдік міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: ұйым жеткізілген тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер бойынша берген ұзақ мерзімді кепілдік міндеттемелер бойынша резервтердің сомаларын және кепілдік мерзімі кезінде ақаулар анықталған жағдайда тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) өтеу құнын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұзақ мерзімді кепілдік міндеттемелер бойынша құрылатын резервтердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұзақ мерзімді кепілдік міндеттемелер бойынша құрылатын резервтердің сомаларын берілген кепілдіктер мерзімі шегіндегі шығыстарға есептен шығару жазылады.

4220 «Шағым-талап жұмысы бойынша ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері» (пассив).

Мақсаты: қарау мерзімі бір жылдан көп сот талаптары бойынша резервтердің және шағым-талап жұмысы бойынша басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қарау мерзімі бір жылдан көп сот талаптары бойынша құрылатын резервтердің және шағым-талап жұмысы бойынша басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша қарау мерзімі бір жылдан астам уақытта аяқталатын сот талаптары бойынша құрылатын резервтердің және талап-шағым жұмысы бойынша басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомаларын есептен шығару жазылады.

4230 «Қызметкерлерге сыйақылар бойынша ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері» (пассив).

Мақсаты: қызметкерлердің сыйақылары бойынша ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қызметкерге сыйақылар бойынша ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша қызметкерге сыйақылар бойынша ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелерінің сомаларын есептен шығару жазылады.

4240 «Басқа да ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері» (пассив).

Мақсаты: басқа шоттарда есепке алынбайтын ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа шоттарда есепке алынбайтын ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа шоттарда есепке алынбайтын ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелерінің сомаларын есептен шығару жазылады.

4310 «Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салық міндеттемелері» (пассив).

Мақсаты: бухгалтерлік және салық есебі арасындағы алшақтықтар нәтижесінде туындайтын уақытша айырманың сомасынан белгіленетін корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің сомалары № 7710 шотымен байланыстыра отырып түзетілген кезде есептен шығаруға жазылады.

4410 «Алынған ұзақ мерзімді аванстар» (пассив).

Мақсаты: тауарлар, шикізат, материалдар, қызмет көрсету жеткізе отырып, сондай-ақ тапсырыс берушілер үшін ішінара дайындықпен жасалған өнімге ақы төлеу бойынша алынған ұзақ мерзімді аванстардың және алынған басқа да ұзақ мерзімді аванстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша тауарлар, шикізат, материалдар, қызмет көрсету жеткізе отырып, сондай-ақ тапсырыс берушілер үшін ішінара дайындықпен жасалған өнімге ақы төлеу бойынша алынған ұзақ мерзімді аванстардың және алынған басқа да ұзақ мерзімді аванстардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша тауарлар, шикізат, материалдар, қызмет көрсету жеткізе отырып, сондай-ақ тапсырыс берушілер үшін ішінара дайындықпен жасалған өнімге ақы төлеу бойынша алынған ұзақ мерзімді аванстардың және алынған басқа да ұзақ мерзімді аванстардың сомаларын есептен шығару жазылады.

4420 «Болашақ кезеңдердің кірістері» (пассив).

Мақсаты: ұйымның есепті кезеңде алынған (есептелген), бірақ ұзақ мерзімді болашақ есепті кезеңдерге жатқызылатын кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұзақ мерзімді болашақ есепті кезеңдер кірістерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұзақ мерзімді болашақ кезеңдер кірістерінің сомаларын есептен шығару жазылады.

4430 «Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер» (пассив).

Мақсаты: басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомаларын есептен шығару жазылады.

4440 «Артықшылықты акциялар бойынша міндеттемелер» (пассив).

Шот мақсаты: келешекте эмитенттің белгіленген немесе айқындалатын күні белгіленген немесе айқындалған сома бойынша міндетті түрде өтеуін көздейтін артықшылықты акциялардың немесе артықшылықты акциялар бойынша есептелген дивиденттердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша артықшылықты акциялардың немесе артықшылықты акциялар бойынша есептелген дивиденттердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша артықшылықты акциялардың немесе артықшылықты акциялар бойынша есептелген дивиденттердің сомасын олар төленген кезде есептен шығару жазылады.

5010 «Артықшылықты акциялар» (пассив).

Мақсаты: ұйымның жарғылық капиталының артықшылықты акциялар бойынша сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша құрылтайшылардың (жалғыз құрылтайшының) артықшылықты акцияларға олардың номиналдық құны бойынша ақы төлеу және инвесторлардың (инвестордың) акцияларды орналастыру бағасы бойынша сату сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жойылған артықшылықты акциялардың сомаларын есептен шығару жазылады.

5020 «Жай акциялар» (пассив).

Мақсаты: ұйымның жарғылық капиталының жай акциялар бойынша сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша құрылтайшылардың (жалғыз құрылтайшының) жай акцияға олардың номиналдық құны бойынша ақы төлеу және инвесторлардың (инвестордың) акцияларды орналастыру бағасы бойынша сату сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша жойылған жай акцияның сомаларын есептен шығару жазылады.

5030 «Салымдар және пайлар» (пассив).

Мақсаты: ұйымдастырушылық-құқықтық серіктестік нысанында құрылған ұйымның құрылтай құжаттарында белгіленген жарғылық капиталының сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымдастырушылық-құқықтық серіктестік нысанында құрылған ұйымның жарғылық капиталына енгізілген активтердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымдастырушылық-құқықтық серіктестік нысанында құрылған ұйымның жарғылық капиталы көлемінің қайтару немесе азаю сомасы жазылады.

5210 «Сатып алынған меншікті үлестік құралдар» (контрпассив).

Мақсаты: орналастырылған меншікті үлестік құралдардың сатып алу сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес орналастырылған меншікті үлестік құралдардың сатып алу сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған, орналастырылған меншікті үлестік құралдарды кейіннен сатқан немесе жойған кезде олардың сомаларын есептен шығару жазылады.

5310 «Эмиссиялық кіріс» (пассив).

Мақсаты: акциялар бойынша эмиссиялық кірістің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бұрын сатып алынған акцияларды сату кезінде кірістер сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша бұрын сатып алынған акцияларды сату кезінде шығыстар сомасы жазылады.

5320 «Қосымша төленген капитал» (пассив).

Мақсаты: қосымша төленген капитал сомаларын есепке алу (эмиссиялық кірісті қоспағанда).

Шот кредиті бойынша пайда болатын қосымша төленген капитал сомасы жазылады.

Шот дебеті бойынша қосымша төленген капитал сомасын есептен шығару жазылады.

5410 «Құрылтай құжаттарында белгіленген резервтік капитал» (пассив).

Мақсаты: Қазақстан Республикасының заңнамасына және ұйымның құрылтай құжаттарына сәйкес белгіленген резервтік капиталды есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына және ұйымның құрылтай құжаттарына сәйкес белгіленген резервтік капиталды сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына және ұйымның құрылтай құжаттарына сәйкес белгіленген резервтік капиталды сомасын № 5520 «Өткен жылдардағы бөлінбеген пайда (өтелмеген зиян)» баланстық шотына есептен шығару жазылады.

5420 «Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалауға арналған резерв» (пассив).

Мақсаты: негізгі құрал-жабдықтардың әділ құнын қайта бағалау нәтижесінде пайда болған олардың қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша негізгі құрал-жабдықтардың әділ құны ұлғайған кезде оларды қайта бағалаудан болған оң айырманың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша негізгі құрал-жабдықтардың әділ құны кеміген кезде оларды қайта бағалаудан болған теріс айырманың сомасы жазылады, сондай-ақ пайдаланылуына қарай немесе негізгі құрал-жабдықтарды шығынға жазу сәтінде негізгі құрал-жабдықтарды оң қайта бағалауды № 5520 «Есепті жылдағы бөлінбеген пайда (өтелмеген зиян)» баланстық шотына есептен шығару жазылады.

5430 «Материалдық емес активтерді қайта бағалауға арналған резерв» (пассив).

Мақсаты: материалдық емес активтердің әділ құнын қайта бағалау нәтижесінде пайда болған олардың қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша материалдық емес активтердің әділ құны ұлғайған кезде оларды қайта бағалаудан болған оң айырманың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша материалдық емес активтердің әділ құны кеміген кезде оларды қайта бағалаудан болған теріс айырманың сомасы жазылады, сондай-ақ пайдаланылуына қарай немесе материалдық емес активтерді шығынға жазу сәтінде материалдық емес активтерді оң қайта бағалауды № 5520 «Есепті жылдағы бөлінбеген пайда (өтелмеген зиян)» баланстық шотына есептен шығару жазылады.

5440 «Сатуға арналған қаржы активтерін қайта бағалауға арналған резерв» (пассив).

Мақсаты: сатуға арналған қаржы активтерінің құнын қайта бағалау сомаларын, сондай-ақ шығынға жазылған немесе тиісті баланстық шоттармен байланыстыра отырып қаржы активтерінің басқа санатына аударылған олар бойынша жинақталған қайта бағалау сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сатуға арналған қаржы активтерінің құнын оң қайта бағалау сомасы, сондай-ақ шығынға жазылған немесе тиісті баланстық шоттармен байланыстыра отырып қаржы активтерінің басқа санатына аударылған олар бойынша жинақталған қайта бағалау сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша сатуға арналған қаржы активтерінің құнын теріс қайта бағалау сомасы, сондай-ақ шығынға жазылған немесе тиісті баланстық шоттармен байланыстыра отырып қаржы активтерінің басқа санатына аударылған олар бойынша жинақталған қайта бағалау сомалары жазылады.

5450 «Басқа да активтерді қайта бағалауға арналған резерв» (пассив).

Мақсаты: халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес ұйымның капиталда тікелей көрсетілуге тиіс басқа да активтерінің құнын қайта бағалау сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның басқа да активтерінің құнын оң қайта бағалау сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша басқа да активтердің құнын теріс қайта бағалау сомасы, сондай-ақ басқа да активтердің шығынға жазылуына байланысты олардың құнын оң қайта бағалау сомасы жазылады.

5460 «Басқа да резервтер» (пассив).

Мақсаты: ұйымның құрылтай құжаттарына сәйкес ұйым қалыптастырған басқа да резервтердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша таза кірістен аударымдардың есебінен ұйымның басқа да резервтеріне түсімдердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйым басқа да резервтерді мақсаты бойынша пайдаланған кезде олардың сомаларын есептен шығару жазылады.

5490 40 «Көзделмеген тәуекелдер резерві».

Мақсаты: сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының көзделмеген тәуекелдердің есептелген резервтерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша көзделмеген тәуекелдердің қалыптастырылған резервтерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша көзделмеген тәуекелдердің қалыптастырылған резервтерінің сомалары олар азайтылған кезде есептен шығару жазылады.

5490 41 «Тұрақтандыру резерві».

Мақсаты: сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының есептелген тұрақтандыру резервтерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша қалыптастырылған тұрақтандыру резервтерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша қалыптастырылған тұрақтандыру резервтерінің сомаларын олар азайтылған кезде есептен шығару жазылады.

5520 «Өткен жылдардағы бөлінбеген пайда (өтелмеген зиян)» (пассив).

Мақсаты: ұйымның өткен жылдардағы бөлінбеген таза пайдасының (өтелмеген зиянның) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның өткен жылдардағы бөлінбеген таза пайдасының (өтелмеген зиянның) сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұйымның өткен жылдардағы мақсаты бойынша бөлінбеген таза пайдасының (өтелмеген зиянның) сомаларын есептен шығару жазылады.

5610 «Есепті жылдағы бөлінбеген пайда (өтелмеген зиян)».

Мақсаты: ұйымның есепті кезеңде алған бөлінбеген пайда (өтелмеген зиян) сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша кірістердің тиісті баланстық шоттарын жабу кезінде ұйымның есепті кезеңдегі кірістерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша шығыстардың тиісті баланстық шоттарын жабу кезінде ұйымның есепті кезеңдегі шығыстарының сомасы және оларды мақсатын бойынша бөлу, сондай-ақ № 5520 «Өткен жылдардағы бөлінбеген пайда (өтелмеген зиян)» баланстық шотымен байланыстыру кезінде есепті кезеңдегі бөлінбеген пайданың (өтелмеген зиянның) сомаларын есептен шығару жазылады.

6010 «Өнім өткізуден және қызмет көрсетуден кіріс».

Мақсаты: дайын өнімді өткізуден және қызмет көрсетуден түскен кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша дайын өнімді өткізуден және қызмет көрсетуден түскен кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6020 «Сатылған өнімді қайтару».

Мақсаты: сатылған өнімнің қайтару құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша қайтарылған өнімнің құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қайтарылған өнімнің құнын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6030 «Бағадан және сатудан болатын жеңілдіктер».

Мақсаты: ұйым шарт талаптарына сәйкес ұсынған сатудан және өткізілген өнімнен ақаудың анықталуына байланысты бағадан жеңілдіктердің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ұйым шарт талаптарына сәйкес ұсынған сатудан және өткізілген өнімнен ақаудың анықталуына байланысты бағадан жеңілдіктердің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұсынылған сатудан және бағадан жеңілдіктердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6110 01 «Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер».

Мақсаты: сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6110 02 «Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы амортизациясына байланысты кірістер».

Мақсаты: айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы амортизациясына байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы амортизациясына байланысты кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6110 03 «Сатып алынған бағалы қағаздар бойынша дисконт амортизациясына байланысты кірістер».

Мақсаты: сатып алынған бағалы қағаздар бойынша дисконт амортизациясына байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған бағалы қағаздар бойынша дисконт амортизациясына байланысты кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6110 04 «Бағалы қағаздармен «кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер».

Мақсаты: бағалы қағаздармен «кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша бағалы қағаздармен «кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6110 05 «Орналастырылған салымдар бойынша дисконт амортизациясы бойынша кірістер».

Мақсаты: орналастырылған салымдар бойынша дисконт амортизациясына байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша орналастырылған салымдар бойынша дисконт амортизациясына байланысты кірістердің сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6110 07 «Берілген қарыздар бойынша дисконт амортизациясы бойынша кірістер».

Мақсаты: берілген қарыздар бойынша сыйлықақы амортизациясы бойынша кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша берілген қарыздар бойынша сыйлықақы амортизациясы бойынша кірістердің сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6110 08 «Алынған қарыздар бойынша сыйлықақы амортизациясы бойынша кірістер».

Мақсаты: алынған қарыздар бойынша сыйлықақы амортизациясы бойынша кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша алынған қарыздар бойынша сыйлықақы амортизациясы бойынша кірістердің сомалары жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6110 28 «Ағымдағы шоттар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер».

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған ағымдағы шоттар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша екінші деңгейдегі банкте және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда ашылған ағымдағы шоттар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6110 29 «Талап ету салымдары бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер».

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған талап ету салымдары бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша екінші деңгейдегі банкте және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған талап ету салымдары бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6110 30 «Мерзімді салымдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер».

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған мерзімді салымдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша екінші деңгейдегі банкте және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған мерзімді салымдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6110 31 «Шартты салымдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер».

Мақсаты: екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орналастырылған шартты салымдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша екінші деңгейдегі банкте және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда орналастырылған шартты салымдар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6110 32 «Қарыздар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістер».

Мақсаты: клиенттерге берілген қарыздар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиентке берілген қарыздар бойынша сыйақы алуға байланысты кірістердің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6110 34 «Сыйақы алуға байланысты басқа да кірістер».

Мақсаты: ұйымның сыйақы алуға байланысты басқа да кірістерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша ұйымның сыйақы алуға байланысты басқа да кірістерінің сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша кірістердің сомаларын № 5610 баланстық шотқа есептен шығару жазылады.

6110 41 «Қайта сақтандыру шарттары бойынша комиссиялық кірістер».

